

**А. С. АҚТАНОВА, А. Қ. ЖУНДИБАЕВА**

# Қазақ әдебиеті

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына  
арналған оқулық

# 5

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӨЖЖ 373.167.1  
КБЖ 84 Қаз-44 я 72  
Ә 37

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

### Шартты белгілер:



– Нұрасыл



– Ләйлә



– сұрақтар



– есте сақтап, жатқа меңгеру



– тыңдау арқылы тапсырмаларды орындау



– сурет пен мәтінді сәйкестендіру



– жұппен орындайтын тапсырмалар



– топпен орындайтын тапсырмалар

Ақтанова А. С., Жундибаева А. Қ.

Ә 37 Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 160 бет.

ISBN 978-601-306-718-6

ӨЖЖ 373.167.1  
КБЖ 84 Қаз-44 я 72

ISBN 978-601-306-718-6

© Ақтанова А., Жундибаева А., 2017  
© «Атамұра», 2017

Бөлімі	Шығарманың атауы	Авторы	Жанры	Теория
<b>Сөз басы</b>				
Таза, мінсіз асыл сөз	«Керқұла атты Кендебай»	халық	ертегі	шығарманың сюжеті, өрбу кезеңдері, пролог, эпилог
	«Қобыланды батыр»	халық	жыр (батырлар жыры)	әдебиет тектері, троп түрлері
	«Асанқайғының жерге айтқан сыны»	Асанқайғы	аңыз	аңыз, әпсана, миф
Тәрбиенің қайнар бұлағы	«О, Ақтан жас, Ақтан жас...»	Дулат Бабатайұлы	толғау	толғау, риторикалық сұрау
	«Қыпшақ Сейітқұл»	Ыбырай Алтынсарин	өңгіме	өңгіме жанры
	«Атымтай жомарт»	Ыбырай Алтынсарин	өңгіме	
	«Дүние қалай етсең табылады?»	Ыбырай Алтынсарин	өңгіме	
Адамгершілік – асыл қасиет	«Адамдық диқаншысы»	Ахмет Байтұрсынұлы	мысал	мысал
	«Егіннің бастары»	Ахмет Байтұрсынұлы	мысал	аллегория
	«Менің атым Қожа»	Бердібек Соқпақбаев	хикаят	хикаят
	«Бауыр»	Марат Қабанбай	өңгіме	автор бейнесі
Отбасы құндылықтары	«Анасын сағынған бала»	Тынымбай Нұрмағамбетов	өңгіме	диалог
	«Нағыз әже қайда?»	Нүрдәулет Ақыш	өңгіме	образ, оның түрлері
	«Мексика ұлы»	Джек Лондон	өңгіме	мінездеу
<b>Сөз соңы</b>				





## СӨЗ БАСЫ



: – Сәлем, Ләйлә!



: – Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын!



: – «Қазақ әдебиеті» – халқымыздың рухани байлығы. Әдебиет дегеніміз – сөз өнері. Көркемсөз дегеніміз – әдемі, орынды сөйлеу. «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді», – деген бұрынғылардан қалған сөз бар.



: – Біз биыл «Қазақ әдебиеті» оқулығын қолымызға алғаш рет алып отырмыз. Барлық достарымызға білім жолында сәт сапар тілейміз!



: – Қайырлы күн, Нұрасыл!



: – Рақмет, Нұрасыл! Сені де құттықтаймын. Қолыңдағы қандай оқулық, Нұрасыл?



: – Дұрыс айтасың, Нұрасыл! «Ақылды сөз алтын табаққа жеткізер», – деген ғұлама ойшыл Махмұт Қашқари. Сөздің мәнін түсініп, дұрыс қолдануды үйренсек, кез келген ортада айтар ойымызды түйінді жеткізуге машықтана білеріміз анық.



: – Әдебиет әлеміне қош келдіңдер, достар!







## ТАЗА, МІНСІЗ АСЫЛ СӨЗ



: – Нұрасыл, «Таза, мінсіз асыл сөз» деген не?



: – Сөздің мәні болады. Әр сөзді ауыстырмай, өз орнында пайдалана білу керек. Таза сөйлеу – адамның білімі мен сөз байлығының көрсеткіші. Тазалық әр іске қажет. Ал сөз тазалығы әрбір оқитын шығармаға мән беруден басталады.



: – Сөз мәдениеті, жазу, сөйлеу әдебі, ерекшеліктері дегенде назарға алынатын түс – тілдің тазалығы. Жазу мен сөйлеуде әдеби тіл нормасына жатпайтын, тіл көркемдігін бұзатын артық-ауыс сөздерді қолданбау қажеттілігін барлығымыз білеміз.



: – Әдеби тіл – өңделген, сұрыпталған, сол тілде сөйлеушілердің барлығына түсінікті тіл. Ендеше, белгілі бір тілде қатесіз жазу, таза сөйлеу және ойға қажетті сөзді таңдауда оның қолданыс сипатына қараймыз. Тілдің қызметі – халықтың қоғамдық-өндірістік, қоғамдық-саяси, сондай-ақ рухани байлығын көрсете алуында.



: – Тіл тазалығы айтар сөзге, ойымызды дәл жеткізуге пайдасы шамалы, қажеті жоқ, орны белгісіз сөздермен әуестенбеуді талап етеді. Басқа тілден енген сөздерді мүлде сөздік қордан шығарып тастай да алмаймыз. Оны қолданудың ретін тапқан жөн. Көркем әдебиетте белгілі бір ортаның ерекшелігін көрсету үшін қаламгер басқа тілден енген сөздерді, диалектілерді пайдаланады. Бірақ бұның өзі – шығарма тілінің шырайын ашса ғана мақсаттың өтелгені.



: – **Диалект** – жергілікті халық тілінде, белгілі аймақ көлемінде ғана қолданылатын сөздер. Мысалы, Шымкент өңірінде шәйнекті – шәугім, жұмыртқаны тұқым десе, Оралда таразыны – шеккі, бөкіні шаппа дейді.



: – Дұрыс айтасың, Нұрасыл! Араб сөзінен аударылғанда, «әдебиет – асыл сөз» деген мағынаны білдіреді.





: – Бұл туралы біздің әдебиеттанушымыз, ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткен. Көркем шығарманы жазған адамды автор деп атаймыз. Егер ол ауыздан-ауызға таралып, біздің заманымызға жетсе, бұл ауыз әдебиетіне жатады. Ауыз әдебиеті шығармаларының авторы – халық. Әдебиет екіге бөлінеді: ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті. Шығарманың жазылу ерекшелігі – шығарманың жанры.



**Шығарманың кейіпкері** – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ. Әдеби образ – шығармадағы көркем бейне.

**Шығарманың қаһарманы** – көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін, негізгі тұлға *басты кейіпкер* болады.

**Әдеби жанрлар** (французша *genre* – түр, тек, жанр) – ауызша және жазбаша жазылған көркем шығармалардың түрі. Шығарма жанры мазмұнына, құрылысына, композициясына және түріне қарай анықталады.

**Шығарманың тақырыбы** – көркем шығармаға негіз, арқау болған өмір құбылыстарының түйіні.

**Шығарманың идеясы** (грекше *idea* – түсінік, елес, бейне) – шығарманы жазған автордың айтайын деген негізгі ойы.

**Шығарманың мазмұны** – шығарманың шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы.

**Шығарманың пішіні** – әдеби қаһармандардың өзара қарым-қатынасына, өміріне, тағдыр тартысына негізделген сюжеті, көркем шығарманың тілі.

**Шығарманың түрі** – шығарманың жанрына қарай анықталуы.

**Шығармадағы тартыс** (латынша: қақтығыс, айқас, кейде алауыздық, талас) – өмірдегі қайшылықтардың шығармада берілуі.

**Шығарманың сюжеті** (французша: зат) – шығармада баяндалатын оқиғалар тізбегі.

**Шығарманың фабуласы** – шығармадағы тұтас оқиғалар мазмұнын қысқаша баяндау.

**Шығарманың композициясы** – шығарманың құрылысы. Шығарма сюжетіндегі композицияның *өрбу кезеңдері* – шығармада баяндалатын оқиғалар тізбегінің рет-ретімен орналасу ерекшелігі.



: – Достар! Шығармадағы сюжеттің композициялық құрылымының кезеңдеріне назар аударайық!





<b>КӨРКЕМ ШЫҒАРМА</b>	<b>Пролог</b> (грекше: алғы сөз)	Көркем шығармаға берілетін кіріспе. Прологта негізгі сюжетке дейінгі бірнеше оқиға баяндалады. Кейде бас кейіпкердің өткен өмірінен бірер көрініс беріледі.	
	<b>Шығармадағы сюжеттің композициялық құрылымы (өрбу кезеңдері)</b>		
	<b>Сюжеттің композициясы</b>	Сюжеттің (оқиғаның) экспозициясы/ басталуы	(латынша: экспозиция – дәйектеме) шығарманың басы, кіріспесі іспетті. Мұнда шығармадағы әдеби қаһармандардың өзара қарым-қатынасқа түскенге дейінгі хал-жағдайы, тіршілік, қоғамдық орта ерекшелігі көрсетіледі.
		Сюжеттің (оқиғаның) байланысуы	адамдар арасындағы әрекеттердің басы; тартыстың басталуы, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның туындау себебі.
		Сюжеттің (оқиғаның) дамуы	адамдардың өзара қарым-қатынасынан, қимыл-әрекетінен туған түрліше жағдайлардың шиеленісуі.
		Сюжеттің (оқиғаның) шиеленісуі	оқиғалардың дамуы өз шегіне жетіп, шешімін таппаған жаңа оқиғалар легінің пайда болуы.
		Сюжеттің (оқиғаның) шарықтау шегі	(латынша: шың) сюжеттік дамудың ең жоғарғы сатысы. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың мейлінше күшейіп, өрбіген жері.
	Сюжеттің (оқиғаның) шешімі	шығарма сюжетінің шешуші кезеңі. Суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған үкімі, адамдар арасындағы қарама-қайшы тайталастардың, күрделі күрестің бітуі.	
<b>Эпилог</b> (грекше: соңғы сөз)	көркем шығарманы қорытындылау. Тартыс аяқталып, өзекті оқиғалар біткеннен соң, сюжеттік шешім беріліп, басты қаһармандардың одан арғы хал-күйінен қысқаша мәлімет айтылады.		





: – Ауыз әдебиетінің жанрлары өте көп. Бүгінгі өтетін тақырыбымыз ертегі жанрына жатады.



: – Ертегі – қиялдан туған туынды немесе шығарма. Ауыз әдебиетінің ықылым заманнан келе жатқан көне мұрасы. Оның ертегі деп аталуының себебі де осында. Ертегі қарасөз түрінде айтылады, кейде өлең түрінде кездеседі. Ертегі «Ерте-ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде», «Баяғыда бір бай болыпты» немесе «Бұрынғы заманда», «Баяғы заманда» деп басталады. Соңы «Сөйтіп мұратына жетіпті» деп үнемі жақсылықпен аяқталып отырады.



: – Ертегіні балалар есі кіргеннен бастап есейгенге дейін оқып, үнемі қызықтаумен болады. Ертегі баланы еркін ойлауға, армандап қиялдауға, шындықты танып-білуге жетелейді.



: – Қазақ ертегілерін академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов тақырыбы мен мазмұнына қарай үш топқа бөліп көрсеткен: 1. Қиял-ғажайып ертегілер. 2. Хайуанаттар туралы ертегілер. 3. Шыншыл ертегілер.



: – Ертегі екенін қайдан білеміз?



: – Мен бұл сөздерге мән бермеген екенмін. Рақмет, Нұрасыл! Өрбір халықтың үміт-тілегі, аңсаған арманымен бірге жасасып келе жатқан ғажайып ертегілері баршылық. Ертегі – адам қиялының қазынасы, халық шығармашылығының бір көрінісі. Еліміздің белгілі суретшілері көптеген ертегілерге иллюстрация жасады. Олар Ө. Қайдаров, С. Романов, К. Баранов, Б. Табылдиев, т.б.



: – Ертегіде халықтың әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, тарихы, мұңы мен арманы айтылады.



: – Менің ертегі туралы білетінім өте аз екен. Рақмет, Нұрасыл! Олай болса, «Керқұла атты Кендебайды» бірге оқиық!






## КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ

### Қазанғап кедей

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанғап деген бір кедей болыпты. Қазанғап құс атып, балық аулап күн көреді екен. Әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен. Осылай өз күндерін өздері көріп, жүре беріпті. Күндерде бір күн Қазанғаптың әйелі босаныпты. Торсық шеке, аппақ ұл тауыпты. Ата-анасы қуанып, төбелері көкке жетіпті. Баласына Кендебай деп ат қойыпты.



### Кендебайдың өмірге келуі

Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті. Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті. Алты жылда алып жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұрыпты, күрескенін жыға беріпті. Шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз өзі тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті. Бара-бара құлан атыпты. Құралайды көзінен тигізген мерген болыпты. Арқар мен киікті, құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы жыртық үйлі кедейлер қарық





болыпты да қалыпты. Күндерде бір күн Кендебай аң аулап жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай көкжал бөрі бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен. Кендебай жүгіріп барып, көкжалды құйрығынан ұстай алып, бұлғап-бұлғап лақтырып кеп жіберіпті. Қасқыр арс етіп, аузын қисандатып, өліпті де қалыпты. Кендебай қасқырдың терісін сойып алып, биенің қасына келсе, бие жанталасып өлгелі жатыр екен. Кендебай алмас қанжарымен биенің қарнын жарып жіберіп, құлынын суырып алыпты. Арыстай еркек құлын екен. Кендебай құлынды үйіне алып қайтыпты, оны құланның сүтімен асырапты.

Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты. Аттың түсі керқұла болыпты. Кендебай Керқұланы үйретіп мініп, түн қатып жүріп аң аулапты. Керқұла қуса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген өрен жүйрік болыпты.

### Кендебай және қойшы бала

Кендебай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол мейлінше қайырымды болыпты: жылағанды жұбатыпты, қысылғанға жәрдем беріпті. Өзімдікі дегенді білмепті, жатсынуды сүйемпті. Табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керқұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты.

Күндерде бір күн Кендебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті. Кетіп бара жатып, қозы бағып жүрген бір балаға кездесіпті. Бала еңіреп жылап жүр екен. Кендебай жетіп келіп:

– Көзің жасты, көкірегің қайғылы неткен жансың? – деп сұрапты.

Баланың басы таз, киімі өрім-өрім екен.

– Ардақтаған анаңды алса, төгілмей ме ырысың. Асқар таудай әкеңді алса, көрген күнің құрысын! – деп бақырып қоя беріпті бала.

– Не болды? Жөндеп айтшы? – деп сұрапты Кендебай.

Бала көзінің жасын көл қылып, ауыр бір күрсініп алып, былай деп жауап беріпті:

– Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл елімізге жау тиіп, жылқы





біткеннен тұяқ қалдырмай айдап әкетті. Әкем алып ұйқылы ба-  
тыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде, алты күн қатарынан ұйық-  
тайтын. Осы ұйқыда жатқан әкемді жау әскері байлап әкетті.  
Әкемді арашаламақшы болып жетіп барған шешемді қайырым-  
сыз жау алдына өңгеріп жөнөп берді. Мен жетім қалдым. Ішерге  
асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың  
қозысын бағып жүрмін. Арыдым, тоздым, ернім жалақ, басым таз  
болды. Содан бері көзімде жас, көңілімде қайғы. Мен әке-шешеме  
жылаймын, бай жылқысына жылайды.

– Олай болса, жылама. Мен әке-шешемді іздеп, тауып берейін, –  
деп Кендебай жүріп кетеді.

Бала қуанып қала береді.

### Керқұла ат пен Кендебай

Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді  
алты-ақ аттайды. Бір жерге келгенде Керқұла атқа тіл бітіп:

– Досым Кендебай, іздеген жоғың алыста емес, осы арадан  
табылады. Мынау таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің.







Өзеннің ортасында бір арал бар. Сол аралда хан тұрады. Қойшы баланың әке-шешесі сол ханның қолында. Олар терең зынданда жатыр. Зынданның аузы құлыптаулы. Таудың арғы беткейінде сиыр бағып жүрген зор денелі бір адам бар. Ол – жорықта қолға түскен адам қазір ханның құлы. Сол адамға бар да, жолына жетерлік пұл<sup>1</sup> бер. Оның киімін өзің ки де, оған өз киіміңді кигіз. Сөйтіп әлгі адамды азат ет те, өзің сиырды бағып қал. Қазір құйрығымнан бір тал қыл ал да, мені қоя бер. Сауыт-сайман, құрал-жабдықтарыңды менің үстіме сал. Өзірге саған менің де, құралдың да керегі жоқ. Егер керек бола қалсам, құйрығымнан алған қылды тұтат. Сонда мен дайын боламын. Ендігі әңгімені барған соң көрерсің, – дейді.

Кендебай Керқұла аттың құйрығынан бір тал қыл жұлып алады да, қоя береді. Оның айтқанының барлығын істейді. Малшыны азат етеді. Жолына пұл береді. Оның киімін киіп, сиырды өзі бағып қалады.

<sup>1</sup> Пұл – ақша.



### Малшы Кендебай

Кешке жақын оларды өзеннен айдап өткізейін десе, сиырлар суға түспейді. Кендебай ашуланып кетіп, сиырларды сирағынан ұстап алып, бір-бірлеп лақтыра бастайды. Лақтырған сиырлар өзеннің ортасындағы аралға томпылдап түсіп жатады. Сол кезде ханның кіші қызы судың арғы жиегінде көріп тұр екен.

– Ой, оңбаған-ау, қырасың ғой малды. Күндегідей: «Айырылғырдың суы айырыл» деп неге айтпайсың? – дейді.

Кендебай: «Айырылғырдың суы айырыл!» – деген екен, өзеннің суы екіге айырылып, ортадан жол ашылады...

Сөйтіп Кендебай мал бағып жүре береді.

### Хан мен балалары

Күндерде бір күн хан өзінің екі баласын шақырып алып:

– Бүгін қара бие құлындайды. Бұл – тоғызыншы құлындауы. Құлындаған күні түнде құлын жоқ боп кетеді. Бүгін осы биені өздерің күзетіңдер. Не болғанын көздеріңмен көріңдер, – дейді.

Мұны Кендебай естіп тұрады.

Кешке ханның екі баласы күзетке барғанда, Кендебай да жасырынып барып отырады. Біраздан кейін ханның екі баласы қорылдап ұйықтап қалады. Кендебай ұйықтамай отыра береді.

Таң біліне берген кезде, бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады. Бір кезде аспаннан бір бұлт түйіліп келеді де, құлынды ала жөнеледі. Кендебай шап беріп құйрықтан ала түседі. Кендебайдың қолында алтын құйрық жұлынып қала береді. Кендебай алтын құйрықты қойнына тығып, ұйықтап қалады.

### Кендебайдың ерлігі

Ертеңіне таң сәріден хан екі баласын шақырып алып, не көргендерін сұрайды. Балалары:

– Бие құлындаған да жоқ, еш нәрсе болған да жоқ, – деп жауап береді.

Хан тағы таңғалып отырғанда, Кендебай есіктен кіріп келіп:

– Дат, тақсыр, – дейді.

– Датың болса, айт! – дейді хан ақырып.





– Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны – өтірік. Бұларға көрінбей, биені мен де күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз ұйықтап қалды. Таң алдында бие алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. Аспаннан бір бұлт түйіліп келді де, оны көтеріп ала жөнелді. Мен құйрықтан шап беріп ұстай алдым. Бұлтпен араласқан үлкен дәу құлынды алып кетті де, құйрық менің қолымда қала берді, – дегенде, сөздің аяғын күтпей:

– Құйрық қайда? – дейді хан.

– Тақсыр, сабыр етіңіз. Мен алтын құйрықты пайда қылғым келсе, сізге айтпаймын ғой, міне, құйрық, – деп Кендебай құйрықты қойнынан суырып алғанда, үйдің іші жап-жарық болып кетеді. Ханның балалары ұялып, жерге қарайды.

– Қазір үшеуің іздеп шығып, құлынды тауып келіңдер. Таба алмасаңдар, менің маңымды көрмеңдер! – дейді хан.

Кендебай өзеннен өтіп, Керқұланың қылын тұтатқан кезде ат жетіп келеді. Керқұла атты мініп алып, қару-жарақты асынып алып, сауыт-саймандарды киіп алып, Кендебай жөнөп береді. Кендебай жолда әлденеше қиыншылыққа кездеседі...

Әуелі бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып, оған қарай жақындап келеді. Бұл – жеті басты дәу екен...

Кендебай қолына жүз батпан шоқпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша ағып бара жатып салып кетеді. Дәудің бір басы ұшып түседі. Кейін қарай шауып тағы да соғып өткенде, екінші басы ұшып кетеді. Осылай ерсілі-қарсылы жеті өтіп, жеті соққанда, жеті басы бірдей ұшып кетіп, дәу төңкеріле құлайды. Кендебай дәудің көзін ойып, қоржынға салып алады.

Бір кезде алыстан арыстанның ақырған дауысы естіледі. Ілгері екі-үш аттағанда, бір леп Кендебайды тартып ала жөнеледі. Бір уақытта Кендебай арыстанның апандай аузын көреді. Кендебайды тартып жатқан соның лебі екен. Кендебай алты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай қояды. Алмас қылыш арыстанды екі бөліп, Кендебайды ар жағынан бір-ақ түсіреді. Кендебай арыстанның азуын қағып алып, қоржынға салады.

Ақыры Кендебай алтын құйрықты құлынды тауып алып, аман-есен ханның үйіне қайтып келеді...

Хан қуанып, үлкен той жасайды. Той үстінде түк таба алмай сандалып, мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып,





азып-тозып ханның екі баласы келеді. Хан Кендебайды төрге отырғызып, оның аты-жөнін сұрайды.

– Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым – Кендебай, ел мені Керқұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Рұқсат болса, айтайын, – дейді Кендебай.

– Айт, айт, балам! – дейді хан.

– Бұдан бірнеше жыл бұрын сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып кетіпті. Малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып кетіпті. Сол батырды босатып әкетпек болып келдім.

Хан:

– Сенің алдыңа қоятын бір шартым бар. Ол мынау: дүниеде жеті басты дәу бар, ақырған арыстан бар. Осыларды өлтіріп, бастарын алып кел. Осыны орындасаң, батырыңды босатып беремін, – дейді.

Кендебай Керқұла аттың қанжығасындағы қоржынын алып келіп, арыстанның азуын, жеті басты дәудің көздерін ханның алдына қояды. Хан разы болып, зынданда жатқан Мергенбай батырды, оның әйелін, қолға түскен басқа адамдарды азат етеді.

Ата-анасына қосылып, қойшы бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен той істейді.

Кендебай тұрғанда елге батып ешбір жау тие алмайды. Сөйтіп бұл ел «Керқұла атты Кендебай батырдың елі» деп атанып кетеді.



**: 1-тапсырма.** Шығарма сюжеті композициясының өрбу кезеңдерін (құрылымын) ойыншық шарлардағы әріптердің ретімен белгілеп, дәптерлеріңе жазып көрсетіңдер.

Қазанғап кедей	А
Кендебайдың ерлігі	
Батырдың елі	
Хан мен балалары	
Малшы Кендебай	



Керқұла ат пен Кендебай	
Кендебай және қойшы бала	
Кендебайдың өмірге келуі	Ә



: 2-тапсырма. Шығарманың сюжеттік композициясының өрбу кезеңдерінен тыс теориялық сипаттамаларды анықтаңдар. Өз түсінгендерің бойынша ережесін беріңдер.

Эпилог дегеніміз – ...

Пролог дегеніміз – ...



: 3-тапсырма. Төменде берілген ұғымдардың анықтамасын тауып, сөйкестендіріп дәптерлеріңе жазыңдар.

Ауыз әдебиеті шығармаларының авторы	шығарманың жанры
Шығарманың жазылу ерекшелігі	халық
Көркем шығармаға негіз, арқау болған өмір құбылыстарының түйіні	шығарманың идеясы
Автордың айтайын деген негізгі ойы	шығарманың мазмұны
Шығарманың шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы	шығарманың тақырыбы
Өмірдегі қайшылықтардың шығармада берілуі, әр алуан көзқарастардың жинақталуы, суреттелуі	шығарманың пішіні



Әдеби қаһармандардың өзара қарым-қатынасына, өміріне, тағдыр тартысына негізделген сюжеті, көркем шығарманың тілі

шығармадағы тартыс



**4-тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

- А) Ауыз әдебиеті дегеніміз не?
- Ә) Жазба әдебиетінің ауыз әдебиетінен қандай айырмашылығы бар?
- Б) Шығарманың қаһарманы деген ұғымға анықтама беріңдер.
- В) Әдеби жанр дегеніміз не?
- Г) «Керқұла атты Кендебай» ертегісінің фабуласын табыңдар.



**5-тапсырма.** «Керқұла атты Кендебай» ертегісінің сюжетін топта талдап, оқиғаның шиеленісуі мен аяқталуы туралы пікірлеріңді білдіріңдер.



**: 6-тапсырма.** Ертегінің композициясы бойынша сценарий құрастырыңдар.




**: 7-тапсырма.** Шығарма сюжеті композициясының өрбу кезеңдеріне сәйкес кейіпкерлер диалогін ауызша құрастырыңдар.



**: 8-тапсырма.** А) Керқұла атты Кендебайдың ерлігін сипаттайтын жерлерді ертегіден тауып, өздерің білетін басқа ертегілермен салыстырып айтыңдар.

Ә) Дұрыс жауаптарды сәйкестендіріңдер.





: 9-тапсырма. «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Мергенбай батырға арнап эссе жазыңдар.



: Мәтінді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 12 минут.

1) Көкжал мен Кендебай арасындағы тартысты суреттеп жазыңдар.

2) Ертегідегі құлынның өсуін сипаттайтын сөздерді теріп жазыңдар.

3) Бала мен Кендебай арасындағы диалогті қағазға түсіріңдер.

4) Оқиғада кім туралы айтылғанын табыңдар.

*«Биыл төртінші жыл елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тұяқ қалдырмай айдап әкетті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде, алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқан әкемді жау әскері байлап әкетті».*  
Бұл кім?

5) Мәтінді тыңдағанда естіген ертегі кейіпкерлерін, оқиғаларды ретімен дәптерлеріңе жазыңдар.



: 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 15 минут.

1) Осы оқиғаның соңын жазыңдар. Не жайында айтылады?

*«Кендебайды тартып жатқан соның лебі екен. Кендебай алты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай қояды».*

2) Хан мен Кендебайдың татуласып, Мергенбай батырды құтқаруына себеп болған оқиғаны дәптерлеріңе қысқаша жазып шығыңдар.

3) • *«Кендебай қолына жүз батпан шоқпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі».*

Кендебай осы шапқан бетте қандай кедергілерді жеңіп шығады?

• *мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып* деген тіркес кімге қатысты?

Ырғай дегеніміз не?

Ши дегеніміз не?





4) Естігендерің бойынша төменде берілген оқиғалар тізбегін ретімен орналастырып, оқиғалардың қай кейіпкермен байланысты екендігін анықтаңдар.

1. Кендебай өзеннен өтіп, Керқұланың қылын тұтатқан кезде ат жетіп келеді.

2. Кендебай қолына жүз батпан шоқпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі.

3. Бір уақытта Кендебай арыстанның апандай аузын көреді.

4. Кендебайды тартып жатқан соның лебі екен.



: 10-тапсырма. Балалар! Әдебиет әлемінде танысқан көркем шығармаларда не баяндалады?



: 11-тапсырма. Әдеби шығарманы оқу не үшін керек деп ойлайсыңдар?



: 12-тапсырма. «Менің сөз әлемім» деген тақырыпта өздеріңнің ойларыңдағы қиял әлемін қосып, шағын эссе жазыңдар.



13-тапсырма. Оқиғаны ауызша баяндау мен жазбаша баяндауда қандай айырмашылық бар деп ойлайсыңдар? Көркем шығарманы жазу үшін немесе оқып, ой елегінен өткізу үшін не қажет?



14-тапсырма. Топта берілген сұрақтар бойынша ойларыңмен бөлісіңдер. Топтық жұмыстың нәтижесін сызба жасап, қорғаңдар.

А) Әдеби шығарманы кім жазады?

Ә) Көркем шығарманы жазған адам өз басынан өткен оқиғаларды суреттеп жазуы мүмкін бе?

Б) Әлде қиялынан, арманынан туғыза ма?



: 15-тапсырма. Бабаларымыз өмір сүрген заманда қандай шығармалар болды деп ойлайсыңдар? Тарихи тақырыптағы шығармаларды білесіңдер ме? Атап беріңдер. Шығарманың сөнін келтіретін не? Көркем шығарма болуы үшін жазушыға (ақынға, жыршыға, т.б. сөз өнері иесіне) қандай қасиеттер керек? Дәптерлеріңе жазыңдар.



: 16-тапсырма. «Асыл сөз өнерінің керуені халқы бар кезде ешқашан тоқтамайды. Ата-әжеміз, әке-анамыз оқыған шығармаларды біз де оқимыз. Бізден кейін іні-қарындастарымыз, сіңлі-бауырларымыз оқиды. Бұл – көркем әдебиеттің көші. Жылдар өткенмен





шығармалар құнын жоғалтпайды. Әр буынның ұрпақтары оқыса да, ол өзінің терең сырын сақтай біледі». Берілген ойды жалғастырыңдар. Себебі ...

### «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫ



: – Халық ауыз әдебиетінің ертегілерден кейінгі ерекше жанры – **батырлар жыры**. Батырлар туралы қазақ халық ауыз әдебиетінде көптеген жырлар бар. Батырлар жыры – ерлікке, батылдыққа, қаһармандыққа құрмет негізінде туған шығармалар.



: – Иә, біз енді батырлар жыры немесе қаһармандық эпос деп аталатын халық шығармаларының бір тобымен танысамыз. Батырлар жыры халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Бас кейіпкердің жүріс-тұрысына, ерлік сапарға шығуына және өз елін жаудан азат етуіне байланысты оқиғалар бір қаһарманның маңына топталып, соның бейнесін ашуға қызмет етеді. Эпос желісі белгілі бір тарихи дәуірге табан тіреп, соны көрсетіп отырғанымен, оған көбіне түрлі заманның оқиғаларын басты қаһарманға теліп жырлап беру тән.

#### Батырлар жырын пайда болу кезеңдеріне қарай ірі үш топқа бөлуге болады:

*Ең көне заманғы эпос:*

«Ергенеқон»,  
«Аттила»  
эпостық  
жырлары

*Тарихи кезеңдердің эпосы:*

Түрік қағанаты,  
Оғыз хандығы,  
Ноғайлы дәуірі,  
Қазақ хандығы кезеңіндегі  
эпостар («Қорқыт Ата кітабы»,  
«Алпамыс», «Қамбар»,  
«Қобыланды»,  
«Ер Тарғын», т.б.)

*Жаңа дәуір эпосы:*

«Еспенбет»,  
«Өтеген»,  
«Нарқыз»





: – Эпос гректің «баяндау, әңгімелеу» деген мағынадағы сөзінен шыққан. Эпос сөзі әдебиетте екі мағынада қолданылады. Бірі – әдебиет жанры, екіншісі – халық ауыз әдебиетінің жырлары. Әдебиетте жанрды үш текке бөліп қарастырамыз.



: – Иә, Ләйлә, дұрыс айтасың. Әдебиеттің жанрлық түрлерін әдебиет тектері деп атаймыз.



### Әдебиет тектері

**ЭПОС** (баяндау деген мағынада) – көркем әдебиетте өмірді суреттеу тәсілі оқиғаны баяндап жеткізуге негізделетін шығармалар тобы. Эпостық шығармада әртүрлі кейіпкерлердің іс-әрекетін, хал-жағдайын, мінез-қасиеттерін, өзара қарым-қатынастарын көрсетуге мүмкіндік мол. Ерте дәуірлерде эпос деп батырлар жыры сияқты көлемді поэзиялық туындыларды атаған. Бүгінгі күні де ауыз әдебиетінің осындай үлгілері (батырлар жыры, тұрмыс-салт жыры, тарихи жырлар) *эпос* деп аталады.

**ЛИРИКА.** Лирикалық шығармада, негізінен алғанда, жеке адамның көңіл күйі, сезімі суреттеледі. Ақын көбінесе өз жайын, өзінің айналадағы өмірге, әртүрлі құбылыс, жағдайларға көзқарасын сипаттайды.

**ДРАМА** (грекше *drama* – қимыл-әрекет) – сахнаға арналған оқиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар.

ЭПОС – миф, ертегі, аңыз, әңгіме, повесть, поэма, роман

ЛИРИКА – салт жырлары, жан-жануарлар туралы жырлар, өлең, терме, толғау, тақпақ, арнаулар, т.б.

ДРАМА – трагедия, комедия





Сұрақтарға жауап беріңдер.

А) Ертегі мен аңыздың айырмашылығы неде?

Ә) Батырлар жыры қандай топтарға бөлінеді? Оларды не үшін мұндай топтарға жіктеген?

Б) Жанрдың қандай түрлері бар? Батырлар жыры мен ертегілер қандай жанрға жатады?



: – Әдеби тілдің көркемдігін айқындайтын көріктеу құралдары болады. Көркем шығарманың көркемдігі мен тілінің әсерлілігі осы көріктеу құралдарының қолданылуына байланысты.



Әдебиетте мұндай көріктеу құралдарын **троп** дейді. Троп (грекше *trapos* – айналым, тіл оралымы, иін, иірім, сөз қолданысы) немесе құбылту – сөздердің тура мағынасында емес, ауыспалы түрде қолданылу тәсілі.

### *Ғалым пікірі*

#### **Ахмет Байтұрсынұлы:**

*«Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп тұсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш топқа бөлінеді: 1. Көріктеу. 2. Меңзеу. 3. Әсерлеу».*



Тілде **троп түрлері** өте көп. *Метонимия, синекдоха* екі нәрсенің сабақтастығы мен арақатынасын ашу негізінде жасалады. Ауыстыру тәсілінде туындайтыны: *метафора, теңеу*. Сондай-ақ троп бір нәрсені үлкейту не кішірейту, не сықақтау немесе әсірелеу сарынымен де шендеседі (*гипербола, литота, кейіптеу, ирония*).







: – Троп көркем әдебиет стилінде, публицистика мен ауызекі сөйлеуде жиі қолданыс тапқанымен, ғылыми-техникалық мәтіндерде, ресми ісқағаздарында қолданылмайды.



: – Балалар, мына кестеге назар аударсақ, мұнда троп түрлеріне, ауыспалы мағыналы сөздерге байланысты анықтамалар берілген.

Теориялық ұғым	Анықтамасы	Мысал
Теңеу	Екі затты не құбылысты салыстыра отырып, әдеби көркем түрде айту.	Айдай сұлу дегенде <i>айдай</i> сөзі теңеу болады.
Эпитет	Заттың немесе құбылыстың елестету үшін бейнелі түрде айтылуы.	Алманың түсі <i>қызыл</i> десек, эпитет болмайды, ал балбырап піскен қызыл алма дегендегі <i>қызыл</i> сөзі эпитетке айналды.
Өсірелеу (гипербола, литота)	Бірінші түрі – гиперболола, затты, құбылысты ерекше ұлғайтып айту. Екіншісі – литота, затты немесе құбылысты ерекше кішірейтіп айту.	Жоғарғы ерні көк тіреп, төменгі ерні жер тіреп дегенде ұлғайтып тұр. Ал темір етік <i>теңгедей</i> , темір найза <i>тебендей</i> дегенде кішірейтіп көрсетеді.
Метафора	Бір зат пен екінші затты ұқсастығына байланысты ауыстырып айту.	Мен – тұлпармын дегенде, <i>тұлпар</i> сөзі метафора.



<p><b>Ауыспалы мағынадағы сөздер</b></p>	<p>Сөздің мағыналарын ауыстырып, басқа мағынада қолдану.</p>	<p>Таудың басына шықтым дегенде <i>бас</i> сөзі өз мағынасында емес, ауыспалы мағынада тұр.</p>
<p><b>Портрет</b></p>	<p>Кейіпкердің бет әлпетін, жүріс-тұрысын суреттеу.</p>	<p>Ақсұңқар құстай шүйіліп, Қабағы тастай түйіліп, Арыстан туған Қобыланды...</p>



**Типтік бейне** – көркем шығармада адам өмірі, басқа адамдармен қарым-қатынасы, наным-сенімдері, ойы мен сезімдері, мінез-құлықтары суреттеледі. Көркем әдебиеттегі жинақталған адам образы *типтік бейне* деп аталады. Мысалы, Қобыланды батыр бейнесі сол замандағы барлық батырларға тән ержүректік, еліне деген сүйіспеншілік, батырлық сияқты қасиеттер жинақталған бейне.

**Прототип** (грекше *prototypon* – түп, төркін бейне) – шығармадағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын, өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға.

«Қобыланды батыр» жыры – халық ауыз әдебиетіндегі көркемдігі ерекше жырлардың бірі. «Қобыланды батыр» – қазақ халқының қаһармандық эпосы. Негізгі мазмұны – шетел басқыншыларынан елді қорғау, осы жолда асқан ерлік көрсеткен ер-азаматтардың батырлық істерін көрсету. «Қобыланды батыр» жырын жинау тек XIX ғасырда ғана қолға алынды. Жырдың бізге 29 нұсқасы жеткен. Осы 29 нұсқаның 26-сында Қобыланды батырдың ерлігі жайында, ал 3 нұсқасы Қобыландының балалары Бөкенбай мен Киікбай батырлар туралы жазылған. «Қобыланды батыр» жырының заңды жалғасы болып есептелетін Қарлыға қыздың достығы, махаббаты, ерлігі жайлы тағы бір жыр бар. Бұл нұсқалардың көбісі кейінгі кезде жинақталған. Қобыланды – Әбілқайыр заманында өмір сүрген тарихи тұлға (XV ғ.). Ел аузындағы деректерге қарағанда, оның бейіті Қобда өзені бойында.







Сұрақтарға жауап беріңдер.

А) «Қобыланды батыр» жырынан басқа тағы қандай жырларды білесіңдер? Өздерің білетін батырларды Қобыландымен салыстырыңдар.

Ә) Қобыланды батыр жерленген Қобда өзенін картадан тауып, қай өңірде орналасқанын айтып беріңдер.

Б) Жырдағы Қобыланды бейнесінің прототипі бар ма?

## ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

### Қобыланды батырдың дүниеге келуі

Қарақыпшақ Қобыланды –  
Атасы мұның Тоқтарбай,  
Халықтан асқан болды бай.  
Байлығында есеп жоқ,  
Айдалып бағып жайылды  
Төрт түлік малдың бәрі сай.



Жаз жайлауы – Көздікөл,  
 Көздікөлді жайлаған  
 Қалың қыпшақ жағалай.  
 Тоқтарбайдың дәулеті –  
 Бай-кедейдің көңілі жай.  
 Қыс қыстауы – Қараспан,  
 Ат үйірінен адасқан.  
 Қалың қыпшақ тізіліп,  
 Қонса қоныс жарасқан.  
 Өліп таңба қыпшақтың  
 Атағы озған алаштан.  
 Сексенге жасы келгенше,  
 Бір бала көрмей Тоқтарбай,  
 Қайғыменен қан жұтып,  
 Ақылынан адасқан.  
 ...Әулиеге ат айтып,  
 Қорасанға<sup>1</sup> қой айтып,  
 Қабыл болған тілегі,  
 Жарылғандай жүрегі.  
 Аналықтай бәйбіше,  
 Қабырғасы майысқан.  
 Елуге жасы келгенде,  
 Көзім ашпай дүниеден,  
 Өтемін бе дегенде,  
 Сонда көрген арыстан:  
 Бір ұл, бір қыз атадан,  
 Қыздың аты – Қарлығаш,  
 Қобыландыға қарындас.

### Қобыланды мен Құртқа қыз

Естеміспен<sup>2</sup> екеуі,  
 Қонып жатса бір тауда,

<sup>1</sup> *Қорасан* (Қорасан ата) – ақылгөй, данышпан, өз заманында емші, дінбасы болған адам.

<sup>2</sup> *Естеміс* – Тоқтарбайдың тоқсан құлының басшысы. Қобыландыны батырлыққа баулыған адам.



Намазшамнан<sup>1</sup> өткенде,  
 Құтпан<sup>2</sup> мезгіл жеткенде,  
 Құлағына батырдың  
 Бір дауыс көп шулайды.  
 «Арғы астында сол таудың,  
 Бұрқыраған бу шықты,  
 Шуылдаған шу шықты.  
 Бұл не қылған дауыс?» – деп,  
 Естемістен сұрайды,  
 Айтпасына қоймайды.  
 Сонда Естеміс сөйлейді,  
 Сөйлегенде бүй дейді:  
 «Арғы астында бұл таудың,  
 Қызылбастың<sup>3</sup> елі бар,  
 Жасыл байтақ жері бар,  
 Айдынды шалқар көлі бар.  
 Көктім Аймақ ханы бар,  
 Неше мың сан жаны бар.  
 Қанша жиған халқына,  
 Көрсетіп тұрған сәні бар.  
 Құртқа деген қызы бар,  
 Жұртына жайған назы бар.  
 Ай астында аспанға  
 Құрды бақан қақтырып,  
 Алтын теңге аттырып,  
 Теңгені атып түсірген  
 Құртқа сұлуды сол алар.  
 Соның дауысы бұл дауыс,  
 Көптен шыққан бұл хабар.  
 Көңілің ауып, шырағым,  
 Бұған болма ынтызар.  
 Шарға салып басыңды,  
 Бола көрме сен құмар».

<sup>1</sup> *Намазшам* – кешкі намаз оқылатын кез, парсы тілінде шам «кеш» деген мағынаны білдіреді.

<sup>2</sup> *Құтпан* – бес уақыт оқылатын намаздың ең соңғысы.

<sup>3</sup> *Қызылбас* – парсыларды ежелгі түркі тайпалары осылай атаған.





Қанша айтса да Естеміс,  
 Барғысы келіп баланың,  
 «Түсіремін атып, – деп, –  
 Кәміл пірлер болса жар».

Естеміс сонда сөйлейді:  
 «Қой, шырағым, жассың ғой,  
 Қабырғаң сенің қатқан жоқ,  
 Омыртқаң өсіп жеткен жоқ,  
 Жіберуге қорқамын,  
 Тілімді алсаң рұқсат жоқ.  
 Барғанменен келмес-ті,  
 Баланы көзге ілмес-ті,  
 Бағып жатқан Құртқаны  
 Қырық бес кез<sup>1</sup> Қызыл ер<sup>2</sup>  
 Шырағым, теңдік бермес-ті».

«Батаңды бер, көке, – деп,  
 Алды-артын орады. –  
 Жад қыламын Естеке,  
 Жеті кәміл бабаны».

Барғысы келіп батырдың  
 Тоқтамайды табаны.  
 Естемістей еріңнің  
 Таусылғасын амалы.  
 Батасын беріп, қол жайып,  
 Жад қылады<sup>3</sup> Құданы<sup>4</sup>.  
 Үстіне сауыт<sup>5</sup> кигізді.  
 Жанына байлап болатты,  
 Беліне садақ ілгізді.  
 Тапсырдым деп Жалғызға  
 Амандасып жүргізді.  
 ...Қобыландыдай төрені  
 Қазақтың ері келді деп,

<sup>1</sup> *Кез* – қазақ халқының байырғы ұзындық өлшемі. Қазіргі өлшем бойынша шамамен 71 сантиметр.

<sup>2</sup> *Қызыл ер* – қызылбастың батыры.

<sup>3</sup> *Жад қылу* – әулиелерді еске алу, сиыну.

<sup>4</sup> *Құда* – бұл жерде Құдай деген мағынада.

<sup>5</sup> *Сауыт* – батырдың темірден тоқылған киімі.



Көктім Аймақ патшасы  
 Кезекті бұған береді.  
 Кәміл пірлер<sup>1</sup> жебеді,  
 Қолына алып толғанып,  
 Қозыжауырын жебені.  
 Ат үстінен шіреніп,  
 Сонда тұрып тартады,  
 Кәміл пірлер сенгені.  
 Құрулы бақан басында  
 Екі бөліп ұшырды  
 Ай астында теңгені.  
 Құртқа көріп батырды,  
 Шашу шашып басына,  
 Бұралып келіп қасына.  
 Нұрына тойып төнгені,  
 Көзі көрмей өңгені.  
 «Іздеген теңім келді» деп,  
 Патшаға салып жеңгені.  
 Айтқан серттен қайта алмай,  
 Отыз күн ұдай ойын қып,  
 Қырық күн ұдай тойын қып,  
 Көктім Аймақ атасы  
 Қыз Құртқаны бергені.  
 ...Алтынмен ішін безеген,  
 Сырты күміс ақ отау  
 Келістіріп түзеген,  
 Арттыруға сайланды.  
 Қырық түйе қазына,  
 Қырық құл мен қырық күң  
 Қосып берді қызына.  
 Ел-жұртымен қоштасқан  
 Құртқа сынды-ай сұлудың  
 Жұрт таңғалды назына –  
 Сөйлеген сөзі базына.  
 Көктім Аймақ көрісіп,  
 ...Атасымен қоштасып,

<sup>1</sup> *Пір* – діни ұғымда қолдаушы, қорғаушы, сүйеніш болып есептеледі.



Құртқаны алып ұзатып,  
Елге қарай жөнелді.

### Тайбурылдың тууы, өсуі

...Бір күндері болғанда,  
Қара жолдың үстінен  
Қалың жылқы жарылып  
Екі жақта қалады.  
Құртқа сынды сұлуың  
Күймеден басын шығарып,  
Жылқыға көзін салады,  
Құртқаның көзі шалады.  
Тоқтатып қойып күймесін,  
Биені көріп сынады.  
– Мынау жатқан көп жылқы  
Кімдікі? – деп сұрады.  
– Сонау тұрған биені  
Мені берсең де алғын, – деп,  
Батырға өмір қылады.





Құртқа сұлу күймеден  
 Қарғып түсіп, биені  
 Маңдайынан сүйеді.  
 Көшіне тіркеп жөнеді,  
 Көк ала бие дөңбекшіп,  
 Домаланып сұлады.  
 ...Сонда жатып құлындап,  
 Бурыл тұлпар туады.  
 Тұяғын жерге тигізбей,  
 Құртқа сынды сұлуың  
 Алтын тонға орады.  
 Аршын басты Бурылы,  
 Қабырғада қанаты,  
 Сұлтанының жан аты.  
 Күн түсірмей көзіне,  
 Жел тигізбей өзіне,  
 Үстіне шатыр тіккізді...

### Қобыланды мен Қараман батырдың Қазанға қарсы жорығы

Өлқисса, сол кезде Қызылбастың елінен Қазан деген ер шығып, Ноғайлының жерін, Қырлы қала, Сырлы қала деген екі қаласын тартып алды. Қырлы қалаға бектерін, Сырлы қалаға жендеттерін жатқызып, жатып алды дейді.

... Қазанның бұл хабарын төменгі қырық мың үйлі қиятта Сейілдің ұлы Қараман естіп, атадан ер боп туғасын, «Ноғайлының жеріне Қызылбастарды қондырып қоюымыз сүйекке таңба емес пе?» – деп, елінен аттанып шығады. Өлқисса, Қараман батыр Қазанды алуға бара жатқандығын айтқан жері:

– Мен – Сейілдің ұлы Қараман,  
 Қазанға кетіп барамын,  
 Жүрмейісің, құрдасым,  
 Қазанның салған шәріне  
 Сапар тартып жол шектім,  
 Жүрмейісің, жолбарысым?



Жүрмейсің бе, құрдасым,  
 Осы қылған сапарға  
 Кетемін ертіп сені деп,  
 Өдейі келдім, жолбарысым!  
 Сонда Қобылан сөйлейді:  
 – Мінетін атым қолында,  
 Барар-бармас жолымды,  
 Хабар салып алайын,  
 Үйдегі Құртқам біледі,  
 Жан серік атым қолында.  
 Бағымды бастан алмасын,  
 Алды-артымды шалмасын,  
 Қияметтік жолдасым,  
 Үйдегі Құртқам біледі.  
 ...Таң сарғайып атқанда,  
 Шолпан жұлдыз батқанда,  
 Ақ отаудың ішінде  
 Құртқажан ұйықтап жатқанда,  
 Естеміс келіп сөз қатты...  
 Сонда сұлу қыз Құртқа,  
 Көтеріп басын сөйледі.  
 – Жұмсады ма сіздерді  
 Үйдегі Бурыл тұлпарға?  
 Дұғай сәлем дегейсің,  
 Қарамандай құрдасқа,  
 Заманы бірге сырласқа,  
 Жылы бірге жылдасқа,  
 Жауы бірге мұңдасқа.  
 Атының күні толмай тұр,  
 Зор салмасын жолбарысқа.  
 ...Әуелі Құдай алмасын,  
 Алды-артымды шалмасын,  
 Тілімді алса, сұлтаним,  
 Бұл сапарға бармасын,  
 Бұл олжадан алмасын.  
 Көп жылады дегейсің  
 Үйдегі нашар жолдасың!



...Сұлтаныма сәлем де,  
 Тілімді алса, бармасын,  
 Біз байлаған Бурылда  
 Қырық үш күндік кемдік бар.  
 Мынау сөзді естіп,  
 Қобыланды келді құрдасқа,  
 Жүремін деген жолдасқа.  
 Қобылан сонда сөйлейді:  
 – Бұл сапарға бармаймын,  
 Бұл олжадан алмаймын,  
 Саған да сәлем көп айтқан:  
 «Құрдасым көңілі қалмасын,  
 Өтініш қылып зарлаймын».  
 ...Қараман сонда сөйлейді:  
 – Бұл барғаннан барсақ біз,  
 Қазандағы сол елдің  
 Қалың тобын жарсақ біз,  
 Құйын да перен салсақ біз.  
 Біз Қазанды өлтіріп,  
 Қаласын бұзып алсақ біз,  
 Еркек болып не етеміз,  
 Өр тарапқа шығарда  
 Қатынға ақыл салған соң,  
 Асыл туған Қобыланды  
 Қатынның тілін алған соң,  
 Неше батыр болса да,  
 Басында билік жоқ адам  
 Арыстан туған, құрдасжан,  
 Ол – қатын емей, немене?!  
 Қараман бұл сөзді айтқасын,  
 Қобыландыдай батырдың  
 Тері тамып иектен,  
 Түгі шығып білектен...  
 ...Неше бір құрдас айтса да,  
 Қараманның бұл сөзі  
 Өтіп бір кетті сүйектен.





...Қатуланып, қаттанып,  
Буырқанып, бұрсанып,  
Мұздай темір құрсанып,  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз тоңып.  
Бұлаңдаған Құртқаның  
Сөзге сынық қылдың деп,  
Егер шықса алдынан,  
Басын кесіп алмаққа.  
Үйде отырған қыз Құртқа  
Дүбірін аттың есітті.  
Екпіні қатты кім болсын,  
Сұлтаным-дағы десіпті.  
Шылбырынан жетелеп,  
Бурыл атты қыз Құртқа  
Қобыландының алдынан –  
Қобыландыдай бөрінің  
Бұлаңдаған сұлуың,  
Алдынан кетіп барады.  
Туғалы күнді көрмеген,  
Түнектен шыққан Тайбурыл  
Айдалаға шыққан соң  
Түлкідей көзі жайнайды,  
Көлденең жатқан көктасты  
Сулығым ғой деп шайнайды.  
Он екі құлаш кезеңнен  
Атылып, Бурыл ойнайды.  
Қыз Құртқаны көтеріп,  
Бурыл көкке екі ұшты.  
Салмағымен қыз Құртқа  
Алып жерге бұл түсті.  
Жазығы әйел демесең,  
Қыз Құртқа да тым күшті!  
Сол уақыттар болғанда  
Батыр жанына келгенде,  
Қамығып Құртқа сөйлейді:  
«Асқар төбе белдігі,



Аздың бар ма теңдігі,  
Құрдастың бар ма елдігі?!  
Жалғыздарға жар болған  
Қуданың көп-дүр кеңдігі.  
Үш ұшар ең аспанға,  
Бір ұшуың кем болды.  
Мен қайтейін, Бурылжан,  
Қырық үш күннің кемдігі».

### Қобыланды батырдың жорыққа аттануы

...Жиылған жұртпен қоштасып,  
Қобыланды сынды батырың  
Тайбурыл атқа мінеді,  
Беліне семсер іледі.  
Ақ сауытын бөктеріп,  
Дүйсенбі күні сәскеде  
Қараспан тауын бөктерлеп,  
Кешегі кеткен қияттың  
Қобыландыдай батырың  
Соңынан желіп жөнелді.



...Қобыланды сынды батырдың  
 Көңілі бітіп Бурылға:  
 «Шырағым, Бурыл, шүү!» – деді,  
 Құбылып Бурыл гүледі...  
 ...Жетемін деген Қобыланның  
 Жоқ еді тіпті есінде.  
 Бұлаңдаған Бурылмен  
 Артық туған Қобыланды  
 Аңқытып жетті бесінде.  
 ...Қобыланды гулеп жөнелді  
 Көп қиятқа қарамай,  
 Қалың қият – көп қосын,  
 Бәрі қалды артында  
 Бірі еруге жарамай.  
 Сонда Бурыл гүледі,  
 Табаны жерге тимеді,  
 Көлденең жатқан көктасты  
 Тіктеп тиген тұяғы  
 Сазбалшықтай иледі.  
 Аманбайдың ақ тікен,  
 Асып Бурыл жөнелді,  
 Қарсы келген қабақтан,  
 Қарғи басып жөнелді.  
 Сеңгір-сеңгір таулардан  
 Секірте басып жөнелді.  
 Ол төбе мен бұл төбе,  
 Бауыры шұбар Күлтөбе,  
 Онан да өтіп жөнелді.  
 Қамыстының қазды көл,  
 Қоғалының қулы көл,  
 Шегендінің желді көл,  
 Шабақтының шаңды көл,  
 Қызғыштының Қыздыкөл,  
 Құмыра, Қотан, Қоскөлден,  
 Айналасы бес көлден,  
 Бәрінен өтіп жөнелді,  
 Күдерінің белінен,  
 Бесінде өтті дөңінен.





Барлы, барлы, барлы тау,  
 Басы биік қарлы тау,  
 Хан жайлаған Қаратау,  
 Би жайлаған Алатау,  
 Онан да өтіп жол шекті-ау.  
 Бір шауып, бір желеді,  
 Құбылып ойнап жер басып,  
 Дөңгеленіп келеді.  
 Садақтың бауы сартылдап,  
 Арандай аузын ашады,  
 Аяғын топ-топ басады.  
 Бір төбенің тозаңын  
 Бір төбеге қосады.  
 Кешке таман Тайбурыл  
 Жын қаққанға ұқсады,  
 Құлан менен құлжаның,  
 Ұзатпай алдын тосады,  
 Көл жағалай отырған,  
 Көкқұтан мен қарабай<sup>1</sup>  
 Көтеріліп ұшқанша,  
 Белінен басып асады.  
 Дуадақ<sup>2</sup> пен жек<sup>3</sup> қалды,  
 Өлде өтірік, әлде шын  
 Ақ қарабас, лашын<sup>4</sup>,  
 Өлген құсты жеп қалды.  
 Ебелек ұшпас елсізден,  
 Көбелек ұшпас көлсізден,  
 Құла мидай шөлдерден,  
 Адам жүрмес жерлерден,  
 Батпақ, лай көлдерден,  
 Асқар-асқар белдерден  
 Жалғыз шауып жол шекті.

<sup>1</sup> *Көкқұтан, қарабай* – сулы жерді мекендейтін құстар.

<sup>2</sup> *Дуадақ* – далалы жерді мекендейтін ірі құстардың бірі, салмағы 16 кг-ға жетеді.

<sup>3</sup> *Жек* – дуадақтың бір түрі.

<sup>4</sup> *Ақ қарабас, лашын* – жыртқыш құстар.



### Қобыландының Сырлы қала мен Қырлы қаланы алғандағы ерлігі

...Намаздыгер өткенде,  
Намаз ақшам жеткенде,  
Қазанның Сырлы қаласын  
Қобыланды батыр көреді.  
Бес ағаштың түбінде,  
Қазанның алған жылқыға  
Аңқытып келіп жолықты.  
Жылқыны қырға шығарып,  
Қазанның Сырлы қаласын  
Қайта айналып шабады.  
Қазанның Сырлы қаласын  
Бұзып-жарып Қобылекең,  
Он екі күн дегенде  
Жалғыз жанды құтқармай  
Айдап шықты далаға.  
Сырлы қаланы алады,  
Адамын жөнге салады.  
Қасқарлық таудың басына,  
Бұлаңдаған Бурылмен  
Батыр Қобылан шығады,  
Құртқаның сөзін сынады.  
Жан-жаққа көзін салады,  
Батырдың көзі шалады,  
Қалың қият – көп қосын  
Он екі күн дегенде  
Олар да келіп қалады.  
Өзі жатқан Қазанның  
Қырлы дейтін қаласын  
Қырық мың қолды әскермен  
Алты қабат орының  
Сыртынан орап алады.  
Қараман атты батырың,  
Аламын деп ала алмай,  
Қарғытып ішке ене алмай,



Үш күн тұрып сыртында  
 Болдыра алмастай болған соң,  
 Енді атына мінеді,  
 Тауда жатқан батырға  
 Қараман өзі келеді.  
 ...Қараман, Қобылан қосылып  
 Қосынға келіп енеді.  
 Ордың шығып басына,  
 Қаланың келіп қасына,  
 Қобыландыдай батырың...  
 Бурыл атқа «шүү!» деді,  
 Алты қабат орынан  
 Жетінші қабат қалаға  
 Қояндай ырғып жөнөді.  
 Ортасына шаһардың  
 Бурылы барып топ етті.  
 Қалаға Қобылан кіргесін,  
 Іркілмей кіріп кеткесін,  
 Ене алмай қалды Қараман,  
 Ордың сыртын айналып...  
 Арыстан туған Қобыланды  
 Көп әскерге келді кез,  
 Қырық мың атты қызылбас  
 Қолына жасыл ту алған...  
 Қара қасқа ат мінген,  
 Алдынан шықты ер Қазан.  
 ...Жайықтың бойы қамыс-ты,  
 Батырлар қылды намысты.  
 Ырғай сапты сүңгімен  
 Ырғай, ырғай салысты,  
 Итерісіп тұрысты,  
 Ат тізесін бүгісті,  
 Бүге-бүге тұрысты.  
 Тебінгіге тер қатып,  
 Қақырғаны қан татып,  
 Түкіргені жын татып,  
 Қанжарменен қармасты,





Семсерменен серместі.  
 Қанжар қалды қайысып,  
 Семсер қалды майысып.  
 Екеуінің ақ сауыт  
 Шығыршықтан сөгілді.  
 Сол уақыттар болғанда,  
 Артық туған Қобыланды  
 Найзасын ырғап ендірді.  
 Қазан аттан құлады,  
 Көріп елі шулады.

### Екі батырдың Көбікті хан еліне жасаған шабуылы

Бос қайтам ба жаудан деп,  
 Іздеп келіп бұл жерге,  
 Қараман батыр кезеніп,  
 Қобыландыға келеді:  
 «Ай, Қобыланды, құрдасжан,  
 Қайратыңды мен көрдім,  
 Бәрекелді, ер, – деді, –  
 Найзам тимей дұшпанға  
 Арманда барам мен, – деді, –  
 Осы бүгін естідім,  
 Жақын жерде бір шаһар,  
 Көбікті дейтін ханы бар.  
 Жүрсең, соған барайық,  
 Жылқысын айдап алайық,  
 Қазаннан алған бұл малды  
 Баға тұрсын халайық.  
 Көбікті келсе малына,  
 Салайын жәбір жанына...  
 Көбікті де ер, – дейді, –  
 Қайратымды көр, – дейді, –  
 Найзам тимей дұшпанға  
 Арманда барам мен», – дейді.  
 Қобыландыдай батырың  
 Мақұл көріп бұл сөзін,



Асып-тасып екеуі  
Алланы алмай аузына,  
«Барайық десең, жүр», – дейді.  
...Гулетіп жылқыны алады,  
Айдап жонға салады.  
Көбіктінің Тарлан ат  
Жылқы ішінде тұр екен.  
Жамандатқыр Тарлан ат  
Құйрығын құстай тарады,  
Бауырынан жарады,  
Желкесінен қарады,  
Өуеге қарап есінеп,  
Ием бе деп кісінеп,  
Жау екенін білген соң,  
Сыртына құйрық салады,  
Қайта айналып шаһарға  
Тарлан ат қашып барады.  
Жалғаса қуған екеуі  
Қарасын көрмей қалады.  
Қашып барып Тарлан ат  
Шаһарына барып еніпті.  
Жетпедім деп Тарланға,  
Астындағы Бурыл ат  
Басын жерге салады,  
Қырық үш күн кемдігі  
Бурыл атты қамады.  
Құртқаның сөзі келді деп,  
Батыр Қобылан сынады.  
Таң Шолпаны батқанда,  
Қызарып күн шыққанда  
Демалам деп азырақ,  
Бауырында бір таудың  
Қобыланды ұйықтап жатқанда,  
Қалаға көк ат еніпті.  
Есітті дүбір Көбікті,  
Ат барғасын желікті.  
«Жау тиді ғой малға», – деп,



Айдауда кеткен жылқының  
 Соңынан қуып барады.  
 Жібелі найза қолынан,  
 Жұлдызы туып оңынан,  
 Ерте Шолпан батқанда,  
 Таң сарғайып атқанда,  
 Тау суындай сарқырап,  
 Ақ сауыты жарқырап,  
 «Таста, – деп, – малды» барқырап,  
 Көбікті жетті соңынан...  
 Сол уақытта Қараман  
 Көбіктіні шанышпаққа  
 Оңтайлады найзасын.  
 Қараманның найзасын  
 Денесіне тигізбей,  
 Көбіктідей батырың  
 Қолындағы шоқпармен  
 Допша қағып тастайды.  
 Ұмтылумен Көбікті  
 Қараманды ұстады,  
 Күшіктейін шыңғыртып,  
 Қараманды Көбікті  
 Тақымына басады.  
 Қулық пенен сұмдықты  
 Көбікті тағы ойлады.  
 Оянып кетсе болмас деп,  
 Қобыландыны Көбікті  
 Ұйықтап жатқан жерінде  
 Тоғыз қабат тор салып,  
 Бекітіп әбден байлады...  
 Кісен салып Көбікті  
 Қараман мен Қобыланның  
 Аяқ-қолын тұсады...

### Қарлыға қыз

Байлауда жатқан батырды  
 Қарлыға сұлу көреді.





Қобыландыны көргесін,  
 Нұры шарпып батырдың  
 Балқыды сұлу денесі.  
 Қобыландыдай батырға  
 Ғашық болып сұлуың  
 Жата алмады үйінде.  
 Тар көшені сағалап,  
 Көрінгенді саялап,  
 Қобыландыға келді жағалап.  
 Ай тумас жақтан Күн туды,  
 Бұл несі деп қараса,  
 Қара тамды ағартқан  
 Қарлыға қыздың сәулесі.  
 Қарлыға келіп сөйлейді:  
 «Байлауда жатқан қос батыр,  
 Есермісің, сермісің?  
 Бекер жатқан ермісің?  
 Қолыңды шешіп, қашырсам,  
 Еліңе барып мақтанып,



Қарлыға қыз қашырмай,  
 Өзім қаштым дермісің?  
 Далада жатқан жылқымды  
 Айдап қашқан ермісің?»  
 Қараман сонда сөйледі:  
 «Менің өзім нашармын,  
 Кілттің аузын ашармын.  
 Бұл бейнетті көргенше,  
 Шеш қолымды, Қарлыға,  
 Рұқсат берсең, қашармын».  
 Қобыланды сонда сөйледі:  
 «Өшті болған әкеңнен  
 Өшімді алмай кетпеймін...  
 Қош, Қараман, аман бол,  
 Қайтасың ба елдерге,  
 Бізден сәлем дегейсің,  
 Қараспан тауды жайлаған  
 Қалың қыпшақ елдерге!»

Әлқисса, Қобыланды бұл сөзді Қараманға айтып болғасын:

Қарлығадай сұлуың  
 Шықпас ойын білгесін...  
 Қараман мен Қарлыға  
 Лабақтың<sup>1</sup> келіп алдына,  
 Қыл шылбырмен бұрау сап,  
 Бурыл аттың санына,  
 Құлындай қылып шыңғыртты  
 Жәбір қылып жанына.  
 Бурылдың дауысын есітіп,  
 Қобыландыдай батырың  
 Салды ойран тамына,  
 Тамды бұзып Қобыланды  
 Далаға шықты қабына.  
 Қобыланды батыр шыққан соң,  
 Өзінің енді хал-жайын  
 Батырға айтты Қарлыға:

<sup>1</sup> *Лабақ* – зындан, қамауда отыратын жер.



«Дүниенің кеңдік, тарлығы  
Басыма менің түсіп тұр –  
Ғашықтықтың зарлығы.  
Сеніменен бірге өлсем,  
Анамның айтқан өсиеті  
Болады кәміл барлығы.  
...Уағда байлап, қол беріп,  
Тайбурылға мінгізді.  
Қарлыға бұл сөзді айтқасын,  
Енді атына мінеді,  
Бадана көзді ақ сауыт  
Денесіне киеді.  
Беліне байлап болатты,  
Қарына найза іледі,  
Қараман мен екеуі  
Көбіктінің көп жылқы  
Және сүзіп жөнелді.  
Құба белден өткенде,  
Сары өзенге жеткенде,  
Көбіктінің Тарлан ат  
Өуеге қарап есінеп,  
Ием бе деп кісінеп,  
Жау екенін білгесін,  
Сыртына құйрық салады,  
Көк ат қашып барады...  
Аңдып тұрған Қарлыға  
Көбіктіге келіпті:  
«Ұйқыңды бұзба, атажан,  
Мал иесі жануар  
Жем жеймін деп келіпті».  
Көбіктіні жатқызып...  
Ақмоншақ атқа мінеді,  
Беліне семсер іледі,  
Қобыландының соңынан  
Дөңгелетіп жөнелді...  
Басын қосып үшеуі  
Бір төбеге барады.





Қобыландыдай батырға  
 Қарлыға сұлу сөйлейді:  
 «Оған қылар амалы  
 Кіндігінің тұсында  
 Кем соғылған төрт көзі –  
 Жел соғарлық самалы.  
 Мерген болсаң, батырым,  
 Кіндікті байлап атпасаң,  
 Басыңа салар қараны».

Қараман естіп бұл сөзді  
 Тоқтамайды табаны.  
 Қарлыға менен Қараманды  
 Ілгері қарай жөнелтіп,  
 Жолын тосып Көбіктінің  
 Қобыланды тосып тұрады...

#### Қобыландының Көбіктіні жеңуі

Ертең Шолпан батқанда,  
 Қызарып таң атқанда,  
 Тау суындай сарқырап,  
 Ақ сауыты жарқырап,  
 Қобыландының тұсынан  
 Көбікті өтіп барады.  
 Көбіктіні көрген соң,  
 Көтеріліп Қобыланды  
 Айғай салып ақырды,  
 «Кел, бері!» – деп шақырды...

Қорамсаққа қол салды,  
 Қалмақы ердің қасы деп,  
 Нақ кіндіктің басы деп,  
 Қыз айтқан жердің тұсы деп,  
 Өлер жерің осы деп,  
 Қобыланды тартты бір оқты...  
 Бір де болса, ірі оқты.  
 Жанына азап берілді,  
 Азап емей, немене?



Көбіктің бөксесі  
 Кеудесінен бөлінді.  
 Атта қалып бөксесі,  
 Оқпен ұшып кеудесі,  
 Қобыландыдай батырдың  
 Қабыл болды тәубесі...  
 Тізе қосып үшеуі  
 Көбіктің көп жылқы  
 Гулетіп айдап жөнелді...

### Елін жаудан азат еткен ерлер

Таң атқасын төрт көкжал  
 Алшағырдың<sup>1</sup> шаһарына,  
 Қала аузына келеді.  
 Шаһарға жақын келгенде  
 Ақсұңқар құстай шүйіліп,  
 Қабағы тастай түйіліп,  
 Арыстан туған Қобыланды  
 Күн шығуға қарамай  
 Ат қоюға ойланды.  
 Ата-анасы, ел-жұрты,  
 Асыра қыпшақ баласы  
 Жатқаннан соң байлауда,  
 Қақпаның келіп аузына  
 Батыр Қобылан ақырды,  
 «Алшағыр!» – деп шақырды.  
 «Ау, Алшағыр, Алшағыр!  
 Сөзіме құлақ сал, Шағыр!  
 Менің атым – Қобыланды,  
 Өуелі өзің алмай шық,  
 Арманда қапы қалмай шық!  
 Қара қасқа атың міне шық,  
 Оқ өтпес тоның кие шық,  
 Қарыңа сүңгі іле шық».

<sup>1</sup> *Алшағыр* – Қобыландының елін жаулаған қалмақ ханы.



Хан болғалы Алшағыр  
Асып жүрген айласы  
Мұсылманнан қанша ердің  
Басын жойған ер еді,  
Қобыландының дауысы  
Құлағына келеді...  
Шыдай алмай Алшағыр  
Алтын тұрман ер салып,  
Енді атына мінеді.  
...Сол уақыттар болғанда  
Қобылекең келді бұл жақтан  
Тайбурыл атты ойнатып.  
Бермейміз деп намысты,  
Екі батыр екпінмен  
Жақындасып қалысты.  
Өшігіп жүрген батырлар  
Бір ауыз сөзге келмей-ақ,  
Еменнен найза салысты,  
Біріне-бірі ұмтылып,  
Он саусағы қарысты.  
Қанжарменен қармасты,  
Семсерменен серместі.  
От шығады ұртынан,  
Үмітін үзді Алшағыр  
Шаһары, байтақ жұртынан.  
Қобыландыдай батырың  
Найзасын ырғап ендірді.  
Алшағырдай дұшпанын  
Ат сауырына міндірді...  
...Тоқтар басы көп қыпшақ  
Келіп қонды баяғы  
Алшағыр шауып зарлатып,  
Бөлініп көшкен жеріне...  
Артық туған Қобыланның  
Ісі келді жөніне,  
Келмеді дұшпан шеніне,





Қалмақтан алған көп олжа  
 Өділдікпен батырың  
 Жиып алып көп халқын,  
 Бөліп берді еліне,  
 Риза болды бәрі де  
 Қобыланды сынды еріне...



: – Батырлар жыры көне заманда жазылғандықтан, жырдың мазмұнында көптеген тарихи сөздер кездеседі.



: – Дұрыс айтасың, Нұрасыл. Сырлы сандықтағы сөздермен танысқанымыз жөн болар.



**Қозыжауырын жебе** – жебенің бір түрі; садақтың оғын жебе дейді. Қозыжауырын аталу себебі: жебе қозының жауырынынан жасалған.

**Ақ алмасқа қол салды** – ақ алмас: қылышты бейнелі түрде атау. Алмас – ең қатты және өткір зат.

**Семсерменен серместі** – семсер: қылыштың бір түрі.



: **1-тапсырма.** Балалар, өздеріңе таныс емес сөздерге назар аударып, олардың мағынасын түсіндірме сөздіктің көмегімен анықтап, достарыңмен ой бөлісіңдер.



: **2-тапсырма.** Жырдағы жер-су атауларын тауып, үзінді арқылы олардың қандай мекен екенін дәптерлеріңе жазыңдар.

Көздікөл –

Қараспан –

Қырлы қала –

Сырлы қала –



: **3-тапсырма.** Ер қанаты – тұлпарлар қай кейіпкердікі екенін анықтап, айтыңдар.

Қобыланды батыр, Құртқа, Қараман, Көбікті хан, Қарлыға, Алшағыр.



Тайбурыл	→	
Тобылғы торы ат	→	
Тарлан ат	→	
Ақмоншақ ат	→	
Қара қасқа ат	→	



**4-тапсырма.** Өзара талқылап, сызба құрастырыңдар.

А) Тоқтарбайдың дәулетті екенін көрсететін сөздерді тауып жазыңдар.

Ә) Үзіндідегі түсіп қалған сөздердің орнын толтырып, дәптерлеріңе орындаңдар.

..... жасы келгенше,  
 Бір бала көрмей .....,  
 Қайғыменен қан жұтып,  
 Ақылынан адасқан.  
 ..... бәйбіше,  
 Қабырғасы майысқан.  
 Елуге жасы келгенде,  
 Көзім ашпай дүниеден,  
 Өтемін бе дегенде,  
 Сонда көрген арыстан:  
 Бір ұл, бір қыз атадан,  
 Қыздың аты – .....,  
 ..... қарындас.



**5-тапсырма.** Тоқсан құлдың басшысы Естеміс ер Қобыландыны қалай тәрбиелейді? Хрестоматиядан оқып, пікірлеріңді ортаға салыңдар.





: 6-тапсырма. Жырдан қажетті шумақтарды тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

Сұрақтар	Жырдан алынатын шумақтар
Құртқа Тайбурылды батырға лайықты тұлпар болуы үшін қалай баптады?	
Не себепті Тайбурылдың 43 күндік кемдігі болды?	
43 күндік кемдік Тайбурылға бөгет болды ма?	



: 7-тапсырма. Жырды оқи отырып, Қобыланды мен Қараманның іс-әрекеттерін бағалап, мінездеме беріңдер.



: 8-тапсырма. А) Берілген портрет қай кейіпкердікі? Кейіпкер неге ашуланды?

Қатуланып, қаттанып,  
Буырқанып, бұрсанып,  
Мұздай темір құрсанып,  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз тоңып.

Ә) Кейіпкер мына жыр жолдарын кімге айтқан? Не себепті айтты?

Жүрмейсің бе, құрдасым,  
Осы қылған сапарға  
Кетемін ертіп сені деп,  
Әдейі келдім, жолбарысым!

Сұлтаныма сәлем де,  
Тілімді алса, бармасын,



Біз байлаған Бурылда  
Қырық үш күндік кемдік бар.

Дүниенің кеңдік, тарлығы  
Басыма менің түсіп түр –  
Ғашықтықтың зарлығы.  
Сеніменен бірге өлсем,  
Анамның айтқан өсиеті  
Болады кәміл барлығы.

Өшті болған әкеңнен  
Өшімді алмай кетпеймін.



: 9-тапсырма. Шығармадағы сюжеттің композициялық құрылымын талдаңдар.



: 10-тапсырма. Дәптермен жұмыс.

А) Жырдағы кейіпкерлерге (*Қобыланды, Қараман, Құртқа, Қарлыға*) мінездеме беріп, дәптерлеріңе жазыңдар. Өр кейіпкер туралы ойларыңды қорытындылаңдар.

Ә) Дәптерлеріңе жырда кездесетін таудың, көлдің аттарын теріп жазыңдар.

Б) Жырдан көріктеу құралдарын (*теңеу, эпитет, гипербола, метафора*) тауып, мысал келтіріңдер.



11-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

А) Қобыланды мен Қараманның Көбіктінің қолына тұтқын болуы. Екі батыр қандай жағдайда Көбікті ханға тұтқын болды?

Ә) Қарлыға не себепті тұтқындағы батырларға көмектесті?

Б) Алшағыр ханның қолында қалған елін құтқару үшін Қобыланды не істеді? Қобыландының Алшағырды жекпе-жекке шақырғанынан қандай мінезін аңғарамыз?







: 12-тапсырма. «Ерлігі еліне арналған...» деген тақырыпта шағын әссе жазыңдар.

Әсседе Қобыланды батырдың ерліктеріне назар аударыңдар. Батыр туған жері үшін қандай қаһармандық көрсеткен? Оның жаудан елін қорғауына кімдер көмектесті? Өздерің туған жеріңді қорғау үшін, туған жеріңнің өркендеуі үшін не істер едіңдер?



: 13-тапсырма. Жырдан үзінді келтіре отырып, Қобыландының ерекшелігін дәптерлеріңе жазыңдар.

Қобыланды	ержүрек	
	батыл	
	аңғал	
	намысшыл	
	ашуланшақ	



: Жырды тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 7 минут.

Тайбурыл қалай шабады? Тайбурылдың шабысын суреттейтін сөздерді дәптерлеріңе жазыңдар.



: 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 7 минут.

Қобыландының дүниеге келуіне назар аударыңдар. Естігендерің бойынша көріктеу құралдарын теріп жазыңдар.





: 3-мәтін. Уақыт мөлшері: 10 минут.

Тайбурылдың қалай бапталғанын білдіретін сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.



: 4-мәтін. Уақыт мөлшері: 8 минут.

Қобыланды мен Қараманның қалай қолға түскенін өз сөздеріңмен суреттеп, дәптерлеріңе жазыңдар.



: 5-мәтін. Уақыт мөлшері: 15 минут.

Берілген үзіндіге ат қойыңдар. Батырдың ерлігін білдіретін сөздерді теріп, дәптерлеріңе жазыңдар.

### «АСАНҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРГЕ АЙТҚАН СЫНЫ» АҢЫЗЫ



: – Балалар, әдебиет жанрларының тағы бір түрі аңыздар туралы не білеміз? Бұрын аңыз деген сөзді естіген бе едіңдер?



**Аңыз** – халық ауыз әдебиетінің жанры. Оқиғасы шындық өмірден алынады. Аңыз-әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамдардың атымен, іс-әрекетімен байланысты туады. Оқиға желісі күнделікті өмірде кездесетін қарапайым сюжетке құрылған аңыз-әңгімелерде ертегілердегідей әсіре қиялдау көп кездеспейді.



: – Иә, балалар, біз бұрын да Асанқайғы, Жиренше шешен, Алдаркөсе, Қожанасыр, Қорқыт ата сияқты адамдардың есіміне байланысты аңыздарды естігенбіз.



	Аңыз	Әпсана	Миф
Ерекшелігі	Аңыз-әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты айтылады. Оқиға желісі күнделікті өмірде кездесетін қарапайым сюжетке құрылады.	Әпсана – халықтың наным-сенімінен, арман-қиялынан туады. Белгілі бір тарихи оқиға, атақты тұлға, я болмаса топоним жайында көркемдей баяндайтын әңгімелер.	Миф – көне аңыз, әңгіме. Ежелгі мифтер алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болды, олардың мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жете түсінеді.
Ұқсастығы	Аңыз, әпсана, миф ауызша шығарылып, таратылады.		



: – Кейбір аңыз-әңгімелердің басты кейіпкерлері түркітілдес халықтардың бәріне ортақ. Мысалы, Қожанасыр – қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. халықтардың ауыз әдебиетіндегі кейіпкер.

### АСАНҚАЙҒЫ (ХАСАН) СӘБИТҰЛЫ

XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың басында ғұмыр кешкен. Қазақтың данышпан, ақылгөй жырауы, өз дәуірінің абызы, бас биі. Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, қазақ халқының болашағын ойлаған «дала философы». Осындай ойшыл, ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкен Асан атына кейін «қайғы» сөзі қосылып аңызға айналып кеткен.

Ол мемлекет қайраткері болған.

Өз Жәнібек ханның ақылшысы.

Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі «Асанқайғы мазары» деп аталады.





Асанқайғының шығармаларын жинап, зерттеумен Ш. Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, М.Ж. Көпеев, С. Сейфуллин, М. Әуезов, т.б. ғалымдар айналысты. Жыраудың ақындық мұрасын басып шығару XIX ғасырдың соңында басталды.

### Асанқайғының жерге айтқан сыны

Асанқайғы желмая мініп желдіртіп, Сарыарқаны аралап жүргенде, әр жерге айтқан сындары мынау екен:

Ұзын аққан Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарыным ашты деп жылап отырмас. Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен», – депті.

Түндікті өзенін көргенде: «Он екі қазылық ойтүндік, маңырап жатқан қой түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен», – деп тастап кетуге қимай, артына үш қараған екен. Сонан «Үшқара» атанған екен таудың аты.

Қызылтау деген жерге келгенде: «Тау-тасы кеш болғанда қой болып, ыңыранып жатады екен. Тоқты қысыр қалмайтын жер екен», – депті.

Баянауыл тауын көргенде: «Ат ерін алмайтын жер екен. Бауырында тұзы бар екен, тұзы ауыр екен, бір түн түнеп кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады екен. Тұзы жібермейді екен», – депті.

Ащы бойына келгенде, артына қарап: «А, Баянауыл! Сенің қоныс болып тұрғаның – мынау ащының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма ащылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен. Сонысы бір жылға татиды екен», – депті.

Шідерті деген өзенді көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын, жылқының қонысы екен», – депті.

Өлеңті өзенін көргенде, тоқтап еш нәрсе айтпай, өлеңдете берген екен. «Неге үндемейсіз?» – дегенде, аз тұрып: «Өлеңтінің суы – май, Шідертінің шөбі – май», – деп жүре беріпті.

Сілентіден өтіп, Жалаңаштың тұзына барғанда: «Аттың төбеліндей Жалаңаш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? Айналаң аз, онан басқа мінің жоқ, табылмайтын жер екенсің», – депті.





Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен», – депті.

Нұраның бойын көргенде: «Алты күнде ат семіртіп мінігін жер екен», – депті.

Торғай өзенін көргенде: «Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен», – депті.

Терісаққан деген өзенді көргенде: «Сарыарқаның тұздығы екен», – депті.

Жеті қоңырды көргенде: «Сарыарқаның маусымы екен», – депті.

Ұзын аққан Сыр бойын көргенде: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен», – депті.

Сулы Келес, Нұрлы Келес өзендерін көргенде: «Мөңіреуің, сиыр болып мөңіреуің. Сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен», – депті.

Асанқайғы бүкіл алты алаштың (қазақтың) жер-суын, қонысын көрем, бұларға жағдай туғызамын деп көп заман өмірін далада өткізіпті. Жүрген жерінде жақсы қонысқа да, жаман қонысқа да баға беріпті.

Асанқайғы Жиделібайсын жеріне қызығып: «Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп кетер едім, әттең, атым көтере алмайды-ау!» – депті.





Асанқайғы ата мазары

...Шыңғырлауды көргенде: «Ай, Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен өсірдің!» – деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып: «Шыңғырлау өкпелер, аттың ерін ал, қонайық, ат суарып, аунап-қунап кетейік», – деген екен.

«Ай, Жанарыстан, жырымдай суға бола шетте қалдың-ау, есіл ерім-ай», – деп бір төбеге келіп жылап тұрған екен.



**Желмая** – түйенің бағалы тұқымының бірі.

**Ат төбеліндей** – азғана, шағын.

**Шідер** – аттың аяғына салынатын тұсау.

**Өңгеру** – бір нәрсені ердің алдыңғы жағына көлденең салу.

**Бөктеру** – бір нәрсені ердің артына қанжығамен байлау.



: **1-тапсырма.** Аңыз-әңгімеде кездесетін өзендерді картадан тауып, қай жерде орналасқанын айтып беріңдер.



: **2-тапсырма.** Мәтіндегі көп нүктенің орнына сәйкес келетін сөздерді дәптерлеріңе жазыңдар.



«Ай, ..., артыма бөктеріп кетер едім, әттең, атым көтере алмайды-ау!»

«Ай, ..., жылқы өзі өскен жоқ, ..., сен өсірдің!»

«... суы – май, ... шөбі – май».

«Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, ... жайласам, ... .. қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен».

Ұзын аққан ... көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарыным ашты деп жылап отырмас», – депті.



**: 3-тапсырма.** Кестедегі жер-су атауларына Асанқайғы айтқан сөздерді тауып, дәптерлеріңе сәйкестендіріңдер.

Шідерті деген өзенді көргенде...	«Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен», – депті.
Ұзын аққан Сыр бойын көргенде...	«Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Вос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын, жылқының қонысы екен», – депті.
Сілентіден өтіп, Жалаңаштың тұзына барғанда...	«Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен», – депті.
Сулы Келес, Нұрлы Келес өзендерін көргенде...	«Айналаң аз, онан басқа мінің жоқ, табылмайтын жер екенсің», – депті.
Нұраның бойын көргенде...	«Сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен», – депті.
Торғай өзенін көргенде...	«Сарыарқаның маусымы екен», – депті.
Жеті қоңырды көргенде...	«Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен», – депті.







**4-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, Асанқайғының жерге айтқан сындарына түсініктеме беріңдер.

А) Асанқайғы Жиделібайсын жеріне қызығып: «Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп кетер едім, өттең, атым көтере алмайды-ау!» – депті.

Ә) Шыңғырлауды көргенде: «Ай, Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен өсірдің!» – деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып: «Шыңғырлау өкпелер, аттың ерін ал, қонайық, ат суарып, аунап-қунап кетейік», – деген екен.

Б) «Ай, Жанарыстан, жырымдай суға бола шетте қалдың-ау, есіл ерім-ай», – деп бір төбеге келіп жылап тұрған екен.



**5-тапсырма.** Жер-су атауларына берілген анықтаманы тауып, сәйкес бағанда дәптерлеріңе жазыңдар.

<p>Ұзын аққан Ертісті көргенде:</p>	<p>«Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен», – депті.</p>
<p>Есіл өзенін көргенде:</p>	<p>«А, Баянауыл! Сенің қоныс болып тұрғаның – мынау ащының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма ащылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен. Сонысы бір жылға татиды екен», – депті.</p>
<p>Баянауыл тауын көргенде:</p>	<p>«Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарыным ашты деп жылап отырмас. Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен», – депті.</p>
<p>Ащы бойына келгенде, артына қарап:</p>	<p>«Ат ерін алмайтын жер екен. Бауырында тұзы бар екен, тұзы ауыр екен, бір түн түнеп кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады екен. Тұзы жібермейді екен», – депті.</p>







: **6-тапсырма.** Мәтіннен сипаттамаларына сай жер-су атауларын табыңдар.

А) Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын, жылқының қонысы екен...

Бұл қандай өзен? Қай жерде орналасқан?

Ә) Сарыарқаның тұздығы екен...

Бұл қай жердегі өзен?

Б) Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен.

Бұл қай жер?

В) Аттың төбеліндей ..., сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? Айналаң аз, онан басқа мінің жоқ, табылмайтын жер екенсің.

Бұл қай жер?

Г) «Он екі қазылық ойтүндік, маңырап жатқан қой түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен», – деп тастап кетуге қимай, артына үш қараған екен.

Бұл қай өзеннің маңындағы тау?

Ғ) ... өкпелер, аттың ерін ал, қонайық, ат суарып, аунап-қунап кетейік.

Бұл қай жер?

Д) Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған...

Бұл қандай өзен?



: **7-тапсырма.** А) Егер Асанқайғы бүгінгі өмірде болса, осы күнгі жерлерге байланысты қандай сын айтар еді деп ойлайсыңдар?

Ә) Өздерің картадан бір жерді таңдап, сол туралы сын-ойларыңды айтып беріңдер.



**8-тапсырма.** Асанқайғының өнегелі сөздері мен көрегенді ойларына өз пікірлеріңді білдіріңдер (арнау, эссе, тақпақ, шығарма, т.б.).





## ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ



: – Тәрбиенің қайнар бұлағы ұлттық дәстүрімізден, атадан балаға мирас болып келе жатқан рухани мұраларымыздан басталады.



: – Иә, келісемін. Қазақтың бүгінге жеткен төл рухани мұрасы, ең біріншіден, қазақ елінің ұландары – біз үшін аса маңызды. Өткенімізді білмей, болашаққа баруымыз мүмкін емес.



: – Ләйлә, тарихымыздың әр кезеңіне сәйкес, әдебиетіміздің де кезеңдік ерекшеліктері болады.



: – Егер қазақ әдебиетін тарихи өлшеммен бөлсек, төмендегідей жіктеледі:



1. Халық ауыз әдебиеті
2. Ежелгі дәуір әдебиеті
3. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті
4. XIX ғасыр – XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеті
5. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті
6. Тәуелсіздік кезең әдебиеті



: – Дұрыс айтасың, Ләйлә! Он тоғызыншы ғасырдан бастап қазақтың жазба әдебиетінде әлеуметтік ахуал, елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң-зары айтылды. Қазақ ақындары шығармаларында халықтың тағдыры кеңінен бейнеленді.



: – Билеушілерге қарсы наразылықты ашық айтқан шыншыл поэзия туды. Бұл кезеңнің көрнекті ақындары – Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Кердері Әбубәкір Шоқанұлы, т.б. халықтық поэзияның түрлерін жетілдірді.





: – «Зар заман ақындары» – қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет (1927 ж.) М. Өуезов енгізген ұғым. Олар зар заман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын жырлаған ақындар.

М. Өуезов «Зар заман ақындары дәуірін» Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, Нармамбет ақынмен аяқтайды.



: – Олай болса, қымбатты достар, зар заман ақындары шоғырының аса көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлының өмірі және шығармашылығымен танысайық.

## ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ

(1802–1874)

Қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі Дулат Бабатайұлы 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында дүниеге келген.

Дулат өз буынының алды, аса зерделі адам болған. Ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауат ашқан Дулат ақындық өнерді ерекше қастерлеген аймақта өмір сүрген.

Бұқар мен Ақтамберді жырауларды ұстаз тұтқан, көне түркі поэзиясынан тағылым алған, өлеңді суырып салып та, жазып та шығарған Дулат қазақ поэзиясын мазмұн, тақырып жағынан барынша байыта түсті. Түр, көркемдік тәсілдер тұрғысынан жаңа сатыға көтерді. Ақынның терең мағыналы өлеңдері ұлы Абайға да әсер етті. М. Өуезовтің «Абай жолы» еңбегіндегі Барлас ақынның прототипі – осы Дулат Бабатайұлы. Дулат – XIX ғасырдың орта шеніндегі Сарыарқадағы ең атақты ақындардың бірі. Өмірінің соңғы күндеріне дейін үлкен құрметке, даңққа бөленіп өткен ақын 1874 жылы өз елінде қайтыс болды.





**Толғау дегеніміз** – өмір туралы, қоғам, адам тіршілігі, жақсылық, жамандық, т.б. тақырыптарда ақыл-өсиет, насихаттық тұрғыда ой қозғайтын әдеби жанр. Толғаудың негізі – дидактикалық сарын. Толғау ауызша дамып, біздің заманымызға ауызша жетті.

Дулат өлеңдерінде қазақтың шешендік өнеріне тән қысқалық, нұсқалық, көркемдік, шыншылдық, турашылдық, алмастай өткірлік, сенімділік, т.б. ерекшеліктер мен мақал-мәтелге тән түйіп айту, образдылық, салыстыру, нақтылық секілді қасиеттер көрінеді.

### О, Ақтан жас, Ақтан жас...

О, Ақтан жас, Ақтан жас,  
 Сен де жетер ме екенсің?  
 Жетімдіктің белінен  
 Асып өтер ме екенсің?  
 Жарық сәуле көре алмай,  
 Ел шаңына ере алмай,  
 Сол бойы кетер ме екенсің?  
 Жапанға біткен жапырақ  
 Жамылсаң тоңар ма екенсің?  
 Жазғы шыққан бүлдірген  
 Сұғынсаң тояр ма екенсің?  
 ...Бадана көз, тоғыз тор  
 Сауыт киер ме екенсің?  
 Білтеліні тұтатып,  
 Түтінін үзбей оқ атып,  
 Жау қашырар ма екенсің?  
 Тұлпар атты жаратып,  
 Құйрық-жалын таратып,  
 Бежін ерді ерлетіп,  
 Жорыққа жортып терлетіп,  
 Сырты қырлы, жүзі алмас,





Салған дағы жоғалмас  
Сапы асынар ма екенсің?  
Босағасын борлатқан,  
Керегесін торлатқан,  
Тегеріші манаттан,  
Жібектен ызып бау таққан  
Үйге кірер ме екенсің?  
Тең құрбыңмен теңеліп,  
Шаруа жиып кенеліп,  
Бала сүйіп, мал жиып,  
Керсеніңе бал құйып,  
Өмір де сүрер ме екенсің?  
Жетімдіктен өтерсің,  
Шаң бермей әлі кетерсің.  
Қажыма, Ақтан, қажыма,  
Жетерсің, әлі жетерсің!



**Білтелі** – мылтықты оталдыратын ширатылған жіп.

**Сапы** – қарудың түрі.

**Жібектен ызып** – жібек матамен көмкерілген.



: – О, Ақтан жас, Ақтан жас,

Сен де жетер ме екенсің?

Жетімдіктің белінен,

Асып өтер ме екенсің? – деп Дулат атамыздың Ақтан деген жетім балаға арнаған өлеңі екен.



: – Дұрыс айтасың, Ләйлә!



: – Менің бір сұрағым бар, Нұрасыл. Неге ақын сұрақ қоя отырып, өзі айтқан жағдайларға тоқталып, жауабын да беріп кетеді?





: – Бұл әдебиетте **риторикалық сұрау** (лепті сұрау) деп аталады. Риторикалық сұрау – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Өлеңде қойылған сұраудың жауабында екіұштылық, шүбелану болмайды, оны оқушы іштей біліп отырады.

*Мысалы:*

Балалық өлді, білдің бе?  
Жігіттікке келдің бе?  
Жігіттік өтті, көрдің бе?  
Көрілікке көндің бе?

(Абай)



: – Демек, Дулат атамның «О, Ақтан жас, Ақтан жас...» өлеңі риторикалық сұраулы сөйлемге құрылған.

Ел шаңына ере алмай,  
Сол бойы кетер ме екенсің?  
Жапанға біткен жапырақ  
Жамылсаң тоңар ма екенсің?

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ақынның ойы сұрауларға толы. «Жетімдіктің белі» – эпитет.



: **1-тапсырма.** Дулат Бабатайұлы кім? Қай ғасырда өмір сүрген? Қысқаша баяндап беріңдер.



: **2-тапсырма.** Әдеби-теориялық ұғымдарға анықтама беріңдер.

**Эпитет** дегеніміз – ...

**Риторикалық сұрау** дегеніміз – ...



: **3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

- А) «О, Ақтан жас, Ақтан жас...» өлеңінің идеясы неде?
- Ә) Толғау дегеніміз не?
- Б) Шығарма қай жанрға жатады?





**4-тапсырма.** Берілген сұрақтарды талқылап, жауап беріңдер.

А) Зар заман ақындарына тағы қандай ақындар жатады?

Ә) «Зар заман ақындары» деген ұғымды әдебиетке кім енгізді? Ол ғалымның қандай еңбектерін білесіңдер?



**5-тапсырма.** «О, Ақтан жас, Ақтан жас...» өлеңінен риторикалық сұрауларды тауып, топта талдаңдар.

1. ...

2. ...

3. ...

4. ...



**6-тапсырма.** Осы өлеңнің мазмұны аясында «Адамның асыл мұраты» деген тақырыпқа пікірталас ұйымдастырыңдар.



**7-тапсырма.** Жетім бала мен ақын арасындағы әңгімені елестете отырып, диалог құрастырыңдар.



**8-тапсырма.** Ақтанға өздерің қандай өсиет айтар едіңдер? Ойларыңды қағазға түсіріңдер.



: Өлеңді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

**1-мәтін.** Уақыт мөлшері: 10 минут.

1) Өлеңнен көріктеу құралдарын теріп жазыңдар.

2) Ақын баланың тағдырына қалай қарайды? Үзінді келтіріңдер.





: 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 15 минут.

1) Ақынның үміт отын жаққан шумақтарын теріп, есте сақтағандарыңды өз сөздеріңмен жазыңдар.

2) Тыңдағандарың бойынша өлең жолдарын дәптерлеріңе рет-ретімен орналастырыңдар.

Сырты қырлы, жүзі алмас, } 1  
 Салған дағы жоғалмас  
 Тең құрбыңмен теңеліп,  
 Шаруа жиып кенеліп,  
 Бала сүйіп, мал жиып,  
 Керсеніңе бал құйып,  
 Өмір де сүрер ме екенсің?  
 Жетімдіктен өтерсің,  
 Шаң бермей әлі кетерсің,  
 Сапы асынар ма екенсің?  
 Босағасын борлатқан,  
 Керегесін торлатқан,  
 Тегеріші манаттан,  
 Жібектен ызып бау таққан  
 Үйге кірер ме екенсің?  
 Қажыма, Ақтан, қажыма,  
 Жетерсің, әлі жетерсің!



: – XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиеті тарихында жаңа бағыт пайда болды.

Қазақ халқының тарихы мен әдебиетіндегі бастамалар ағартушылық бағытта, яғни оқуға, білімге шақыру бағытында дамыды. Қазақ елінің ұлы тұлғалары Абай, Шоқан және Ыбырай Алтынсарин халықтың білім алуын басты мәселе деп таныды.



: – Оқу-білімге шақырған әдебиетті ағартушылық әдебиет деп атаймыз. Ағарту бағытында жазған ақын-жазушыларды ағартушылар дейміз.







: – Ләйлә, ағарту бағытындағы әдебиетіміздің негізін қалап, қазақ халқына алғашқылардың бірі болып мектеп ашқан – Ыбырай Алтынсарин.

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

(1841–1889)

Қазақ халқының талантты ұлдарының бірі Ыбырай Алтынсарин – аса көрнекті тұлға, ғалым, ақын әрі жазушы, жаңашыл педагог болған адам. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысында дүниеге келген. Ыбырайдың әкесі ерте қайтыс болғандықтан, ол атасының – белгілі би Балқожаның қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып-білуге бейім екенін байқатты. 1850 жылы Орынбор шегара комиссиясының қазақ балаларына арналған мектебіне оқу-



ға түседі. Мектепті бітірген соң, 1857 жылы Орынбор шегара комиссиясында әскери старшина қызметіндегі атасы Балқожа бидің хатшысы болады. Кейін Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. 1860 жылы Торғайда қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылады әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгіленеді. Ыбырай инспекторлық қызметке кіріскен соң, оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде екі сыныптық орыс-қазақ мектептерін ашады. Қазақ жастары арасынан экономика, ауылшаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. 1879 жылы оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» еңбегі жарық көрді. Ы. Алтынсарин патша өкіметінің жергілікті халыққа қысым жасайтын жүгенсіз саясатын айыптап отырды. Оған 1880 жылы «Оренбургский листок» газетінде жарияланған мақалалары айқын дәлел. Ол өз ғұмырының соңғы кезінде: «Мен түбегейлі терең сеніммен туған халқыма шамамның келгенінше



пайдамды тигізем деген ниетімнен ешқашан бас тартпаймын», – деп жазды. 1889 жылы Ыбырай Алтынсарин ауыр науқастан қайтыс болды.



Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының көбі қысқа әңгіме түрінде берілген. Жазушы ретінде қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының қалыптасуына ықпал етті.

**Әңгіме** – эпос жанрының шағын түрі. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіменің көлемі ықшам, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйтқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға жинақы беріледі. Бір айтылған жайларға қайта оралуға, тәптіштеп баяндауға, ұзақ суреттеуге орын жоқ. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді. Оқиға көбіне бірінші жақтан баяндалып, әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығын көрсетеді. Қазіргі әңгіменің бастаулары халық ауыз әдебиетінде жатыр. Сонау көне заманнан-ақ халық өзінің тұрмыс-салты, күнделікті тіршілігі жайлы ауызша әңгімелер туғызып отырған.

## Қыпшақ Сейітқұл

### А

Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Соның бәрін де шамалап қарап, ақыр бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Торғай терісіндегі Қабырға деген өзен-судың бойына тоқтады. Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың қыпшақ деген руға жақынырақ екен деп, сол жерді







ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді. Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен; інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

### Ә

Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып келіп, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді.



## Б

Сейітқұлдың өзі де, жиылған халқы да адалдары көбейіп, бай болды, ел жиылып Сейітқұл жұрт ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай терімен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Солардан сақтану үшін, Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, малдарына реттеп бақташы, қару-жарақты қарауыл-шыңдауыл жүргізді. Бұлардың былайша бір ауызға қарап бекінген халық екенін байқаған соң, малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады. Бұл жағынан көңілі тыныш болған соң, Сейітқұл енді Бұхара, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазаққолды әртүрлі тауар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрмеңке реуішті базар болды. Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты.

## В

Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс-түсіспен жұрттың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті; қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.

Сейітқұл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830 жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егіншіге айналады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады.



: 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

А) Ыбырай Алтынсариннің басқа қандай шығармаларын білесіңдер?





Ә) Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармаларына байланысты деректерді қосымша материалдарға сүйене отырып, толықтырыңдар.

Б) Не себепті қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың басында ағартушылық бағыт дамыды? Олардың ірі өкілдері кімдер болды?



: 2-тапсырма. Берілген тапсырмадағы кейіпкерлердің іс-әрекетін дәптерлеріңе ретімен жазыңдар.

Өңгімеден үзінді	Кейіпкер мақсаты	Кейіпкердің іс-әрекетін бағалау
<p>Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды.</p>	<p>Кедей адамдарды қалай байытамын деп ойлады.</p>	
<p>Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен; інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.</p>	<p>Барымта, ұрлық арқылы тұрмысын жақсартуды ойлады.</p>	
<p>Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті.</p>	<p>Егіншілікпен еліне жайлы жағдай жасауды армандады.</p>	



Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс-түсіспен жұрттың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті; қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан өкімдері талап алып, жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.

Ұрлық түбі – қорлық.



: 3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

А) Сейітқұл елі үшін қандай ой ойлады? Оған ерген халық қандай кәсіппен айналыса бастады?

Ә) Сейітқұл бастаған елге басқалар не себепті қосылды?

Б) Сейітқұлдың ағасы бай болу үшін не істеді? Соңында тағдыры қалай аяқталды?



4-тапсырма. Өңгіменің сюжеті бойынша ретімен дәптерлеріңе жазыңдар.

Сейітқұлдың ағасының тағдыры

Жаңа кәсіппен айналысқан ел

Сейітқұлдың жайлы қоныс іздеуі

Жұрт ағасы болған Сейітқұл



5-тапсырма. Өңгіме мазмұнына байланысты өз пікірлеріңді топта талқылаңдар.

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Менің пікірім/ Біздің пікіріміз
Сейітқұл	Халықты егін егуге үйретті, еңбекке баулыды.	
Сейітқұлдың ағасы	Барымта, ұрлық жасап бай болғысы келді.	



## Атымтай жомарт

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді: – Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп. Жомарт айтты дейді: – Төрт түрлі себеп бар. Өуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: Құдай Тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.



**: 1-тапсырма.** Берілген сөздің мағынасын түсіндіре отырып, осы сөз кездесетін мақал-мәтелді дәптерлеріңе жазыңдар.

Сөз	Мағынасы	Мақал-мәтел
жомарт		
қанағат		
дәулет		



**: 2-тапсырма.** Өңгімедегі Атымтай жомарт айтатын төрт түрлі себеп туралы өз пікірлеріңді білдіріңдер.







: **3-тапсырма.** Қазіргі заманда Атымтай жомарт сияқты адамдар бар ма? Бүгінгі заманның Атымтай жомарттары қандай адамдар? Олардың қандай ізгі істерін көрдіңдер, байқадыңдар, өз ойларыңды шағын эссе түрінде жазыңдар.

### Дүние қалай етсең табылады?

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

– 1791 жылда, өзім университет деген үлкен школда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң бірге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

– Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді. Сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ. Елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң, бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым.

Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, – деді де, жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң, терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.





1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

– Айып етпесеңіз, сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, таңғалып:

– Сен Антонбысың? – дедім.


– Рас, – деді Антон, – мен сондағы көрген тіленші Антонныңыңды өзiмiн. Сол жүргенiңiздегi бiр күн қасыңызда бiрге жолыққан кiсiнiң айтқандары көңiлiме кiрiп кетiп, тiленшiлiктi тастап, жұмысқа кiрiстiм. Iсiме нық, малыма күтiмдi болдым. Ақырында, сол кiсiнiң айтқаны келiп, мiнеки, осы зор дүкеннiң иесi болдым, – дедi.

- **франк** – француз жұртының теңгесі; біздің ақшамызға шаққанда, бір франк жиырма бес тиын күміске есеп. (БІ. А.)
- **жұртым** – үйім. (БІ. А.)



: 1-тапсырма. Тақтада сурет пен әңгіме бөліктерін сәйкестендіріңдер.

1



2





А

Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді:  
 – Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Ә

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен.

Б

Жомарт айтты дейді:  
 – Төрт түрлі себеп бар. Өуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргі-



зеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.



Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін.



Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен.



Төртіншісі: Құдай Тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.



: 2-тапсырма. Кестені дәптерлеріңе сызып, толтырып жазыңдар.

Әңгіме аты	Тақырыбы	Идеясы
Қыпшақ Сейітқұл		
Атымтай жомарт		
Дүние қалай етсең табылады?		



: 3-тапсырма. Ізденіп, тапсырмаларды орындаңдар.

А) Автор қолданған сөздер арқылы әңгімедегі кейіпкерлердің бейнесін табыңдар.

Ә) Автор оқырмандарына кейіпкерлерінің қандай қасиеттерін танытқысы келді?

Б) Әңгіме кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктерін талдап жазыңдар.







**4-тапсырма.** Мәтін үзінділерін пайдалана отырып, дәптерлеріңе әр кейіпкердің ерекше қасиеттерін жазыңдар.

А) – Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не?

Ә) Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды.

Б) – Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді. Сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзіңді кемшілікке салып жүрсің.



**5-тапсырма.** Әңгімелерден алынған үзінділерді топта талқылап, қандай үлгі-өнеге туралы айтылатынын анықтап беріңдер.

А) ... Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұрттым бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, – деді де, жөніне жүріп кетті.

Ә) Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, малдарына реттеп бақташы, қару-жарақты қарауыл-шыңдауыл жүргізді. Бұлардың былайша бір ауызға қарап бекінген халық екенін байқаған соң, малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады.

Б) Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.



**6-тапсырма.** «Қыпшақ Сейітқұл», «Дүние қалай етсең табылады?», «Атымтай жомарт» әңгімелерінің «кілт сөздерін» жазыңдар.





А) Берілген үш әңгіменің өздеріңе ұнаған бір кілт сөзін таңдап, сол ұғым туралы Интернеттен ақпарат іздеңдер.

Ә) Осы тақырып аясында қазіргі кезең мен әңгіме жазылған уақыт көзқарастарын салыстырып талдаңдар. Дәлел келтіріңдер.



: 7-тапсырма. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінен түйген ойларыңды мақал-мәтелдермен қорытындылаңдар.



: 8-тапсырма. Ыбырай Алтынсарин шығармасындағы өздеріңе ұнаған бір кейіпкерге хат жазыңдар.



: Мәтінді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 15 минут.

Естіген мәтін мазмұнының қысқаша жоспарын дәптерлеріңе жазыңдар.



: 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 15 минут.

Мәтінді тыңдап, *«Себебі баламды да жасынан бос жұруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, – деді де, жөніне жүріп кетті»*, – деген сөздердің мағынасын қысқаша түсіндіріп беріңдер.



: 3-мәтін. Уақыт мөлшері: 12 минут.

Атымтай жомарт айтқан төрт өсиетті өз сөздеріңмен дәптерлеріңе жазыңдар.





## АДАМГЕРШІЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ



: – Қымбатты достар! Сендермен бүгін «Адамгершілік – асыл қасиет» деген тақырыпта ой өрбітетін боламыз. «Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұл адамгершілік қасиеттер», – деген екен ағартушы-педагог Ыбырай атамыз.



: – Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамгершілік қасиет болмаса, адам өзін-өзі сыйламайды. Халқымыз адам бойына жат қылықтарды мысалмен көрсететін болған.



: – Белгілі оқиғаларды тілге тиек ету барысында, өмірден, қоршаған ортадан көптеген мысалдар келтіреміз. Ал әдебиеттегі мысал жанры деген не?



**Мысал** – шағын көлемді, оқиғалы, адамға сабақ боларлық тәрбиелік, тағылымдық мәні бар шығарма. Көбіне аң, хайуанат, жәндік туралы жазылады, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік сықақпен сыналады. Идеясы астарсыз, ашық, тура, мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді.



: – Ол өлеңмен де, қарасөзбен де беріледі. Еңбексүйгіштік, әділдік, адалдық пен қарапайымдылық сияқты жақсы қасиеттерді мадақтап, үйретеді, жағымсыз қылықтарды мысқылдап, одан сақтандырады.



: – Дұрыс айтасың, Нұрасыл! Мысалда аң, хайуанат, өсімдік не болмаса өзге бір зат туралы сөз болғанымен, ақынның немесе жазушының айтайын деп отырғаны



адам туралы екенін, адам бойындағы мінді, кемшілікті түспалдап, ажуа-күлкі ететінін білуіміз керек. Шығарма авторы оқушыға, тыңдаушыға кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беруге жәрдемдеседі.



: – Өмірді шыншылдықпен суреттеуде, әртүрлі топтар өкілдерінің мінезін, іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиралық бейнелер жасауда сөз өнерінде мысал жанрынан асқан көркемдік құрал жоқ.



: – Мысал арқылы (өмірден алынған шығармалар) әлеуметтік ойға ықпал етуге болады. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан тұрмыста кездесетін суреттер ұласа келеді. Әртүрлі аңдар түрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады.



Мысалда адамдардың орнына жануарлар мен жәндіктерді, өсімдіктерді алып көрсеткен. Олар адам істеген әрекетті жасайды. Бұлай көрсетуді **аллегория** деп атайды.



: – Қазақ сөз өнерінде мысал жанрын дамытқан – Абай Құнанбаев. Ол орыстың белгілі мысалшысы И.А. Крыловтың мысалдарын аударған.



: – Абайдан кейін қазақтың көрнекті ақыны Ахмет Байтұрсынұлы аударып, 1909 жылы Петербургте «Қырық мысал» деген атпен кітап етіп шығарды.



: – Достар! Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырнаманасы, мысал өлеңдерімен бірге танысайық!





## АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ (1873–1938)



Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы қыркүйек айының 5-і күні қазіргі Қостанай облысы Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген.

Қазақ халқының ағартушы ақыны, әдебиет зерттеушісі, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы және қоғам қайраткері.

XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ұлттық жазудың реформаторы.

А. Байтұрсынұлы артына көп мұра қалдырды. Солардың бірі – көркем аударма саласы. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, бұл саланы байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын жеке жинақ етіп бастырды. И.И. Хемницердің «Ат пен есек», А.С. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын өтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, лирик ақын С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

### *Ғалым пікірі*

#### **Міржақып Дулатұлы:**

*«... А. Байтұрсынұлының өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады... А. Байтұрсынұлының арқасында санасыз түрде болмаса да, шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, ... өз ағаттықтарын түсіне бастады...»*





**Рымғали Нұрғали:**

*«Екі жинақ – «Қырық мысал», «Маса» – қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектерімен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам-тарам жүлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады».*

**Адамдық диқаншысы**

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,  
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.  
Тұқымын адамдықтың шаштым, екітім,  
Көңілін көгертуге құл халықтың.

Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,  
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.  
Оттай бер, жануарым, екі аяқты,  
Адамдық хайуанға қанша қажет?!

Жаратқан малды Құдай не керекке –  
Мінуге, сою, соғу, жүндемекке.  
Жорта бер қамыт киіп, қамшыңды жеп,  
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.

Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,  
Көк есек қозғала ма түрткенге айдап?  
Есептен алданғандай болғандар көп,  
Жасықты асыл ма деп білмей қайрап.



: **1-тапсырма.** Мысал жанрының ерекшелігін талдап, дәптерлеріңе жазыңдар.

1. ...
2. ...
3. ...





: **2-тапсырма.** Төмендегі теориялық ұғымдарға анықтама беріңдер. Өздерің мысал келтіріңдер.

**Мысал** дегеніміз – ...

**Аллегория** дегеніміз – ...



: **3-тапсырма.** Ахмет Байтұрсынұлы мысал жанрын кімдерден аударған? Бағанды толықтырып, дәптерлеріңе жазыңдар.

<b>Шығарма авторы</b>	<b>Аударылған шығарма атауы</b>
А.С. Пушкин	Балықшы мен балық
И.А. Крылов	Егіннің бастары



**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

- А) Ахмет Байтұрсынұлы кім?
- Ә) Оның әдебиет саласына сіңірген еңбегін айтыңдар.
- Б) Ахмет Байтұрсынұлы мысал жанрына қандай үлес қосты?
- В) «Адамдық диқаншысы» деген кім?



**5-тапсырма.** «Адамдық диқаншысы» мысалын топта талдаңдар. Өлең сюжеті бойынша шағын таныстырылым жасаңдар.



: **6-тапсырма.** Мысал бойынша «Адамдықтың сыры» атты сценарий құрастырыңдар.



: **7-тапсырма.** Адам мен нағыз адам арасындағы айырмашылықтарды екі бағанға жазыңдар.





: 8-тапсырма. Өлең үзіндісін мәнерлеп оқыңдар.

«Адамдық диқаншысы қырға шықтым,  
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.  
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,  
Көңілін көгертуге құл халықтың», –

деген жолдардың мәнін қалай түсіндірер едіңдер?



: 9-тапсырма. «Мен – адамдық диқаншысымын» деген тақырыпта эссе жазыңдар.



: Өлеңді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 5 минут.

- 1) Адамдық диқаншысының мақсаты не?
- 2) «Адамдық диқаншысы қырға шықтым,  
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым», –

деген жолдардағы *көлі жоқ, көгалы жоқ* деген сөздері арқылы ақын нені айтпақ болады?

- 3) Адамдықтың тұқымы деген не? Мысал келтіріңдер.
- 4) «Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,  
Көңілін көгертуге құл халықтың», –

деген жолдардағы *құл халық, адамдықтың тұқымы, көңілін көгертуге* деген сөздер әдеби-теориялық ұғымның қайсысына сәйкес келетінін табыңдар.



: 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 10 минут.

1) Осы оқиғаның соңын жалғастырып жазыңдар. Не жайында айтылады?

«Оттай бер, жануарым екі аяқты,  
Адамдық хайуанға қанша қажет?!»



- 2) «Жорта бер қамыт киіп, қамшыңды жеп,  
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке», –  
деген өлең жолдарында не туралы айтылады?
- 3) Естіген өлең үзіндісін қарасөзбен жазып шығыңдар.



: 3-мәтін. Уақыт мөлшері: 10 минут.

- 1) «Таяққа еті ұйренген қойшы», «көк есек» ұғымдарына анықтама беріңдер. Өмірден мысал келтіріңдер.
- 2) «Жасықты асыл ма деп білмей қайрап» деген жолдардың мағынасын түсіндіріңдер.

### Егіннің бастары

Бір адам жас баласын жанына алды,  
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.  
Қыдырып әрлі-берлі жүрді-дағы,  
Егінші егін еккен жерге барды.

Аралап әр егінді қарап жүрді,  
Кез еді пісіп болған егін түрлі.  
Бастарын дөнге толған төмен салып,  
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.

Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,  
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.  
Баланың сол бидайға көзі түсіп,  
Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап:

«Құбылып бидайлар тұр басын салып,  
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.  
Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,  
Бір іске тұрмын өзім қайрап қалып.

Бұл бидай көтеріп тұр басын көкке,  
Қарайды шекірейіп өзге көпке.





Өзіне өзгелерді теңгермейтін,  
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?»

«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,  
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.  
Өзгесі төмен қарап бүгілгенде,  
Ойлама кем екен деп бәрі сонан».

Және де әкесі айтты баласына:  
«Сұқтанба құр сорайған қарасына.  
Құдайым өзгесіне дән бергенде,  
Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.

Бидайлар басы толық иіліп тұр,  
Дән берген қожасына сиынып тұр.  
Басында бұл бидайдың дәні болмай,  
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр».

\* \* \*

«Елде көп бұл бидайдай адам, – дейді, –  
Төкаппар, оны халық, жаман, – дейді, –  
Қалпы емес төкаппарлық данышпанның,  
Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді.



: 1-тапсырма. Мысал өлеңнің жоспарын құрыңдар. Құрылған жоспар бойынша сюжетін әңгімелеңдер.



: 2-тапсырма. Диалогті табыңдар. Әке мен баланың диалогін кезектесіп оқыңдар.



: 3-тапсырма. Бидайдың сипаты арқылы берілген адам мінез-құлқын қарасөзбен жазыңдар.



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

А) «Егіннің бастары» мысалында не жайында айтылады?



Ә) *Піскен бидай* мен *шикі бидай* деген сөздерді адам болмысына ауыстырып, сипаттаңдар.

Б) Ақылды, адамгершілігі мол, білімі терең адам қасиетін бидай сипатында айтып беріңдер.



**5-тапсырма.** Өлең жолдарынан көріктеу құралдарын тауып, теріп жазыңдар. Олардың мағынасын түсіндіріңдер.



**: 6-тапсырма.** «Қарапайымдылық – қадірлі қасиет» атты тақырыпта пікіралмасу ұйымдастырыңдар.



**: 7-тапсырма.** Піскен бидай мен дәні толмаған бидайдың диалогін құрастырыңдар.



**: 8-тапсырма.** «Адамдық диқаншысы», «Аққу, шортан һәм шаян», «Егіннің бастары» мысалдарының сюжеттік ұқсастықтарын табыңдар.



**: 9-тапсырма.** Осы мысалдар бойынша адам бойындағы жағымсыз мінездерді анықтап, одан арылу жолдары туралы өз ойларыңды жазыңдар.



**: 10-тапсырма.** «Егіннің бастары» өлеңін жаттап алыңдар.



**: Өлеңді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.**

**4-мәтін.** Уақыт мөлшері: 10 минут.

- 1) Көкке қараған бидайға мінездеме жазыңдар.
- 2) Басы дөнге толы бидайлардың портретін беріңдер.
- 3) Өкесі бидайдың қылығын қалай түсіндіріп берді? Оқулықтан табыңдар.





: 5-мәтін. Уақыт мөлшері: 10 минут.

1) *Тәкаппар* сөзінің синонимдерін тауып, адамның жағымсыз мінез-құлқын тізіп жазыңдар.

2) «Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның...» деген жолдардан не түсінесіңдер?



: – Ләйлә! «Қазақ әдебиеті» оқулығы күн сайын бізді жаңа жанрлармен, жаңа шығармалармен таныстырды.



: – Дұрыс айтасың, Нұрасыл! «Қазақ әдебиетін» оқыған сайын туған әдебиетіміздің қаншама сөз маржандарын білдік. Авторлары да, жанрлық ерекшелігі де, сонымен қатар көлемі де әр алуан.



: – Бүгін біз жанрдың жаңа бір түрі хикаятпен танысамыз.



**Хикаят** (повесть) – романнан кіші, әңгімеден үлкен шығарма. Ол баяндау түрінде қарасөзбен жазылады. Бұл – эпикалық проза жанрының бір түрі. Хикаяттың көлемі емес, көтерген жүгі мен арқау еткен мәселесінің ауқымы шағын. Ахмет Байтұрсынұлы хикаят туралы: «Ұлы әңгімеден өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады», – дейді.



: – Қазақ әдебиеті тарихында хикаят жазған қаламгерлеріміздің бірі – Бердібек Соқпақбаев.



: – Жазушының «Менің атым Қожа» хикаятын оқиық.



## БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ

(1924–1991)



Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы қазіргі Алматы облысы Нарынқол ауданы Қостөбе ауылында дүниеге келген. Қазақ балалар жазушысы. «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында, Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызмет атқарды (1952–1970). «Бұлақ» (1950) өлеңдер жинағы, «Он алты жасар чемпион» (1951), «Бақыт жолы» (1952), «Алыстағы ауылда» (1953), «Балалық шаққа саяхат», «Дала жұлдызы» (1960), «Аяжан» (1963), «Гауһар» (1966) хикаяттарын жазды.

«Менің атым Қожа» (1957) кітабы балалардың сүйіп оқитын шығармасына айналып, орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды.

1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясы сол кітап бойынша жазылған киносценарийді экранға шығарды. 1965 жылы «Балалық шаққа саяхат» атты хикаятының желісімен фильм түсірілді. «Менің атым Қожа» Францияның Канн қаласындағы жастар мен балаларға арналған кинофильмдердің халықаралық фестивалінде 1967 жылы арнайы сыйлыққа ие болды.

Б. Соқпақбаев «Бозтөбеде бір қыз бар» (1958), «Әпенденің айнасы» (1960), «Менің атым Қожа» (1967), т.б. драмалық шығармалар жазды. Жазушының қырқыншы жылдардағы жастар өмірінен жазған «Өлгендер қайтып келмейді» (1969) романы орыс тіліне аударылып басылды.

### МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА

*(Хикаяттан үзінді)*

**Менің атым...**

Менің атым...

Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт





па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл өзіңе де ұнамайды-ақ. Өттең, қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін иемденіп алар едің. Бірақ амалың нешік, сен қызылшақа болып, жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығыңды пайдаланып, әке-шешен немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген. Өскембайдың баласына Тыңжыртар деп ат қойған секілді өзге қызу жұрт сол арада ду қостап, осы болсын баланың аты, осы болсын, мұнан жақсы атты дүниені шырқ айналсақ та таппаймыз дескен. Міне, сол күннен, сол мезеттен бастап, әлгі ат сенімен бірге туғандай маңдайыңа шапталған да қалған. Енді одан көзің тіріде қашып құтыла алмайсың. Ұнатпасаң да, мойныңа іліп жүре бересің.

...Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай деп жазылған. Бірақ дүниеде не қилы ғажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе «Қожабергеннің» «бергені» үзіліп түсіп қалыпты. Бұл құбылыстың дәл қай жылы, қай айда, қай күні болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды.

Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір сыныпта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін өңімізге қарап, мені «Қара Қожа», оны «Сары Қожа» деп атайды.

Әуел баста мен бұған да шамданып қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әу» деп, жалт қарайтын болдым.

Жантас тәрізді құжақтар осының өзін де дұрыс айтпайды, әдейі бұзып, келемеждеп, «Қара Қожа» деудің орнына «Қара Көже» дейді. Мен байқамай қалып «әу!» деймін. Бірақ бұл қылығы үшін, бейшараның обалы нешік, тиісті сыбағасын менен талай рет алды...



Фамилиям Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда менің олардан алабөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім.

### Жолдама жайында

Таңертеңгі шайымды ішіп алғаннан кейін аяндап, мектептің спорт алаңына қарай келе жаттым.

...Мектептің қасында Жантас ұшыраса кетті. Қолында мөр басылған бір жапырақ жазулы қағазы бар. Соны шертіп-шертіп қойып:

- Қара Көже, мынаның не екенін білесің бе? – дейді.
- Ол не?

– Лагерге жолдама. Біз лагерге баратын болдық. Ал сен көшедегі иттерді тәртіпке салуға ауылда қалатын болдың.

Тілінің қыршаңқылығы үшін Жантасты мытып алғым келіп бір тұрдым да, әуелі жолдама жайын тиянақтамақшы болдым.

- Оны саған кім берді?

– Кім беруші еді? Майқанова апай берді. Бірақ сен жоқсың тізімде.

«Неге жоқпын?» Жантастан Майқанованың қайда екенін сұрап едім, мектепте деді.

Бұдан былай біреуді келемеждеп сөйлеудің қандай екенін білуі үшін Жантасты мұрынға сырт еткізіп бірді шерттім де, жүгіре жөнелдім. Сол бойда екпіндеген қалпыммен мұғалімдер бөлмесіне алқынып кіріп бардым.

Майқанова бірдеңе жазып, жалғыз отыр екен, маған басын көтеріп алып, таңырқаған кейіппен қарады:

- Не болды? Не болды, Қадыров?
- Лагерге жолдама беріңізші маған.

– Саған бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезекте барасың.

- Неге?

– Неге болушы еді: барлық оқушыға бірден жетіспейді. Ал, екіншіден, ең әуелі біз лагерге үлгілі, тәртіпті оқушыларды жібереміз.

- Жантас немене... менен артық болғаны ма?





Майқанова екі бүйірінен біреу қысып қалғандай еңсесін кілт көтеріп алды:

– Сен немене? Мені тергегелі тұрсың ба?

Майқанованың көкшіл көзі шатынай бастады. Оның бір ашуланса шапылдап, жуық арада толас бермейтінін білем.





– Бермесеңіз, қойыңыз, – дедім де, жалт бұрылып, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындай әділетсіздікке қаның қалай ғана қайнамайды! Жантас – біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабақ үстінде сыбырлап-сыпсыңдағыш; өзі тақтаға шыққанда көрінгенге құлақ түргіш Жантас үлгілі оқушы болғаны да, мен үлгісіз болғаным. Менің сабақ үлгеруім одан көш ілгері екені, екпінділігім ешқандай есеп емес.

Соңымнан ілесе шықты Майқанова:

– Қадыров! Бері кел.

Мен бұрылып та қарамадым.

– Қадыров!

Есіктен жүгіріп шығып кеттім.

Турникке сүйеніп, жылмия қарап Жантас тұр. Зығырданым одан бетер қайнап кетті.

– Немене, жолдама алдың ба? – деп сиқырланып, жолымды тосқауылдай қалыпты.

– Алдым, – дедім.

– Кәне, көрсетші?

Сарт еткізіп танаудан тағы бірді шерттім.

– Міне.

... Өмір дегенді ойлап отырсаң, қызық нәрсе. Бірі мен бірінің қалайда тұзы жараспайтын кереғар жаралған адамдар болады. Майқанова екеуіміз соның дәл өзі секілдіміз. Біздің кикілжіңіміз күзде, ол осында мұғалім болып келген бетте-ақ басталды.

### Ағаттықтың азабы

– Келесі сабақта қайсың бақа ұстап әкелесіңдер? – деп сұрады зоология пәнінің мұғалімі Оспанов.

– Мен әкелем, – дедім.

– Қадыров, сен әкелесің. Ұмытып кетпе бірақ.

– Ағай, неше бақа әкелейін?

– Бір... екеу әкелсең жетеді.

Мен бір, екеудің орнына тіс порошогінен босаған қаңылтыр қобдишаға толтырып, бес бақа әкелдім. Оның біреуі ғана үлкендеу еді де, басқалары кішкентай ұсақ бақалар болатын.

Бірінші сабақ – қазақ тілі. Сыныпқа Майқанова кірді де, сынып журналы мен сумкасын менің алдыма үстел үстіне қалды-





рып, өзі тысқа шығып кетті. Қоңырау әлі бола қоймаған. Сол кезде сап етіп, басыма бір қызық ой келе қалды. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сумкасына сүңгіттім де жібердім. Не болар екен?

Қоңырау соғылды, сабақ басталды. Тізім шақырып болғаннан кейін, Майқанова сумкасын ашып, қол орамалын суырып алды. Сол кезде кішкентай қара сұр бақа қол орамалмен қоса секіріп шығып, секемшіл мұғалімнің қолының дәл үстіне қонбасы бар ма?! Майқанованың шаңқ еткен дауысы бір-ақ шығып үлгерді. Өңі құп-қу болып, сылқ етіп құлап бара жатыр...

Майқанова содан сабаққа екі күн бойына келмеді. Шошынып ауырып қалыпты. Жұмысқа бүгін ғана шығып отыр. Бүкіл мектепті даңғаза қылған бақа оқирғасының мән-жайы, міне, осындай.

...Көз байланып кетті. Жоңышқаның төбесінде дөңбекшіп әлі жатырмын. Не істеймін? Қалай көрінемін мамама...

Әр нәрсенің шегі бар, мен қашанғы жата берейін. Тәуекел деп, үйге кірмекші болдым. Қораның арт жағынан түсіп, үстімнің шөбін қағып, бойымды тәртіпке келтіріп алдым. Жүрегім лүп-лүп етіп, алқымыма тығылады.



Есікті аша бергенімде, тынысым мүлде бітіп, жүрегімнің соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең көзге тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірдеңеге ұқсар деймін. Ауызүйден әжем ұшырасып:

– Сен қайда қаңғып жүрсің? Шешең келді, – деп төрүйді нұсқады. Сонан соң құлағыма сыбырлап: – Байқа, шешең саған ашулы, – деді.

Төрүйге кірдім. Мамам киімшең күйі өз төсегінде бір уыс болып, әрі қарап, бүк түсіп жатыр.

– Мама.

Мамам жауап қатпады. Мен жақындай түсіп, оның уысында көзіне басып алған қол орамалы бар екенін көрдім. Жүрегімді біреу ұстарамен тіліп жібергендей болды.

– Мама, сен жылап жатырмысың?

Мамам басын жайлап көтерді де, маған қарай бұрылды. Жасқа шыланған қоңыр көздері біртүрлі бөтен, суық.

– Иә, жылап жатырмын, – деді ол. Дауысы қарлығып, бітіп шықты. – Қайтейін жыламай. Құдай бағын ашпаған мен сорға жылаудан өзге не бұйырған. Қу жалғыз, сенің-ақ күйігіңді тартып өлетін болдым ғой. Осы сен не боп барасың күннен-күнге. Бұл не сұмдық? Жүрген жеріңе шөп шықпағыр боп барасың ғой. Ұялмайсың ба, бір мезгіл елден-жұрттан. Қу жалғыз-ау, айтшы, не болды мұнша саған бұзылып? Өлтірдің ғой мына сорлы анадь. Неге тыныш жүрмейсің?! Осы саған не жетпейді?

– Маматай, қойшы. Ендігәрі...

Мамам менің жалбарына созған қолымды қағып жіберді:

– Жолама. Мама деуші болма мені. Құдайдың сендей бала беріп, азапқа сап қойғанынан да, қу бас тастағаны артық еді ғой.

– Қойшы, маматай... Ең соңғы рет кешірші. Ант етемін...

Мамамның тізесін құшақтай жығылған қалпым еңіреп жылап жібердім.

### «Түбінде адам болатын бала»

Жұмыр жер күндегі дағдысы бойынша, тынбастан зырлап, кіндігін және бір айналып шықты. Тарих тағы бір тәулікке ұзарды. Осы бір тәуліктің, яғни жиырма төрт сағаттың ішінде мынау ығыжығы күнәһар дүниеде кімнің басынан не көшіп үлгермеді дейсің. Қанша адам өмірге жаңадан келіп қосылды, қанша адам оларға



орын босатып, о дүниедегі мәңгілік мекендеріне сапар шекті. Осы бір тәуліктің ішінде қаншама бақытты кеудеде қуаныштың оты маздап жанбады, қатал тағдыр қаншама басы жұмыр пендесін қайғының қара суығында бүрсеңдетпеді. Осы соңғы топқа мен де қосыламын.

Мен өзімнің он үш жыл өмірімнің ішіндегі ең бір қатыгез күнді бастан кештім.

Тыста қараңғы, ауыл үсті тыныштық. Ақымақ иттер ғана әр жерден әуп-әуп үріп басылады. Көшенің басынан бір ит шәу ете қалса, соңынан оған басқа бір ит үн қосады. Сонан соң үшінші, төртінші иттер әуілдесіп, «о не, не боп қалды?» дегендей ауылдың бүкіл иті улап-шулап кететін сәт те болады. Оның ішінде айбарынан да айғағы көп, шиңкілдек күшік үндері, маңтөбеттердің қарлыққан қалың дауыстары... бәрі аралас... Бейберекет үргенді, тақымнан үндемей келіп ала түскенді қашан қояр екенсіңдер?!

Мамам екеуіміз мектепке педсоветке келе жатырмыз. Күздің салқын кеші тоңазыта ма, жоқ әлде үрейленуден бе, іші-бауырым қалтырап келеді.

Мектептің алдында біреу шылым шегіп тұр. Мен оны көкшіл аспан айнасындағы келбетінен анадайдан таныдым – Ахметов. Галифе шалбар киген жіңішке аяқтары сидиып, шашы қақ жарыла желбіреп, қаздиып тұр. Сізді күтіп отырмыз деп, мамамды қолтықтап дереу ішке әкетті. Маған өзіміз шақырамыз, осы арада күте тұр деді.

Саябанға көтерілдім де, сол арадағы тақтай орындықта тосып отырдым.

Осы кезде үй пұшпағынан біреудің келе жатқан тысыры естілді. Тырп-тырп басқан аяқ дыбысына тық-тық қадалған таяқ үні қабаттасады. Көп ұзамай аяқ пен таяқтың қожасы да көрінді. Мектеп күзетшісі – Сәйбек қарт. Сәйбек кілт тоқтай қалып, шегарадағы сақшыдай қатал үн қатты:

- Бұл кім?
- Мен ғой, ата.
- Менің кім?
- Мен, Қожамын.
- Мұнда неғып отырсың?
- Педсоветке келдім.





– Онда сенің не шаруаң бар?  
 – Мен жөнінде мәселе қарап жатыр.  
 – Мәселе? Қандай мәселе? Сені мұғалім етеміз дей ме?  
 – Директор етеміз дейді.  
 – Онда тіптен жақсы. Жалақың көп болады, – Сәйбек менің қасыма келіп отырды. – Әй, Қожа. Сенің әкең марқұм азамат еді ғой. Оған тартсаң, директор түгіл, одан үлкені боласың. Бірақ оған тартпағансың.

Мен сенің әкеңе қарыздар адаммын. Менің мойнымда оның тиын емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр. Қалай дейсің ғой. Міне былай, алғаш колхоздасқан жылдың күзінде мен, оның келіскен бір жорға күрең аты бар еді, ол кезде жұрттың көбі қара жаяу, соны диірменге мініп барып, сазға батырып, өлтіріп қойдым. Суып, қаңсып тұрған атты суармай отқа қоям деп, өзімнен болды. Аяғы шідерлеулі еді. Су ішем деп барып, оппаға түсіп кетіпті. Ертесінде қарасам, суға сүңгіген үйректей арт жағы ғана көрініп, тоңқайып жатыр. Он шақты жігіт жабылып, арқан сап әрең суырып алдық. Міне, басқа біреу болса, соны қыңқ еткізбестен төлетіп алар еді ғой. Ал Қадыр марқұмның кеңпейілдігі соншалық, сіз қас қып өлтірген жоқсыз ғой, ажалы солай тура келген шығар деп, үнсіз қоя салды. Міне, әкең осындай парасатты, ақылды жігіт еді. – Сәйбек осыны айтты да, сәл ойланып барып: – Ал, сен... сен ғана емес-ау, қазіргі осы оқып жүрген балалар, көбің ақымақсың, – деді. – Неге дейсің ғой. Ақымақ емей немене, тәртіпті жүр, оқуыңды жақсы оқы, адам бол десе, сендер соның бәрін керісінше істейсіңдер.

Осы кезде іштен Оспанов шығып:

– Қадыров, қайдасың? – деп дауыстады.  
 – Бар, өне шақырып жатыр. Әй, сотанағым...

Директор кабинетіне осы мектепте бір оқушы ең көп бас сұқса, сол мен болармын деймін.

– Берірек кел, – деді ол қолындағы автоқаламымен бөлменің ортасын нұсқап. Алдымда қақпан құрулы тұрғандай, жыбырлап бір-екі аттадым. Екі жақ қабырғада тізіліп отырған мұғалімдердің барлық көзі жан-жағымнан найзадай түйреп, қадалып барады. Әсіресе, оң жақта, директорға таман отырған Майқанованың сұсы қатал да сұрапыл көрініп кетті.





– Қадыров, сені біз мұнда не үшін шақырып отырмыз, білесің бе? – деді Ахметов.

– Білемін, – дедім.

– Не үшін шақырып отырмыз?

– Тәртіпсіздігім үшін шақырып отырсыздар.

Екі-үш жерден мырс етіп күлген үндер естілді.

– Сені мектеп өмірі тойдырды ма? Бұдан былай оқығың келмей ме? – деп сұрады Ахметов.

– Жоқ, оқығым келеді.

– Ендеше неге қоймайсың тәртіпсіздікті!

Ахметов «неге» деген сөзді бар дауысымен шегелей айтып, үстелді үлкен ауыр алақанымен сарт ұрып, ұшып түрегелгенде, мен ғана емес, бүкіл отырғандар түгел селк ете қалды.

– Қоямын енді... кешіріңіздер...

– Бұл нешінші... Жүзінші рет уәде беруің бе? – деп киіп кетті Майқанова.

– Бұдан былай ешқашан да тәртіп бұзбаймын.

Менің қазіргі талқыға салып отырған тәртіпсіздік қылықтарымының қай-қайсының да себебі бар еді. Қазды атқан мен емеспін, Сұлтан. Ал бақаны мен сумкаға Майқанова талып жығылып қалсын деп, оның соншалық шошымал адам екенін біліп салған жоқпын. Тіпті бұның ақыры не болады деп, ойлап та жатпадым, салғым келді – салдым. Осындай бір ақымақтық кейде ақылға мұрша бермей дедектетіп әкететіні бар. Істеп алып, соңынан бармағыңды тістейсің.

\* \* \*

Терезенің түсында мектептің бағы бар. Осыдан бес-алты жыл бұрын өз қолымызбен отырғызылған қайың-теректер бұл күнде қолдың саласындай тізіліп, асқақтап тұр. Шарбақтың көп кетігінің бірінен зып беріп осы баққа кірдім де, бір теректің басына маймылша өрмелеп, шығып алдым. О, бұл арадан мұғалімдер үйінде не болып жатқаны сайрап көрінеді.

...Ахметов сөзін бітіріп отырды. Мамам түрегелді. Балажан, байғұс анам, мен үшін отқа да, суға да түседі шырылдап.

...Мен мамамды ғажап аяймын. Ойпыр-ай, неге мұндай тынымсыз, сотанақ болып тудым! Темір секілді жер қозғалса да қозғалмайтын, маңқиып жайына жүретін момын болып неге тумадым?



...Педсовет аяқталды, жұрт тарай бастады. Мен ағаштан тезірек түсіп кетпекші болып едім, бір бөтеңкем екі бұтақтың арасына кептеліп қалып, шыға қойсыншы. Жұлқи тартып қалғанымда, мәссаған, табаны дыр етіп, қақырап түсті...

Мұғалімдердің алды тысқа шығып та үлгерді. Дымымды ішіме бүгіп, теректің діңіне жабысып, қаттым да қалдым. Ахметов пен Майқанова оқшауланып, бермен қарай бұрылды. Екеуі мен тұрған теректің тура түбінен өтіп бара жатыр.

– Қадыров түбінде адам болатын бала, – дейді Майқанова.

– Оты бар, – деп, қостады Ахметов. Екеуі былай ұзай беріп, мен жөнінде тағы бірдеңелерді сөйлесіп бара жатты, бірақ мен анықтап ести алмадым. Өлгі естігенімнің өзі қолқа-жүрегімді солқ еткізгендей әсер қалдырды. Мен Майқанованы қас дұшпаным санап жүрсем, ол мені «түбінде адам болатын бала» деп, директорға мақтап бара жатқаны қалай? Ап-айқын, тап осылай деді. Міне, жұмбақ...

### Құпия кеңес

Кешкі астан кейін төрүйге кіріп, үстел шамды жақтым да, сырттан ештеңе көрінбестей етіп, терезе перделерін түсірдім. Бұрышта кісі бойы үлкен айна тұр. Үстелімді соның дәл алдына тақап қойдым да, дүниені шулатып, сойқандап жүрген қылмыскер Қожамен бетпе-бет келіп отырдым.

– Қадыров Қожаның жекебас құпия кеңесі ашық деп жариялаймын. Күн тәртібінде бір-ақ мәселе – тәртіпті, үлгілі оқушы болу үшін мен бұдан былай не істеуім керек?

Күн тәртібін протоколға мәнерлеп жаздым да, қылмыскердің жүзіне қарадым.

... Құпия кеңес бір сағаттай уақытқа созылды. Ақыры төмендегідей тұжырымға кеп, бірауыздан қаулы қабылданды.

Қаулы. Қадыров Қожаның жекебас тәртібіне байланысты мәселені талқылай келіп, құпия кеңес мынадай қаулы алады:

«Бірінші. Тәртіпсіздік кісіні жексұрын көрсетіп бітеді екен. Оған көзім әбден жетті. Әрі бұл адамның келешегі үшін зиян... Сондықтан қалай еткенде де тәртіпті болуым керек. Ол үшін:

а) Бұдан былай ешкімге тиіспей жайыма жүремін. Досым болсын, қасым болсын, бейбіт қатар өмір сүруге тырысамын.



Ескерту! Егер тиісуші мен болмай, басқа болса, оған: «Аулақ жүр, жақсылық көрмейсің» деген тәрізді ескертпелер жасауым керек. Онда да тыңдамай баса-көктеп келе жатса, мұндай жағдайда, қажет деп тапсам, қол да жұмсау арқылы қорғануға еріктімін деп санаймын.

ә) Осыдан былай ешқандай тәртіпсіз, тұрпайы сөзді аузыма алмаймын. Үлкенді аға, кішіні іні деп тұрам.

Екінші. Әрбір тәртіпсіздік қылығым үшін дер кезінде аяусыз жазаланып тұруым тиіс. Жазаның түрі төмендегіше болады:

а) Егер біреуге өзім тиісіп, шатақтасам, ол күні бір мезгіл ас ішпеймін.

ә) Біреуді жазықсыз тілдейтін болсам, кезекті демалысымда ешқайда қия басып шықпаймын, үйде отырам... Өзімді үйге қамаймын деген сөз.

б) Сабақ үстінде тыныш отырмағандықтан, мұғалімнен ескерту еститін болсам, ол жолғы үзілісте тысқа шықпай, орнымда отырамын.

в) Егер біреу-міреудің лақ-қозысы, тауық, қазы, иті біздің үйдің маңына жолап кетсе, аямай таспен ұрып қуалайтын жыным бар. Алмастың қызыл қоразын сөйтіп өлтіріп қойдым. Бұным да жарамайды, жай айдап жіберуіме де болушы еді ғой. Ендігәрі бұндай қылықтарым қайталанса, жоғарғы тауық базаға демалмастан екі рет жүгіріп барып келем.

Үшінші. Сұлтанмен жолдастық қарым-қатынасым бұдан былай үзіледі. Ол екеуіміздің сертіміз бүгіннен бастап күшін жояды. О дүниедегі қызыл ошақ жайына келетін болсақ, ... мені тозақ оты сескендіре алмайды.

Төртінші. Сабақты жақсы оқу – үлгілі оқушының бірінші белгісі. Мен осы тоқсанның ішінде қалай еткенде де озат оқушылардың қатарына қосылуым керек. Ол үшін:

а) Сабақтан бір сағат та себепсіз қалмаймын.

ә) Үйге берілген тапсырманы мезгілінде орындап отырам.

Бесінші. Жоғарыда қабылданған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін күн сайын ұйықтар алдында өзіме-өзім есеп беріп, жақсы-жаман қылықтарымды осы дәптерге тізіп жазып отырамын.

Осы айтылғандарды жүзеге асыру – мен үшін ұлы сын.





Егер осы сыннан өте алмайтын болсам, онда маған бұдан былай оқу оқып қажеті жоқ. Анам байғұсқа күйігімді тартқыза бермей адам болатын басқа бір жолды іздеп жоғалуым керек».

Қаулы бірауыздан қабылданды.

...Әжемнің әжімді маңдайынан шөп еткізіп, бір сүйдім де, жүгіріп тысқа шығып кеттім. Шіркін, бүгінгі кеш қандай әсем еді! Ай жарық. Аспанның түп-тұнық көк жібек шатыры бар жиһазын тағынып мөлдіреп тұр. Клуб жақтан гармонь үні, балалардың шуылдап ойнаған дауыстары естіледі. Бойымда керемет бір жігер оты лапылдап, солай қарай бет алдым. Ай нұрынан орнаған күміс көпір белдеулеп бет алдымда, ауылдың дәл іргесінде өзен жатыр жарқырап. Мөп-мөлдір мына ғажап дүние... «Үш! Самға!» деп, қолтығымнан қанат бітіретін, арман нысанасына қарай алып ұшатын тәрізді. Лаула! Лаула, жігер оты! Самға, қиял құсы! Асығатыным да, аңсайтыным да – ертеңгі болашағым.



: 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

А) Хикаят дегеніміз не? Басқа жанрлардан қандай ерекшелігі бар екендігін жазыңдар.

Ә) А. Байтұрсынұлы хикаятты қалай атаған?

Б) Бердібек Соқпақбаевтың қандай шығармалары бар?



: 2-тапсырма. Ізденіп, тапсырмаларды орындаңдар.

А) Бердібек Соқпақбаевтың белгілі шығармасының ізімен түсірілген кинофильм туралы ақпарат дайындап, сыныптас достарыңмен бөлісіңдер.

Ә) «Менің атым Қожа» хикаяты қай жылы жазылды?

Б) Хикаяттағы бас кейіпкердің портретін жазыңдар.

В) Қожа мен оның есімі туралы ойларыңды ортаға салыңдар.





: 3-тапсырма. Шығармашылық жұмыс.

А) Хикаятта берілген «*Менің атым...*» бөлімі бойынша өз есіміңнің мағынасын баяндап жазыңдар.

Ә) Есіміңнің қойылу тарихын достарыңа айтып бер.



4-тапсырма. Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

А) «*Жолдама жайында*» бөліміне жоспар құрыңдар.

Ә) Аталған бөлімді осы жоспар арқылы баяндап беріңдер.

Б) Қожа мен Майқанова арасында болған кикілжіңді хрестоматиядан тауып оқыңдар.

В) Қожа мен Майқанованың алғашқы кездесуіне сыныптастарыңмен біріге отырып, сценарий жазыңдар.

Г) Құрылған сценарийге сүйеніп, Қожа, Майқанова, ауыл адамдары, сатушы рөлдеріне арнап диалогтер құрастырыңдар.



5-тапсырма. Топта берілген тапсырмалармен жұмыс істеңдер.

А) «*Ағаттықтың азабы*» бөліміндегі оқиғаның сюжетімен таныстырыңдар.

Ә) Сюжеттің өрбу кезеңдері бойынша оқиғаны әңгімелеңдер.

Б) «*Бақаның әлегі*» сөзін негіз ете отырып, сөзжұмбақ құрастырыңдар.

В) Қожа біз ойлағандай бұзық бала ма? Қожаның анасына берген антынан оның қандай адамгершілік болмысын байқағандарыңды өз сөздеріңмен айтыңдар.



: 6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңдар.

А) Сәйбек қарттың әңгімесі Қожаға қалай әсер етті? Неліктен?

Ә) Сәйбек пен Қожа арасындағы әзілді тауып, кезектесіп рөлге еніп оқыңдар.



В) Қожаны не үшін жиналысқа салды? Оқиганың шиеленісу тұсы бар ма? Бар болса, қай жерде деп ойлайсыңдар? Мәтіннен тауып оқыңдар.

В) «Түбінде адам болатын бала» деген пікірді айтқан кейіпкерге портрет жасаңдар.



: 7-тапсырма. Мәнерлеп оқыңдар.

Мәтіннен Қожаның тәртіпсіздіктен бас тартып, адам болуға бет бұрған қадамын көрсететін әрекетін тауып алыңдар.



: 8-тапсырма. «Қожаның қаулысын» талқылай отырып, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

А) «XXI ғасырдағы Қожа» – бүгінгі заманның баласы тәртіпсіз қылықтар жасаса, қандай әрекеттерге бой алдыруы мүмкін?

Ә) Сыныптастарыңмен «Қожа – ақылды» және «Қожа – тентек» тақырыптарында екі топқа бөлініп, пікірталас ұйымдастырыңдар.

Б) «Құпия кеңестегі» Қожаның монологінен үзіндіні жатқа айтып беріңдер.



: 9-тапсырма. «Сенің адамгершілігің бар бала екендігіңе сенгенмін, Қожа!» деген тақырыпта шығармадағы тентек Қожаға хат жазыңдар.



: Мәтінді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 15 минут.

1) Қожабергеннің есіміне сипаттама беріңдер.  
2) Мәтінде адамға ат қоярда неге мән беру керек дейді?  
3) Монологтен өздерің есте сақтап қалған жерін жатқа айтуға тырысыңдар.

4) Қожабергенді балалар кім деп атайды? Себебін түсіндіріңдер.







: 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 15 минут.

1) Мәтіндегі үзіндіде не туралы айтылған?

2) Не себепті Қожаға әжесі мен Әубәкір шал келді? Шығармадағы оқығандарың мен естіген үзіндідегі оқиғаны жалғастырып, қысқаша жазып беріңдер.

3) Мәтіннің соңындағы кейіпкер сөзіне құлақ салыңдар. Өз болашақтарыңды қалай елестетесіңдер? «... Мөп-мөлдір мына га-жап дүние... «Үш! Самға!» деп, қолтығымнан қанат бітіретін, арман нысанасына қарай алып ұшатын тәрізді. Лаула! Лаула, жігер оты! Самға, қиял құсы! Асығатыным да, аңсайтыным да – ертеңгі болашағым», – деген сөздерден өз түсінгендеріңді айтыңдар.



: – Балалар, біз бүгін Марат Қабанбайдың «Бауыр» деген әңгімесімен танысамыз. Алдымен әңгімені барлық зейіндеріңді сала оқыңдар. Әңгіменің «Бауыр» аталуының себебін анықтауға тырысыңдар.



: – Нұрасыл, бауыр, аға, ағайындылар, туыс, туған деген сөздердің мағынасын ашатын қандай мақал-мәтел білесің?



: – Қазақ халқы ағайын, туған-туыс сөздеріне үлкен мән берген. Сол себепті мұндай мақал-мәтелдер өте көп.

Ағаның үйі – ақ жайлау.

\*\*\*

Ағаға ықылас – іні парызы.

\*\*\*

Ағайын ала болса,  
Ауыздағысынан айырылады.

\*\*\*

Мал қонысын іздейді,  
Ер туысын іздейді.





**Автор бейнесі** – көркем шығармадағы жазушының өз тұлғасын көру қалпы. Әр жанрдағы шығармаларда автор бейнесі әртүрлі дәрежеде әр қырынан аңғарылады.

Әңгімеде автор, негізінен алғанда, оқиғаны баяндаушы болады.

Драмалық шығармада автор оқиғаның даму барысынан сырт тұрады.

Поэзиялық шығармаларда автор лирикалық тұлға ретінде танылады.

Эпикалық шығармаларда баяндаушы немесе әңгімешінің орны ерекше. Олардың ерекшелігі оқиғаны жеткізулерімен айқындалады. Біреуі оқиғаны үшінші жақтан баяндаса, екіншісі оқиғаның қатысушысы ретінде көрінеді.



: – Халқымыз туыстық қарым-қатынасты айрықша бағалаған. Сол себепті әр туыстың өз атауы мен адам өмірінде орны бар. Туыстық атауларды есте сақтап, өз туған-туыстарың туралы айтып беріңдер. Тағы да қандай туыстық атауларды білесіңдер?



**Аға** – бірге туған ағайындылардың жасы үлкені.

**Іні** – бауырлас ер адамдардың жас жағынан кішісі.

**Бауыр** – бірге туған қыздардың үлкендеріне бауырлас, ал ер адамдардың жасы жағынан кішісі.

**Әпке** – бірге туған қыздардың жас жағынан үлкені.

**Сіңлі** – бірге туған қыздардың жас жағынан кішісі.

**Қарындас** – бірге туған ағайынды ер адамдардан жасы кіші қыздар.



**МАРАТ ҚАБАНБАЙ****(1948–2000)**

Марат Қабанбай 1948 жылдың 22 наурызында Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қарауңгір ауылында туған. Балалар жазушысы, публицист.

Жазушы шығармаларының көбі балалар мен жасөспірімдерге арналған. Олардың негізгі тақырыбы – заман келбеті, жастардың тіршілігі, балалардың мінез-құлқы мен өмірге деген көзқарастары. Марат Қабанбайдың «Бақбақ басы толған күн» (1975), «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» (1977), «Жиһанкез Тити» (1982), «Пысық болдым, мінеки» (1983), «Қала мен қыз бала» (1984), «Қазақ, қайда барасың?» (1995), «Сурет салғым келмейді» (1995) атты хикаяттар мен әңгімелер топтамалары, «Кермек дәм» (1977), «Айшылық алыс жол» (1987) романдары жарық көрді. Шығармалары орыс, украин, молдаван, латыш, неміс тілдеріне аударылған.



: – Жазушы не себепті әңгімені «Бауыр» деп атаған? Марат Қабанбайдың тағы қандай шығармалары бар? Интернетті пайдаланып, жазушының басқа да туындыларымен танысыңдар.



: – Балалар, әңгімені оқи отырып, автор бейнесіне назар аударыңдар. Автор оқиғаға қатыса ма, әлде үшінші жақтан баяндай ма? Автор бейнесі туралы айтып беріңдер.

**Бауыр***(Әңгімеден үзінді)*

Манап «Директор» деген алтын жазулы кабинетті тез тауып алды. Рұқсат сұрап, сыпайы кірген мұны басынан аяғына дейін шапшаң шолып шыққан жасамыс, ақ сары әйел орнынан тұрып,





нақ алдындағы орындықты нұсқады. Бұл кабинеттің табалдырығын аттаған жан ең әуелі ашық қабақ пен жылы сөзді аңсап келетінін жақсы біле ме, директор саулығын, жол машақатын тәптіштеп сұрады...

– Жә, оның бәрін бүгін-ертең көзбен көріп, қолмен ұстай жатарсыз. Жатақхана есебінен бөлінген шағын, шағын да болса жайлы қонақжай бөлмелер бар. Ініңізді қасыңызға алып жатыңыз да, шер тарқатып, емін-еркін әңгімелесіңіз, ағалық ақылыңызды аямаңыз. Болашақ философпын дедіңіз, оны да бір сынап көріңіз.

\* \* \*

Тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, қол-аяғы таралып қалған, кең иықты болмаса да ешкімнен қарызға жауырын сұрай қоймайтын кішірек көзді ақ сұр бала, дұрысы бозбала сыртқа серпіндей басып шыға келгенде, Манап орнынан ұшып тұрды. Сол, соның нақ өзі. Төрекелді тұяғының сынығы. Қол созып, мына баланың қай жерін ұстаңыз, әкесі Сымбаттың өзімен бірге жер астына ала кеткен нышан белгілері. Жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын жуас, момын, ал жиын-тойда шетінен түйе палуан



атанған, додаға түссе, көкпардан көкпарды қақшып қоймайтын Төрекелдиевтер тұқымы... Кешегі қанды соғыста Сымбаттан өзгесі баудай түсіп, Манап пен мына қарақұлақ Қали баладан басқа тігерге тұяқ қалмаған Төрекелдиевтер үйірінің кенже құлыншағы. Адамның кенет не дұрысқа, не бұрысқа көнбейтін өліара сөт қой, екі қолын қайда қоярын білмей, абыржып қалмасы бар ма. Ақыры арқасына айқастырып салды да, бұтағын шауып, сыпырып алған сырғауылдай сидия қалды. Бозбала Манапқа самарқау, бейжай көз салды да, аға тәрбиешіге бұрылды.

– Тұу, Эльжбета Сергеевна, терді жаңа ғана үгіп, тырыс-бырысты жаза бастағанымыз сол еді. Басқа қолайлы уақыт табылмады ма? – деді қалыптасып қалған қоңыр үнмен. Алақанына қыстыра шыққан тарағын дымқыл шашына көміп жіберіп, артқа қарай көтеріп-көтеріп тастады. «Маңдайына көлкітіп жіберсе ғой, тым жарасып кетер еді. Ересек адамша артқа қайырғанын қарашы. Тез ержете алмай, он бес жастың тар қауызына сыя алмай қыстығып жүрген қарағым-ай!» Манаптың ішінде оттай ыстық бірдеңе шыжылдамай да, көңірсімей де жайлап еріп барады.

– Сөзіңе болайын, Гали. Жаттығу ағаңнан қымбат болып па? Алыстағы ағаң жыл он екі айда бір рет келеді. Жаттығу қайда қашады, ертең-ақ сүмек боп терлеп, кеткен ақыңды артығымен қайтарып аласың, – деді жымиған қалпын мысқал бұзбаған Эльжбета Сергеевна.

«Алыстағы ағаң...» – дегенде Қали бетін бермен бұрды. Бұл жолы зер салып қарады. Бағзы жылдарда біреуді біреу біліп болмайтын қан базардың қақ ортасында кездейсоқ ұшырасып қалған көлденең көк аттыны қазір түстеп тани алмай тұрғандай жүзінде толқу бар. Баяғыда бүйірі түскен қара чемоданын арқалап, астанаға оқу іздеп аттанғанда Манапты ешкім шығарып салмаған, оқуына түсіп, қуанышы қойнына сыймай қайтқанда жан адам қарсы алмаған. Сол себепті ме, Манабың мұндай сын сөтте қайту керектігін білмейді екен, құшағын жайып жіберіп, «ой, бауырымдап!» ентелей жүгірудің орнына қаққан қазықтай қыдыып тұра берді.

...Бұл кезде өзін-өзі қамшылап үлгерген Манап та қорғасын аяғын әрең алып, қарсы жүрген. Бой жағынан қарайлас бозбала төніп қалғанда:

– Бар екенсің, бауырым! – деп, алға созған екі қолын айқара ашып, ыстық құшаққа айналдыра беріп еді, Қали:



– Здравствуйте, дяденька! Как живете? – демесі бар ма! Созған қолы сынғандай сылқ түсті...

Жер шетінде жатқан балалар үйіндегілердің орысша оқып, орысша сөйлейтінін неге білмесін. Білу бар да, көзбен көріп, қолмен ұстау бөлек екен. Соңғысы алдыңғыдан он есе ауыр ма деді. Сырт көзге Манап сабырлы, салмақты көрінгенмен, жетім өскен адамның мінезі бұған да жұққан; ешкімге сыр бермесе де, іштей қиналып, іштей желінетін. Аға тәрбиешіні дер кезінде есіне түсірді де, бойын жинады. Қалидың амандасу үшін солаңдатып ұсынған қолын ұстай алды да, сілкіп өзіне тартып, төсіне төс тигізді, маңдайынан иіскеді. Тіп-тік бозбала иілмеді, ағаштан шабылған жансыз мүсінді құшақтағандай болды. Шашынан шыққан арзан қол сабынның иісі кеңсірігін жарды. Эльжбета Сергеевнадан қысылды ма, Қали бетін алып қашып, құшағынан сытылып шыға берді.

– Да ну...

Абырой болғанда, аға тәрбиеші қызық шыжыққа айнала бастағанын аңғарып қалды.

– Мен кетейін... Издей қалсаңыз, Виктория Ивановнаның қасынан табыламын.

Қали аяғына сұққан ала таспалы кроссовканың тұмсығымен көлденең жатқан қиқым шөпті қуалай түрткілеп, бейжай сылбыр тұр.

– Кел, отырайық! – деді Манап ағаш орындықтың шетін көрсетіп.

Отырды.

– Халің қалай, Қали?

Төрекелдиевтерге заман шекесінен қараған жылы балалар үйіне өтіп кеткен төрт жасар баладан бұл күнде сойталдай бозбалаға айнала салған Қалиға: «Халің қалай, інім?» – деуге аузы бармады. Десе, Қали мұның аға екеніне сенбей қоятындай, құлағына ілмейтіндей жүрексінді.

– Спасибо. Так себе... – Қалидың көзі батып бара жатқан күннің қалың жапырақ арасынан суырылып түскен алып қашты сәулесіне шарпысып отыр.

«Қайтсін, кіндігі бір болса да, өскен ортасы басқа. Адам жаңа қалпақ екеш қалпақты да байқап-байқап киеді. Жер астынан шыққан желім батырдай жабыса кеткен жаңа ағасын жатсынып





отыр ғой. Өзіме де обал жоқ. Әуелі хат жазып, тіл алысып, ағайын, аға жайын құлағына жайлап сіңіріп алған жөн еді. Жиырманың төртеуіне келген, мен бүйтіп берекем қашып, күлім шашылғанда, бесіктен белі шықпай жатып, туған жерден шығандап кеткен бұған не жорық!» деп ойлады, Қалидың дөңес мұрын, кесек пішінді бетіне іші езіле елжірей қарап қалыпты.

– Оқуың қалай? Биылғы сыныбың сегізде ме?

– Сегіз... А... Иә... – Қали басын әнтек изеді.

– Жатар орын, киер киім, ішер ас... таршылық көріп жүрген жоқсың ба?

Қали «Осы не деп отыр?» дегендей, бар денесімен бұрылып, жігітке тесіле қарады. Орынсыз сұрақ қойғанын кеш білген Манаптың бетінен оты шықты. Аға болу қиын шаруа екен. Қалиды қайдам, ініге аға болып, еміренуден Манап қалыпты. Ойлап отырса, он бір жыл бұрын Қалиды балалар үйіне тапсырып тұрып, сорасы ағып, үнсіз жылағанда ғана аға болыпты. Қазір ол ағалық сезім ұмыт. Сүтпісірім бұрын Қалиды көргенде ғана кеудесіне нұр құйылды. Осы минутта оның орнына у құйылғандай.

...Өз-өзін әуелі осылайша іштей сөгіп, сонсоң қайрап алды да, бір деммен:

– Ауыл есінде ме? Көкем, мен... Қалғұты... тау, қалың орман есінде шығар? – деп салды.

Кроссовканың тұмсығымен тротуарды оңды-солды сызбалаған Қали басын немкетті изеді. Сасып қалған Манап жеткірінді. Ұмыт, тас ұмыт, ұмытып қалыпты... Әйтпесе екі қолын орындық арқалығына созып жіберіп, шалқалаған мына қалпын титтей болсын өзгертер еді. «Япыр-ау, мынау сол Манап па? Бауыры жабысып, бірге туған ағам ба?» – деп басын көтеріп, бетіне көз салмас па? Шын туыс кешірімшіл. Қатты ренжісе де, інісін жамандыққа қимады, дереу ақтап алатын дәлел іздеді. Қалидың мінез-құлқы өсе келе үстінен көш өтіп бара жатса, былқ етпейтін көкесіне тартуы кәдік... Солай, солай-ақ болар. Іске келгенде жаудай тиіп, апырып-жапырып жіберетін; ал сөз дегенде аузына маржан салып, томаға-тұйық тымпиып отырып алатын «ішімдегіні тап» қыңыр тұқым-ай!

Шай қайнатымдай толғанып, ойын әбден пісіріп алды да, оқыс кимелеп, үсті-үстіне төкпектете жөнелді.



– Өскемендегі балалар үйіне сені бұлыңғыр күзде апарып тапсырдық. Өзге амал да қалмаған. Шешені қылтамақ алып кетті. Жерге қарап әкеміз күрт шөккен. Соғыстан контузия алған адамнан не сұрайсың? Төсек жаңғыртып, бізге өгей де болса ана тауып бере ме десек, қаны қайта-қайта көтеріліп, ауруханадан шықпауға айналды. Мен мектеп-интернатта оқимын. Сонда деймін де: «Қалмаймын десе, қалмаймын!» – деп зар илеп жылағаның күні бүгін көз алдымда. Ұстап, жібермеген тәрбиешінің білегін қыршып алдың. Біз де көз жасымызды сығымдап тұрып: «Дорба-дорба кәмпит теңдеп, екі-үш күннен кейін келеміз, қорықпа, алып кетеміз қайтадан», – деп алдарқаттық. Теріс бұрылып, тұғжыңдай берген көкеме көп қарайламай, маған қол созып, пора-пора жылай бердің: «Мака – Манапқа тілің келмей, Мака дейтіңсің – кәмпитті сен әкел, сен алып кет!» – деп... Содан итіндеп ауылға жеткенше... біреуді жерлеп келе жатқандай... тіс жарғамыз жоқ. Бір апта бойы басыма жастанған күпәйкем таңертең дымқыл тартып жүрді... Тәтемнен айырылғасын, сені көкем бақты. Жазғы демалысқа келгенде, жаялығыңды өзім жуып жүрдім. Мені өлердей жақсы көретіңсің. Бір бидайды бөліп жедік. Қайда барсам сонда, томпаңдап, ізімнен екі елі қалмаушы ең.

Манап көзімен тротуар сүзіп, отырып қалды. Қара жер қойнына өзіммен бірге ала кетермін-ау деп талай жыл тұмшалап сақтаған сырының тиегін ағытса да, аяғына шыққанша асық болды. Туған інімен құрғақ құрайды қырт-қырт жегендей сөйлермін деп ойламап еді.

Қали ше? Төмен салған кірпігі көзін көлегейлепті. Не ойлап отырғаны белгісіз. Қолдарын айқастырып салған күйі бауырына тығып, іші ауырғандай еңкейіп отыр.

Манап демін жұтып, ақырын күрсінді. Еңкейіп, жерде тігінен тұрған дипломатын іліп алды да, алдына өңгеріп салып, аузын сырт ашты. Жаздық жеңіл костюмнің қаттауын жазып, бірер сілкіді де, орындық үстіне жалпағынан салды, саусағының ұшымен Қалиға сырғытты.

– Биыл құрылыс отрядына барып ем... Табыс тәуір болды. Қырық алтыншы... Дәл шығар.

«Киіп, өлшеп көрсеңші», – деуге таңдайына жабысқан тұтқыр тілі күрмеуге келмеді.





Қали костюмге көз қиығын немқұрайды тастады да, миығынан күлімсіреді. Сол мезет үстіңгі ернінің сол жақ құйрығы дір етіп шапши қалды. Манаптың қолқасы суырылып кеткендей болды. Жан дүниесі әлем-тапырық. Жасаурай қалған жанарын Қалидан аударып, күн сәулесіне шағылысқан терезелері жапырақтардың арасынан жылт-жылт сығалап тұрған оқу корпусына бағыттады. Аумай тартпағыр, тура көкесі! Әкесі күлмей ғұмыр кешті, қиратқанда күлімсірейтін, сонда ернінің сол жақ құйрығы өстіп жоғары шапшып қалушы еді.

– Киім жағы бар... Жыл сайын жаңалап тұрады. Қырық сегіз болмаса, қырық алты маған тар.

Жайбарақат үн құлағына жеткенде желіп келе жатып, жарқабақ шетіне ойқастап шыға келген аттай желкесі тартып, иегі көтеріле беріп, кегжиді де қалды. «Айдан-айға хабар-ошарсыз, ізсіз кеткен, әрең табылған інісі – осы Қали ма?» дегенді сағызша созып, бөліп-бөліп ойлады. Сыдыртып самал соғып еді, жасыл жапырақтардан екі-үш сары ала теңге саудырап түсті де, біреуі қалбалақтап кеп, Қалиға, тар костюмінің өңіріне сырғи қонды.

Жалқы жапырақтан көзін алмай:

– Бұрнағы жылы көкемнің басына тас жинап, қорған көтердім. Саман кірпішін өз қолыммен құйдым. Көрші ауданнан екі атадан қосылатын туыстар табылған, олар да аянбады. – Сәл бөгеліп, сөзін жалғады. – Бүгінде елдің жағдайы жақсы. Тамақ тоқ, көйлек көк.

Жоқ-жітік жылда елден кеткен бала: «Жетім ағатайым тағы да жүдеп-жадап келіп қалды ма?» – деп ойламасын деген сыңайда ұзын есеппен айтты мұны. Алыстан орағытып: «Жетім болсақта, құйрық-жалсыз емеспіз; қала берді ел, жер бар, есіңді жи, қамықпа!» – дегенге сайған сиқы.

Қали еңсесін салып, бері бұрылды. Өңінде таңданыс па, қобалжу ма, қалай айтса да өзгеріс ізі сайрап жатыр. Кішкене көзі жылтырай қалыпты. Тізе бүккелі алғаш рет Манаптың аузына қарады. Ағасы да іштей Қалиға қарай жылжи түсті. Бозбала:

– Тас жинау... О немене? – дегенде жылжып кеткен жерінде омайып отырды да қалды. Алақаны костюм матасын уыстап мыжғылай берді. Не деп кетті мына бала? Басы мыңғы-дыңғы. Іле: «Қасыңда інің отыр, көзіңді ашып қара... інің!» – деп, түрткілеген есек дөме көңіл тағы жібіді. Кіндік кесіп, кір жуған жерден





алыста өскен саяқ бала өз халқының әдет-ғұрып, салт-санасын білмесе, жазықты ма? Өлсе, Манаптың әкесі өлді. Ал бұл күнге дейін Қали әке-шешем жоқ, иесіз, сұраусыз жетіммін деп келді. «Жетім қозы – тас бауыр» бала қайтыс болған адамның басына қазақтардың тас жиып, зират көтеретінін аспаннан оқып біле ме? Көрсек, қаланың темір шарбақты крест, жұлдызша, тас мүсінді қалың моласын көріп жүр. Онда да көрсек...

– Қалай десем... Қазақтар дүние салған адамға арада жыл өткізбей басына зират көтереді. Бір жағы қабірді ит-құс, тұяқты мал таптап, обал болмасын десе, екіншіден, «Орныңды жоқтатпайтын, түтініңді сөндірмейтін аяулы адамдарың бар, ізің өшкен жоқ, топырағың торқа болсын!» деген ыңғайда, өлген адамға көрсетілген ізет. Қолы жеткені қызыл қыштан күмбез көтереді. Қалғандары таудың тасын сандықтап қалап, саман кірпіштен қорған орнатады...

Төмен қарап, ойланып қалды. Иә, сол тасты қалап біткенше таңның атысы, күннің батысы арпалысып шықты. Қорған қалқайып, ақыл-тақыл тұрғанда ғана әке алдындағы соңғы парызынан құтылып: «Уһ!» – деді. Зілмауыр жетімдігін тас астына қоса бастырып көміп, жарық дүниеге қайтып шықпастай қорғанмен қоршап, екі иығын кере дем алған.

Көзінің құйрығымен Қалиды бақса, бейжай, салғырт, самарқау.

Қалың ой Манапты әбден меңдетіп, тұралатып тастады. «Боксынан бөтен ермегі бар өзі?» деген ойына ілесе:

– Басқа немен айналысасың, Қали? – деді. «Інім» деген жалғыз да жылы сөз аузына тағы түспеді.

Қалидың қабағы жазылып, жадырап жүре берді. Орындықтың көлденең ағашына алақан тіреп, көтеріліп-көтеріліп қойды. Өр сөзі қуаңқы, жігерлі.

– О-о, табиғатты жақсы көремін! Әсіресе жан-жануар, жәндіктерді! Біздегі тірі табиғат мүйісі – менің қарауымда. Жылан, бақа, шаян, қоңыз, құс – бәрі табылады. Түгел өзіміз бағып-қағамыз. Үйірмеге отызға жуық оқушылар мүше.

...Түсінген адам кешіре де біледі.

Басын салбыратып отырып-отырып:

– Болашақта кім боласың? – дей салды ерін ұшымен. Қали іркілмеді:



– Үшқыш... Әскери үшқыш боламын. Балалар үйінен түлеген үшқыш ағалар баршылық.

Манап мырс етті. «Аға» деген сөз көп күттіріп барып, аузынан ақыр соңында шықты-ау. Өз ойымен өзі әуре Қали оны елемеді.

– Әнеугүні соның бірі келіп кетті. Клубта кездесу өткіздік, Сидоров Александр Павлович. Ордені бар. Полковник. Соғыста қаза тапқан әкесі де үшқыш болыпты. Екінші күні жатпай-тұрмай аңдып жүріп, жатақхананың шығаберісінен ұстай алдым да, жеке сөйлестім. «Әскери үшқыш боламын десең, денсаулығыңды осы бастан мықта. Спортыңды тастама!» – деді. Қазір Саша ағаймен хат жазысып тұрамыз. Сондай бір жаны жайсаң жақсы аға!

Қали қысыңқырап алған көзін қарсы алдындағы биік теректің ұшар басына тігіп отыр. Көк зеңгірдің төсін тіліп, аспанда ұшып жүрген өзін ойша елестеткендей ме, қалай? Пысық бала ғой, бойын тез жинап алды. Манаптың жиырылған жеңінен сойдыып шығып тұрған білегіне қадалды.

– Уақытыңыз қанша?

– Бес минутсыз бес.

– О! – Қали атып тұрды. – Отырып қалыппын. Уақыттан ұтылсам, жарыстан ұтылғаным. Бес жарымда жаттығу бітеді. Тым болмаса, қалғанына қатысайын. Жаз бойы салмақ қосып, бұлшық етім босап кетіпті. Қош бол... – дей берді де, тілін тістеді.

– Сіз... қонасыз ба?

Манап төмен қараған күйі:

– Жоқ, кетемін. Кешкі алтыда пойыз бар, – деді.

– А-а... Сапарыңыз сәтті болсын! – Серпіндей басып, спортзалына қарай жөнеле берді.

Орындық үстінде қырық алтыншы костюм көлбеп жатыр.

– Бері кел, Қали! – Бұрылды. Жақындады.

– Кешіріңіз ... маған сыймайды. Артық та емес. Қатар жатқан Эльдар Ғизатулинге құйып қойғандай екен. Бірге оқимыз. Бойы тәштік. Соған сіздің атыңыздан сыйлайын. Ренжімейсіз бе?

– Түк ренжімеймін.

– Рақмет! – Костюмді қолтығына қысып, жаңағы жолына түсті.

– Хат жазамын. Келер жылы жазда келемін... Келетін шығармын, – деді Манап ізінше.



Естіді ме, Қали кете барды. Баспалдаққа екі-ақ ырғып шығып, кілт бұрылды да, қолын бұлғады. Күлімсіреп еді, үстіңгі ернінің сол жақ құйрығы шапши қалды. Орындық қасында тұрған Манаптың тұла бойы дір етті. Көзін мұнар алды. Алға қарай емпендеп жөнөй бергені есінде. «Қалқам-ай! Қанатым-ай!» – деген сыбыр құлағында көшіп жүр. Есік сарт жабылғанда барып есін жиды. Биік баспалдақ бос екен.



: 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

А) Манап бауыры Қалиды қайда іздеп келді? Ағайындылар не себепті айырылысып қалған еді?

Ә) Екі ағайындының кездесуін оқыңдар. Кездесу сәтті болды ма?



: 2-тапсырма. Берілген портрет кімдікі? Оны көргенде Манап неге орнынан ұшып тұрды?



Тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, қол-аяғы таралып қалған, кең иықты болмаса да ешкімнен қарызға жауырын сұрай қоймайтын кішірек көзді ақ сұр бала, дұрысы бозбала сыртқа серпіндей басып шыға келгенде, Манап орнынан ұшып тұрды.



: 3-тапсырма. Шығарма сюжетінің композициялық құрылымына талдау жасаңдар.



4-тапсырма. Берілген үзінділерді оқи отырып, кейіпкердің кімге және не себепті айтқанын анықтаңдар.

А) – Бар екенсің, бауырым! – деп, алға созған екі қолын ай-қара ашып, ыстық құшаққа айналдыра беріп еді...





Ә) – Здравствуйте, дяденька! Как живете? – демесі бар ма! Созған қолы сынғандай сылқ түсті...

Б) – Бұрнағы жылы көкемнің басына тас жинап, қорған көтердім. Саман кірпішін өз қолыммен құйдым. Көрші ауданнан екі атадан қосылатын туыстар табылған, олар да аянбады.


В) – О-о, табиғатты жақсы көремін! Әсіресе жан-жануар, жәндіктерді! Біздегі тірі табиғат мүйісі – менің қарауымда. Жылан, бақа, шаян, қоңыз, құс – бәрі табылады. Түгел өзіміз бағып-қағамыз. Үйірмеге отызға жуық оқушылар мүше.



**5-тапсырма.** Әңгіменің тақырыбы мен идеясы не туралы? Өз ойларыңды топта талқылаңдар.



**6-тапсырма.** Тақтада сурет пен әңгіме бөліктерін сәйкестендіріңдер.



Рет саны	Әңгіме бөлігі	Сөйкес сурет
1	<p>Орындық қасында тұрған Манаптың тұла бойы дір етті. Көзін мұнар алды. Алға қарай емпендеп жөней бергені есінде. «Қалқам-ай! Қанатым-ай!» – деген сыбыр құлағында көшіп жүр. Есік сарт жабылғанда барып есін жиды. Биік баспалдақ бос екен.</p>	
2	<p>– О! – Қали атып тұрды. – Отырып қалыппын. Уақыттан ұтылсам, жарыстан ұтылғаным. Бес жарымда жаттығу бітеді. Тым болмаса, қалғанына қатысайын. Жаз бойы салмақ қосып, бұлшық етім босап кетіпті. Қош бол... – дей берді де, тілін тістеді.</p>	
3	<p>Жалқы жапырақтан көзін алмай: – Бұрнағы жылы көкемнің басына тас жинап, қорған көтердім. Саман кірпішін өз қолыммен құйдым. Көрші ауданнан екі атадан қосылатын туыстар табылған, олар да аянбады. – Сәл бөгеліп, сөзін жалғады.</p>	
4	<p>Манап демін жұтып, ақырын күрсінді. Еңкейіп, жерде тігінен тұрған дипломатын іліп алды да, алдына өңгеріп салып, аузын сырт ашты. Жаздық жеңіл костюмнің қаттауын жазып, бірер сілкіді де, орындық үстіне жалпағынан салды, саусағының ұшымен Қалиға сырғытты. – Биыл құрылыс отрядына барып ем... Табыс тәуір болды. Қырық алтыншы... Дәл шығар.</p>	
5	<p>– Үшқыш... Әскери үшқыш боламын. Балалар үйінен түлеген үшқыш ағалар баршылық. Манап мырс етті. Аға деген сөз көп күттіріп барып, аузынан ақыр соңында шықты-ау. Өз ойымен өзі өуре Қали оны елемеді. – Өнеугүні соның бірі келіп кетті. Клубта кездесу өткіздік, Сидоров Александр Павлович. Ордени бар. Полковник.</p>	



6

Бұл кезде өзін-өзі қамшылап үлгерген Манап та қорғасын аяғын әрең алып, қарсы жүрген. Бой жағынан қарайлас бозбала төніп қалғанда:

– Бар екенсің, бауырым! – деп, алға созған екі қолын айқара ашып, ыстық құшаққа айналдыра беріп еді, Қали:

– Здравствуйте, дяденька! Как живете? – демесі бар ма! Созған қолы сынғандай сылқ түсті...



: Мәтінді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 7 минут.

1) Манаптың ішкі көңіл күйін өз ойларыңмен ортаға салыңдар.

2) Балалар үйінде тәрбиеленген Қалидың тәрбиесі мен мінез-құлқы туралы көзқарастарың қандай?



: 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 9 минут.

Қалидың образына портрет жазыңдар.



: 7-тапсырма. Кестені дәптерлеріңе толтырыңдар. Кестедегі тапсырмаға байланысты Қалиға мінездеме беріңдер.

Кейіпкер	Мінезі	Шығармадан үзінді жазыңдар
ҚАЛИ	Спортты жақсы көреді.	
	Жан-жануарлар туралы көп біледі.	
	Алдына қойған мақсаты бар.	
	Болашақта ұшқыш болуды армандайды.	



: 8-тапсырма. Өңгімені өздерің қалай аяқтар едіңдер? Ағайындылар болашақта кездеседі деп ойлайсыңдар ма? Кездессе, кездесулері қалай болуы мүмкін? Кездеспейді деп ойласаңдар, не себепті кездесе алмай кетеді?







## ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



: – Отбасы ер-азамат пен әйел адамның заңды неке қиып, отау тігуінен құралады. Отбасының басты қазығы, алтын дiңгегі – бала. Баланың тәрбиелі, жан-жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Отбасын құрғанда адам өмірге ұрпақ әкеліп қана қоймай, сонымен бірге оған жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды үйретіп, ата-бабасының салт-дәстүрін бойына сіңіреді. Балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру – ата-ананың ең маңызды міндеті.



: – Отбасындағы құндылықтар оның мүшелерінің қарым-қатынасына құрылады. Отбасы мүшелері: әке, ана, ата, әже, балалары және тағы басқа туыстар. Қазақ халқы отбасы тәрбиесіне үлкен мән берген. Сондықтан отбасылық қарым-қатынасқа байланысты көптеген мақал-мәтелдер пайда болған.

### Мақал-мәтелдер



Қарындасың – қарлығашың.

\*\*\*

Ағасы бардың жағасы бар,  
Інісі бардың тынысы бар.

\*\*\*

Ата – баланың қорғаны.

\*\*\*

Ананың көңілі балада,  
Баланың көңілі далада.

\*\*\*

Бала – ананың бауыр еті.



\*\*\*

Балалы үй – базар.

\*\*\*

Әкесін сыйламаған кісіні

Баласы сыйламайды.



: 1-тапсырма. Отбасы құндылықтары туралы үш мақал-мәтел жаттап, мағынасын түсіндіріңдер.

## ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАМБЕТОВ

(1945 жылы туған)

1945 жылы 10 маусымда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Бірлік ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В. Гоголь атындағы педагогикалық институтты бітірген. 1981 жылы Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы Жоғары әдеби курсты тамамдаған.

Жазушының алғашқы жинағы 1971 жылы «Қауын иісі» деген атпен шыққан. Көптеген шығармалары орыс тіліне аударылып, жеке кітап болып басылды. «Қош бол, ата», «Қарлығаштың ұясы» әңгімелері «Жалын» альманахы өткізген жабық конкурста жүлде алған.

Тынымбай Нұрмағамбетов «Табалдырығыңа табын», «Жоғалған көл», «Кемпірлер үкімі» пьесаларының, «Тырналар ұшып барады» телефильмі сценарийінің авторы. Жазушының «Қош бол, ата» (1972), «Қарлығаштың ұясы» (1975), «Атақоныс» (1980), «Дарияның арғы беті» (1981), «Бәйтеректер» (1986), «Балалық шақтың әндері» (1994) хикаят, әңгімелері, «Туған ауыл түтіні» романы (1989), «Айқай» шығармалар жинағы (2000), «Ауғандық құстар» (2009) сияқты балаларға және ересектерге арналған көркем туындылары бар.





: 2-тапсырма. Тынымбай Нұрмағамбетовтің шығармашылығына байланысты тағы қандай тың деректер білесіңдер?

Интернетті пайдалана отырып, жазушының өмірі мен шығармашылығына байланысты білетіндеріңді толықтырыңдар.

### Анасын сағынған бала

(Әңгімеден үзінді)

#### 1

Есмағамбеттің бұл сапары – ауылына төрт жылдан кейін оралуы еді. Содан болар таңертеңгі пойыздан түскен бойдағы қарсы алушы туыстары, достарымен болған ұшырасудың өзі кәдімгідей у-дулы болды. Біреулері құшақтап, біреулері сүйіп, тағы біреулері осы бір алас-қапаста-ақ мұңын, шаруасын айтып қалып жатты.

...Ұзаққа созылған абыр-дабырдан кейін жалғыз қалып, әртүрлі жеміс ағаштары мен көгөністер өскен аулада әрлі-берлі жүру де ол үшін айтарлықтай бір демалыс еді.





## 2

Күн тал түс болып қалған екен. Ағаштардың әрқайсысына тоқтап қарап, сосын жоңышқалықты аралап келіп, күннің қызуы қуырып бара жатқандықтан, жүзімнің көлеңкесіне кіре бергені сол еді:

– Мама-аа... мама-аа...  
Сенсің ғой ең дана-аа...  
Мәңгі дос сен ғана-аа... –

деп әндеткен сүйкімді бала дауысын естіді. Бірақ Есмағамбет олай бір, былай бір бұрылып, маңайынан бала көрмеді. Сөйтсе үстіне су жаңа ақ футболка киген төрт жасар шамасындағы ер бала арнайы тіреу ағаштарымен керілген жүзім сабақтарының ұзына бойғы көлеңкесінің бір шетінде құммен ойнап отыр екен. Қолында ойыншық күрек... ойыншық шелек.

Балмағамбет ағасының ұзатылған қыздары болатын. Солардың бірінің баласы болар деп топшылаған Есмағамбет жүзім көлеңкесінде аяқтарын еңкейе басып балаға жақындады.

Жақындап келгенше бала мұны байқаған жоқ.

– Мама-аа... мама-аа...  
Сенсің ғой ең дана-аа...  
Мәңгі дос сен ғана-а...  
Мама-а, мама-а-а-а...

Жанына келіп:

– Әй, балақай, сенің атың кім? – дегенде барып, бала Есмағамбетке бұрылды. Бірақ ойыншық шелекке ойыншық күрекпен құм салу ісін доғарған жоқ.

– Атың кім дедім ғой, – деп қайта сұрағанда барып бала ұяң күлімсіреп:

- Сержан, – деді ақырын ғана.
- Кімнің баласысың?
- Күміскүлдің.
- Күміскүл кімнің қызы?
- Балмағамбеттің.

Есмағамбет енді еңкейдеп барып, анадай жерден қолдан жалған ағаш орындықты алып, баланың дәл жанына жайғасты.



## 3

Ересектердің әңгімесі кезінде ұшаяқты велосипедімен әрлі-берлі зырлап жүрген Сержан, кенет өрістен сиыр келіп, Балмағамбет сол сиырдың әуресімен тұрып кеткенде барып, осы сәтті аңдып жүргендей Есмағамбеттің жанына келді. Түс кезінде болған әңгімеден кейін баланың бойы үйренгендігі болар, еркін. Әңгімені де өзі бастады.

- Сен Алматыдан келдің бе?
- Иә, Алматыдан келдім.
- Менің мамам да Алматыда, – деді бала еркінсіп, еркелегендей денесін Есмағамбеттің денесіне тигізіп тұрып.
- Білемін ғой...
- Менің мамамды танысың ба?
- Неге танымаймын... танымын. Мамаң біздің үйде әлденеше рет болды ғой.

«Е, сен менің мамамды білетін болдың ғой» дегендей, баланың көздері күлімдеп тұрып, кішкентай саусақтарымен Есмағамбеттің білегінен ұстады. Шашын сипады.

- Ал сен мені білмеуші ме едің? Мен де атаңмын ғой.
- Білемін, – деді бала бірден, мұның білегінен өзінше қысып-қысып қойып.
- Мені көрген жоқсың ғой.
- Әжем айтқан, атам да айтқан... мамам да айтқан.

...Есмағамбет мейірленіп кетіп, баланың бетінен сүйіп, қатты қысып құшақтады. Сосын шын ықыласымен:

- Алматыға барасың ба? – деді. Есмағамбет осылай деген кезде, бала «рас айтып тұрсың ба, әлде өтірік пе?» дегендей, жалт бұрылып, оның көздеріне ұзақ қарады. Сосын сенгендей болып ақырын ғана:

- Барамын, – деді де, күрсінді. Баланың күрсінгені соншалық ауыр болды ма, әлде өзі солай қабылдады ма, Есмағамбет те қатты толқып кетіп, баланы қайта құшақтады.

Бұл жолы оның бетінен әлденеше рет сүйді. Сүйіп болып, Сержанның бетіне қараса, баланың екі көзінен жас сорғалап тұр екен. Өзінің де көмейіне өксік тығылып, толқып, тебіреніп, ол жалпақ алақанымен баланың арқасынан қағып отырды да:

- Мен сені Алматыға алып кетемін, – деді сеніммен. Сержан бұл жолы атасының өзін алып кететіндігіне шүбәланған жоқ. Сондықтан ашық-жарқын күйде:



- Қашан кетеміз? – деді бірден.
  - Ертең ауылға барып қайтамын. Арғы түні пойызға мініміз. Бала жіп-жіңішке саусақтарын кезекпен бүгіп тұрып:
  - Бүгін-н, сосын ертең-ң, сосын арғы күн-н... сонда кетеміз ғой? – деді.
  - Кетеміз.
- Баланың қуаныштан есі шығып, екі беті ерте піскен алмадай алабұртып тұрды.

## 4

Мамасы пен папасы жайлы баланың шабыттанып айтқаны сондай, осы қалпында пойызға қазір мініп кетердей, тіпті пойызды күтпестен-ақ құс болып ұшып кетердей алып-ұшқан екпін бар еді. Ол-ол ма, сәлден соң Сержанның көздерінде үлкендігі бұршақтай жас тамшыларының пайда болғанын қайтерсің.

Енді Есмағамбеттің өзі іштей қатты састы. Сасқан себебі, баланың сезіміне осыншалық әсер етіп, ендігі жерде оны Алматыға алып кете алмаса – ұмытылмас күнә болардай еді. Бірақ «Алып кетем, несі бар... алып-ақ кетемін, мамасына табыстаймын. Тіпті біздің үйде де жүре береді. Онда қандай қиындық бар?» деп өзін-өзі жұбатып барып, көңілі тынғандай болды.

Ол Сержанды кеудесіне тарта құшақтап тұрып:

- Мамаң келді ме? – деді сәлден соң.
- Келді.
- Қашан?
- Анау жазда.

«Жаз енді болды емес пе?» – деп Есмағамбеттің түзету енгізгісі келіп тұрды да, тағы да үндемеді. Шамасы, Сержан үшін көктем де жаз, жаз да жаз секілді.

– Мамам мынадай күн болды, – деп екі саусағын шошайта беріп, енді әңгімені өзі жалғастырды. – Мына күні пойызға мінді, – деп сосын үшінші саусағын шығарды.

- Мамаң не деді?
- Мамам ба? Мамам-м... – Баланың көздері күлімдеп, бұған еркелегендей оңды-солды қисалаңдап тұрды да: – Ештеңе деген жоқ, – деді қуланып.
- Сонда саған ештеңе айтқан жоқ па?





– Мамам ба? Мамам-м, жоқ, айтпады. – Бала көздері күлімдеген қалпы енді Есмағамбетті құшақтап жатып сықылықтап күлді.

– Мамам ба, мамам-м не дегенін ұмытып қалдым, – деп өзгеше қылық тауып, мұның мұртына бетін басты.

– Тікен сияқты-ы, – деді бала... сықылықтап күліп және сөйтіп тұрып-ақ Есмағамбеттің тікірейген қап-қара мұртына екі бетін кезек-кезек басумен болды.

Сосын бала өз-өзінен күлкісін тыйып, Есмағамбеттің көйлегінің түймелерін шұқылап отырып:

– Мамам кетерінде бетімнен сүйді, – деді ақырын ғана бұған өзгелерден ұрлап айтқандай болып.

## 5

Енді ол әңгімені мүлдем басқа жаққа тезірек бұрып жіберуге асығып: «Алтыаяқ атаңды білесің бе?», «Аязбай атаңды білесің бе?», «Кертұмсық атаңды білесің бе?» деп жақын туыстар жайын сұрап кетіп еді, бала бәрін де көріп жүрген, білетін болып шықты. Бірақ «Аязбай атамды жақсы көрем», – деп ерекше таңдау жасады.

– Неге? – деді Есмағамбет аз-кем таңырқап отырып.

– Өйткені ол балмұздақ сатып әперген. Мынша рет, – деп бала екі саусағын шошайтты.

– Өзгелері балмұздақ сатып әперді ме?

– Жоқ-қ, – деп бала басын шайқап, кіржиді. Кіржиюі «олар балмұздақ сатып әперуді қайдан біле қойсын» дегендей менсінбеу еді.

– Балмағамбет атаң ше?

– Ол сатып әпермек түгілі... тамағың ауырады деп ұрсады... – Бала «бұл атамды да қойшы» дегенді аңғартқандай тағы да кіржиді.

Балмұздақ мәселесі Есмағамбеттің өзін де ойландырып тастады. Өйткені оның ендігі жерде, Сержанға балмұздақ алып бермеске айла, амалы да қалмағандай.

## 6

Есмағамбетті дүкенге қарай бастап келе жатқан Сержан өте көңілді еді. Ол аузы әңгімеден босамай келе жатып та, аяқтарын

128



билеп басып, кейде өз-өзінен секіріп, ішкі қуанышының әсерін де жасыра алмады. Бір жағынан қыстақта тұрғындарды түгел танитынын білдіргендей пікір туғызып әрі сонысымен мақтанғысы да келгендей.

...Енді бір үйдің тұсына жеткенде:

– Мына үйдің моншасы бар, – деді бала. – Мен бұл үйге мамамды ертіп әкелгенмін. Моншадан шыққан соң ертіп әкеткенмін.

...Бұлар дүкенге кіріп келгенде сатушы келіншек Сержанның тағы да балмұздақ сатып аларын білгендей, тоңазытқыштың маңына қарай жүгірді.

– Неше балмұздақ керек?

Бала жауап орнына Есмағамбетке бұрылды. Есмағамбет: «Қанша алғың келсе, сонша ал, балам!» – деген кезде баланың жүзі жайраңдап, «атамның айтқанын естідіңіз ғой» дегендей сатушы келіншекке қарады. Сосын тоңазытқыштың есігі мол ашылған сәтте, сатушының бірдеңе деуін күтпестен-ақ, бала мұздап тұрған балмұздақтардың ана түріне де, мына түріне де қолды салды дейсің...

Баланың мына қылығына күлімсіреген күйі, сатушы оның қос уысы тола әртүрлі балмұздақтардың бағасын әуелі есептеместен Есмағамбетке бұрылып:

– Үш жүз жиырма теңге, – деді де, баланың уысындағы балмұздақтарды пакетке сала бастады. Сержанның қайтар жолдағы көңіл күйін тойға бара жатқандай, әлде тойдан келе жатқандай десе де болар еді. Қолында етегі жерге сүйретілген, балмұздақ салынған көк пакет. Аузындағы сөзді біреу тартып әкелетердей асығып-аптығып сөйлейді.

– Мен қазір мұның біреуін-ақ жеймін. Онда да төрелкеге салып, ерітіп... қалғанын тоңазытқышқа саламын, – деді ол асып-тасып сөйлеп келе жатып. – Ертең таңертең тағы біреуін... күн әбден ысыған кезде тағы біреуін... сосын арғы күні... – дей беріп, бала тоқтап, Есмағамбеттің түріне қарады.

– Арғы күні пойызға мінеді екенбіз ғой.

– Иә, сол күні Алматыға кетеміз ғой, – деді Есмағамбет те күндізгі айтқан уәдесі есіне түсіп. – Сонда сен балмұздақтардың қалғанын қайтпексің? Атаң мен әжеңе беріп кетесің бе?





– Жоқ, олар балмұздақ жемейді ғой. Бұл жерде кәрі кісілер балмұздақты қолына ұстамайды да. Сондықтан мен қалған балмұздақтарды Сағынай деген досыма беріп кетемін. Өрі көрші, бір үйден кейін тұратын... Оның балмұздақ сатып алып беретін аталары да жоқ. Тіпті мен оған Алматыдан келген атам сатып әперді деп, қазір-ақ біреуін берсем болады.

7

Дәл осы сәтте Сержан шын бақытты еді. Ол асып-тасып сөйлеп келе жатып та, аяқтарын кейде билеп басып, кейде өз-өзінен секіріп, секектеп үнемі алда келе жатты. Баланың көңіл күйіне орай, Есмағамбет те көңілді еді. Бір жағынан сәбиді осынша қуандырғанына іштей риза. Осы көңіл күйінің әсері болар, бір кезде атақты мақтаншақтардай:

– Әй, Сержан, осы сен оңашада шыныңды айтшы. Қай атаңды жақсы көресің? – деп еді.

Бала ойланған жоқ. Тіпті Есмағамбет атасының осы сұрақты түбінде бір қоятынын біліп, әзірленген жанша:

– Ең жақсы көретінім Есмағамбет атам... Сосын Аязбай атам, ең соңында Балмағамбет атам, – деді саңқылдай сөйлеп. Есмағам-





беттің қатты күлгені соншалық, осы сәтте жандарынан өтіп бара жатқан екі әйел бұларға бұрылып қарады да. Күлкісін тыя беріп, тағы да:

– Мені бірінші орынға шығарғаның мақұл-ақ шығар... Балмағамбет атаңды соңына тіркегенің қалай? – деп еді, Сержан енжар ғана:

– Е, өзі де... кейде балмұздақ алып жейтін теңге берші десем... бермейді, «теңгем жоқ!» деп, менің мамам оған уыстап теңге бергенін көрдім ғой, – деді.

Есмағамбет тағы күлді. Араларындағы әңгіменің көңілді болғаны сондай, күлкі легі үйге жеткенше үзілген жоқ.

## 8

Кешкі шай кезінде Сержан Есмағамбеттің жанында болды. Кейде құшақтады. Мойнына асылды. Мұның тікірейген мұрттарына бетін басып, ішек-сілесі қатып күлді.

– Атаңның мазасын алма. Баламыз тентек екен деп кетеді ғой, – деп Мейіркүл тоқтау айтқан болып еді, үйренісіп алған бала әжесінің айтқанын құлағына да ілген жоқ. Тіпті Есмағамбеттің иығына асылып тұрып, түнде сенің жаныңа жатамын дегенді де ескертіп қойды. Бірақ сөйтіп жүріп өзі дастарқан жиналып болмастан-ақ, тырайып ұйықтап қалды да, ол ұйықтап қалған соң, күндізгі уәдесі есіне түсіп, Есмағамбет:

– Өзін Алматыға ала кетсем қайтер еді? – деп еді, ағасы мен жеңгесі қабаттасып өре түрегелді.

– Оны қайтесің, бейнет қылып, – деді Балмағамбет.

– Барған соң оны Күміскүл сіздің үйден алып кетуі керек. «Мамама барамын» деп өзі де қылқылдап бітер. Сонан соң да қыз жұмысын істемей ме, әлде мұны баға ма? – деді Мейіркүл өзінше күңкілдеп.

Бұл әңгіме одан әріге созылған жоқ. Пойызда шала ұйқылау болып, оның үстіне күндізгі ырду-дырдудан шаршаған Есмағамбеттің өзі енді жату қамына ыңғайланған еді.

Ертеңгілікте ол кеш оянып, жуынып болған соң, бірауық жеміс ағаштарының арасында серуендеген. Ауа мөп-мөлдір. Бұл жердің ауасы Алматынікіндей емес, жеңіл. Оның үстіне терістіктен аздаған леп соғып тұр екен, сол леп біржола бойын сергітіп жіберген Есмағамбет күндегі әдетімен қол-аяқтарын қимылға



келтіріп, өзінше шынығып жүріп, кенет тағы да Сержанның әдемі үнін естігені.

– Мома-аа... момаа...  
Сенсің ғой ең данааа...  
Мома-аа... мо-ма-аа...

Дауысы сондайлық ерке, тап бір мамасының алдында еркелеп шолжаңдап отырған ерке-тотай бала секілді.

Есмағамбет бұл әнді бұрын да көп еститін. Бірақ баланың айтуында сондайлық әсем естілетіндігін аңдауы осы жолы еді. Сондықтан ол баланың әлгі әуенді қайталап айтуын да ықыласпен тыңдап тұрып: «Өзі қайда отыр?» – деп мойнын созып, жан-жағына қарап еді, көрінбеді. Сөйтсе, бала бұтақтары жан-жағына тарбиып өскен өрік ағашының түбінде тағы да ойыншық күрегімен ойыншық шелегіне топырақ салып, ойнап отыр екен де, тарбиған өрік ағашының діңі мен айнала селдіреген жоңышқа сабақтары оны жасырып бағышты.

...Екеуі таңертеңгі шай үстінде тағы да қатар отырды.

Сержан туралған нандарды Есмағамбеттің алдына жақындатып қояды. Шай құйылған кесесін Есмағамбетке алып береді. Оның кесесі босаған сәтте қайтадан әжесіне қарай ұзатады.

Шайдан соң жеңіл машина келіп, енді Есмағамбет киінуге ішкі бөлмеге кірген. Ере кірген ол осы оңашалықты да пайдаланып:

– Қашан келесің? – деді оны жіберуге қимағандай сезіммен әрі Есмағамбеттің әр тұста ілінген көйлегін, костюмін алып беріп тұрып.

– Амандық болса, ертең таңертең...

– Сосын-н?

– Сосын осында боламын...

– Сосын-н?

– Сосын жолға шығу керек.

– Сосын?

– Сен өзің «Сосын, сосын» дей береді екенсің.

– Сенен үйрендім ғой, – деді бала еркелей күліп тұрып та, Есмағамбетке кеше болған әңгімелерді есіне салғандай. Сержанға керегі «Екеуіміз пойызға шығамыз. Алматыға бірге кетеміз» деген сөздің тағы да қайталануы екенін Есмағамбет білмей тұрған жоқ-ты. Атасы мен әжесінің келісімі болмаған соң, бұл жолы айта



алмай тілін тістеп қалған. Болмаса ол сөз алдымен-ақ көмейіне келуін келіп тұрды ғой. Ойындағы сөзі айтылмағандықтан болар, еркелеп, күлуін күлгенмен, баланың көздері кешегідей ұшқын шашып, жүзі де бал-бұл жана қойған жоқ-ты. Керісінше, өңіне бір кірбің, көздеріне де мұң ұялағандай еді.

Соның бәрін Есмағамбет байқаса да, байқамағандай болып сыртқа шықты. Сержан да ілесіп келеді. Бірақ бала осы қалпындағы әншейіндегі көпсөзділігінен де оқыс арылып, томаға-тұйық күйге енгендей. Есмағамбет жеңіл машинаға мінер сәтте ғана ол аз уақыт атасының аяғына оратылған болып, белінен құшақтады. Баланың бұл айласы да «Мен туралы қайта ойлан. Уәденді ұмытпа» деген сияқты еді.

## 9

Жуынып алған соң, Есмағамбет, расында да, кішкене сергіді де, өзін пойызға шығарып салуға әрі қоштасып қалуға келген екі-үш іні-достарымен де, күндікке қабағын ашпай қойған кірбіңнен арылып, жадырап отырып сөйлесті. Көп ұзамай жеңгесінің үйге сексеуілдің шоғына қайнап, қожылдаған самауырыны да кірді.

Шай үстінде әңгімелері тіпті қызды. Бұл кездері бала Есмағамбеттің жанына жақындай алмай сыртта жүргенімен, күндегідей өзінше ойнап ұзап та кеткен жоқ. Шай ішіліп біткен шақта қоштасып қалуға тағы бірер дос-туыстары келді де, Есмағамбет олармен сыртта, жүзімдіктің көлеңкесінде отырып сөйлескенді. Осы кезде ғана Сержан оған жақындауға өзгер мүмкіндік алғандай болып:

- Енді Алматыға кетесің бе? – деді еркелегендей үнмен.
- Кетпей-ақ қояйын ба?
- Өзің біл.

Бала «Одан өзге не айтасың?» дегендей Есмағамбеттің бетіне барлай қарап тұр. Мөлдіреген қап-қара көздері әлі де үміттен құралақан емес сияқты. Бірақ іні-достарымен болып отырған әңгімесін үзіп, баламен болып кетуге де ыңғайсызданған Есмағамбеттің құлықсыздығын аңдаған соң-ақ бала да көп аялдамай, бұлаң етіп теріс айналып кетті.

...Қолжуғыш маңына енді бара бергенде, тағы да Есмағамбеттің жанына Сержан үйіріле кеткені.





– Сен бұл жолы мені Алматыға алып кетпей-ақ қой, – деді бала мұндайда құшақтай кетіп немесе қолынан ұстай қоятын әдетін де жасамай, томсырайып тұрып.

– Неге? А-аа? – деп қолын жуып жатқан Есмағамбет балаға берген уәдесі енді есіне түскендей сасқалақтап қалған.

– Кейін барасың ба? Тағы бір келгенімде...

Бала жауап берген жоқ. Ол тіпті мұның жүзіне де тура қарамай, көздерін әлдеқайда алып-қашып тұрды.



**Диалог** – әдеби шығармада екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі.



: 3-тапсырма. Шығармашылық жұмыс.

А) Әңгіменің бөлімдеріне ат қойып, баяндалатын оқиғаға өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Ә) Шығарма кейіпкерлері туралы дәптерлеріңе мінездеме жазыңдар. Мінездемені әңгімеден үзінді келтіре отырып, дәлелдендер.

Кейіпкер	Мінездеме	Әңгімеден үзінді
Есмағамбет		
Сержан		



4-тапсырма. Берілген үзінділерде кейіпкердің қандай көңіл күйі білінеді? (Қобалжу мен қуануы, баланың сағынышы, ішкі сырын ақтаруы, бар ықыласымен қызмет етуі және жақсы көруі).

Әңгімеден үзінді	Кейіпкер көңіл күйі	Менің ойымша...
Баланың қуаныштан есі шығып, екі беті ерте піскен алмадай алабұртып тұрды.		



Сержан туралған нандарды Есмағамбеттің алдына жақындатып қояды. Шай құйылған кесесін Есмағамбетке алып береді. Оның кесесі босаған сәтте қайтадан әжесіне қарай ұзатады.

– Ең жақсы көретінім Есмағамбет атам... Сосын Аязбай атам, ең соңында Балмағамбет атам, – деді саңқылдай сөйлеп.

Мамасы пен папасы жайлы баланың шабыттанып айтқаны сондай, осы қалпында пойызға қазір мініп кетердей, тіпті пойызды күтпестен-ақ құс болып ұшып кетердей алып-ұшқан екпін бар еді. Ол-ол ма, сәлден соң Сержанның көздерінде үлкендігі бұршақтай жас тамшыларының пайда болғанын қайтерсің.



**5-тапсырма.** Өңгімеден *теңеу, эпитет, метафораларды* теріп жазыңдар. Шығарманың көркемдігін арттыру үшін берілген көріктеу құралдарының ролін айтып беріңдер.



**: 6-тапсырма.** Сержанның анасын сағынғанын, оны көргісі келетінін, анасын жақсы көретінін қандай сөздерінен байқауға болады? Есмағамбет пен Сержанның диалогтерін мән бере оқыңдар.



**: Мәтінді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.**

**1-мәтін. Уақыт мөлшері: 15 минут.**

1) Тыңдаған мәтін бойынша Есмағамбет пен Сержанның бастапқы диалогтерін берілген бағандардағы әріптерге сандар ретін сәйкестендіріп, дәптерлеріңе жазыңдар.



- а	
- ө	- 1
- б	
- в	
- г	
- ғ	
- д	

2) Тыңдаған шығарма желісі бойынша Сержан мен Есмағамбеттің суретін салыңдар.



: **7-тапсырма.** Шығармада автор әңгімесін нешінші жақта баяндайды? Автор бейнесіне назар аударыңдар. Автордың көңіл күйі қандай сөздер арқылы беріледі?



: **8-тапсырма.** Әңгіме кейіпкерлерінің бірін таңдап алып, хат жазыңдар.



: **9-тапсырма.** Өз отбасының бір мүшесіне арнап шағын өлең немесе әңгіме құрастырыңдар. Автор ретінде баяндаудың қандай түрін таңдап алар едіңдер? Не себепті?



: – Балалар, отбасы, туыстық қарым-қатынас тақырыбын жалғастыра отырып, белгілі балалар жазушысы Нүрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» деген әңгімесімен танысамыз.



: – Иә, Нұрасыл, «әже» деген сөз құлаққа жылы естіледі. Менің де әжем бар. Ол кісі – үйдің үлкені. Әкем мен анам әжемді ерекше сыйлайды. Әжем – өте мейірімді, ақылды жан. Сондықтан бүгінгі әңгіменің тақырыбы маған ұнап тұр.



: – Балалар, жазушы не себепті әңгімені «Нағыз әже қайда?» деп атаған? Осыған мән бере отырып, әңгімені толық оқып шығыңдар.





**НҮРДӘУЛЕТ АҚЫШ****(1950 жылы туған)**

Жазушы 1950 жылы 15 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Маңырақ ауылында дүниеге келген. Қазіргі Абай атындағы университеттің Филология факультетін 1973 жылы бітірген. Республикалық «Мектеп», «Жалын», «Балауса» баспаларында, «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Қазақстан мұғалімі», «Халық кеңесі», «Заң газеті», «Дат» газет-журнал редакцияларында, Б. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында қызмет атқарған.



Көптеген балаларға арналған туындылардың авторы. Жазушының «Әбдіреден шыққан қылыш», «Киелі көлдің қарақшылары», «Бейуақта жанған от», «Жұмбақ іздер», «Үндемейтін ұл», «Қиырдан келген көгершін», «Таң алдындағы дабыл» және тағы да басқа шығармалары жарық көрген.



: – Нұрдәулет Ақыштың өмірі мен шығармашылығына байланысты деректерді толықтырыңдар. Жазушының балаларға арналған тағы қандай кітаптары бар?

**Нағыз әже қайда?***(Өңгімеден үзінді)***1**

Айналдырған екі бөлмені астан-кестен етіп мазаны ала бастаған кезде: «Келіңдер, ертегі айтып берейін», – деп жалынып-жалбарынып жүріп, үй ішінен безіп кеткен тыныштықты өрең қайырып алушы едім. Құрғақ ақылды құлақтарына қыстырмай, ойнақ салатын қос тентек «ертегі» деген кезде еріксіз жуасып, айтқанға оңай көнеді. Осылай алдап-сулаймын деп жүріп, бұл екеуін ертегі тыңдауға дәндетіп алған – менің өзім. Енді, міне, қымс етсе болғаны: «Папа, бізге ертегі айтып берші. Біз бұрын естімеген қызық



ертегі», – деп ай-шайға қарамастан, тақымдап келіп отырғаны. Тіпті кейде мезгілсіз уақытта құмарта қалатындары бар.

Менің оларға айтатыным, көбінесе: «Ер Төстік», «Құйыршық», «Түлкі мен тазы» сияқты киіз туырлықты көшпелі елдің баласының құлағына сіңісті халық ертегілері. Перзентханада өмірге келіп, балабақшада өсіп-өніп жатқан бүгінгі заманның сәбиі үшін қызық та тосын дүниелер,

– Папа, тағы да. Балабақшада бізге мұндай ертегілер айтпайды, – дейді Ая.

– Біздің төтей бұл ертегілерді білмейтін шығар, – дейді кішісі Райхан табан астында өзінше жорамал жасап.

– Тәтелерің сендерге қандай ертегі айтады сонда?

– «Айболит», «Қызыл телпек»... сонан кейін әлгі не бар ғой?

Кір-қожалақ бала туралы бар ғой.

– «Кірқоймас» деген ертегі ме?

– Иә. Папа, сен мұның бәрін қайдан білесің?

Үні жасына лайық нәзік болғанымен, Аяның сөйлеу мәнерінде орнықтылық байқалады. «Райхан сенен екі жас кіші. Оны жылатпай, қайта өзің көмектесе жүр», – деп шешесі екеуіміз құлағына құя бергендіктен де болар, Ая сіңлісінің қасында кейде өзін үлкен кісідей ұстауға тырысатын.

– Жоқ, Аятай... Мен сендер секілді балалар бақшасында өскен жоқпын, мені тәрбиелеп, бағып-қаққан ауылдағы кәрі әжем болатын. Жаңағы қызық ертегілерді де мен сол кісіден естігенмін.

– Әже деген кім?

Бұл – ойына келгенді төтесінен қойып қалып, қарап отыратын Райханның сұрағы. Үстірттеу ұққан кісіге сорақылау көрінгенімен, кішкентайдың бұлайша сауал беруінің өз мәнісі бар.

Бұл екеуі – тек әженің ғана емес, жалпы қарт адамның меірім-шапағатын сезінбей, балабақшаның бағымында, папасы мен мамасының қасында өсіп келе жатқан балалар.

## 2

Осы күннен бастап кішкентайлар: «Бізге енді «әже» деген кісіні көрсет», – деп қыңқылдауды шығарды. Қылбұрауды мойынға салып, алды-артқа қаратпай, алдына салып дедектетіп айдап әкететін күйкі тірліктен сәл азаттық ала қалсам, алдымен көлденеңдей беретін сәбилердің осы бір жазықсыз тілегі болды.



Жан-жағымызды байқап көрсек, біз араласып жүрген таныстардың арасында ондай ешкім жоқ екен. Бір жолдасымыздың шешесі зейнет жасына жетпепті, былайша айтқанда «әже» атануына әлі ертерек. Тағы бір таныстың үйіндегі қария ауру-сырқаулы болған соң, «әже» осы деп дабырайтып айтуға олқысындым. Мақсатым – қыздарыма өз әжем сияқты нағыз қазақи кейіптегі кейуананы көрсету еді. Ондағы ойым – әже деген жарықтықтың анау-мынау қарапайым адам емес, былайғы жұрттан өзгеше, ардақты да қасиетті жан екенін сәбилер шын көңілмен сезінсін, оларды не үшін құрметтеу керегін түсіне білсін деген ниет.

Бір-екі рет басына жаулық салған, мәсілі қариялар көшеде де ұшырасты. «Әже деген, міне, осындай болады», – деп жол-жөнекей асығыс көрсеткеніме, екі қыздың көңілі көнши қойған жоқ. Олардың ұғымындағы әже бейнесі, менің сипаттауым бойынша, әлдеқайда биігірек болатын. «Әже – сендер сияқты балалардың папалары мен мамаларын өсірген кісі, – дейтінмін өзімнің олақтау тіліммен. – Өзі мейірімді де ақылды адам. Ешкімге ешқашан ұрыспайды, ұрса қалса, орнымен, теріс қылығыңа өзің ұялатындай етіп ұрсады. Үні де, қолы да, көзқарасы да жұмсақ, жұрттың бәрімен: «Қарағым, айналайын», – деп жылы сөйлесетін иманжүзді қария. Өзі ылғи шаруа істеп, күйбендейді де жүреді. Тіпті ештеңе істемеген күннің өзінде ұршық иіріп отырады...» «Ұршық деген немене?» – дейді Ая сөзімді бөліп. Менің әңгімемде сәбилер түсіне бермейтін жайлар көп. Мен сонда да сөзімді әрі қарай жалғастыра түсіп, әжейдің үстіне қамзол, басына кимешек, шылауыш киетінін айттым. Баланың ойын дағдартқан кезекті сұрақ тағы туады. Қысқасы, не керек, менің суреттеуімдегі «әже» деген – жер-көкте жоқ бір керемет адам. Аузын ашып тыңдаған екі кішкентай, әже туралы бар білгенімді сұрақпен суыртпақтай отырып, сарқа тыңдайды. «Шіркін, бізде де бір әже болса ғой», – деген құрғақ қиялға тізгін бере бастайтын болған. Ең құрығанда, сондай әйбат кісімен бетпе-бет кездесіп, қызықтаудың өзі бұлар үшін төп-тәуір арман.

### 3

Бір күні зайыбым: «Азат, әлгі Жолдастың Ажары оқуға түсіпті. Конкурстан алдыңғылардың бірі болып өткен көрінеді. Соның қуанышына осы сенбіге бәрімізді шақырып отыр», – деді





желпілдей сөйлеп. Бұндай жиындарға барып, төбе көрсетуге үнемі құлқымның бола бермейтіні рас. Тіршіліктің бәрін жиыстырып қойып, ғылыми еңбегімді бітіру үшін жанталасып жүргенім мынау. Шынын айтқанда, соңғы кезде ертегі айтуды қойып, бала тәрбиесі де жайына қалып барады. Жиын атаулының дәл қазір өзім үшін мүлде тиімсіз екені, одан пайда емес, уақытымды шығындап, тек зиян табатыным бесенеден белгілі. Әйтсе де жақын адамның тұңғышы оқуға түсіп жатса, ондай қуанышқа ортақтаспау адамгершілікке жата ма?

– Кейін құтты болсын айтып кіріп шықсақ та, ештеңе ете қоймас еді, – деді ол. – Бірақ осы жолы бармасақ, болмайын деп тұр.

– Е, неге?

– Елден Жолдастың шешесі келіпті.

– Келсе қайтеді екен? Баласының танымайтын жолдасы келіп, сәлем бермеді деп ренжімейтін шығар ол кісі.

– Азеке, жұмыс-жұмыс деп жүріп, кішкентайларыңды да ұмыта бастағаның ба? «Нағыз әжені көрсетем» дегенің қайда?

Сонда ғана барып, есіме сарт ете түскені. Бұл жолы шақырылған жерге желп етіп жетіп бара салмай, кәдімгідей мән беріп дайындалдық.

#### 4

Есіктен кірісімен, кідірмей іздегенім – елден келген шешей. «Жаңылыспай, дәл танитын шығармын», – деп ойласам да, көзімді тиянақтата алмай, сәл-пәл іркіліп қалғаным. Дастарқан басына келіп жайғасқаннан кейін ғана байқадым ол кісіні. Өзінің сырт нұсқасы мен білетін ауыл әжелеріне онша келіп тұрған жоқ. Иығына көгілдір жемпір іліп, басына жаздық гүлді орамал салған егде кісіні ала шұбар топтың ішінен бірден ажырата алмауым онша әбестік бола қоймаса керек. Ауылдан келген шешей зиялы қауымның ортасына сіңісіп еркін отырсын деп, келін-баласы әдейі осылай киіндірген болар.

#### 5

Шешеймен бір-екі ауыз сөз алмасып, бойы үйрене бастаған Райханның:

– Әже, осы сіз шын әжесіз бе? – дегені қарап отырмай.



– Өзі не деген сүйкімді бала, бәрін біліп тақылдап отыр. («Тіфә, жерге түкіріңіз», – дей жаздап, ернімді қымқыра қойдым). «Әже» дейді мені. Жас келіп, балалар өсіп жатқан соң, қайтіп әже бол-массың. Уақыт өзі соған әкеледі екен ғой.

– Әже, әже болсаңыз, онда бізге ертегі айтып беріңізші, – деді сөздің ретін бағып үндемей отырған Ая сабырлы қалпын сақтаған күйі. Жолдастың жұбайының саңқылдаған өктем үні тағы естілді:

– Әй, мына Азаттың қыздары мүлдем басынайын деді ғой, ей! Біздің бабушка сендерге немене, ойыншық па еді сонша. Жоқ, бұрынғының ертегіші кемпірі ғой деп не едіңдер, өтірік-шынды қиыстырып соға беретін. Кісінің мазасын алмай, ойнаңдар ана балалармен.

...Тамақ ішіліп болып, ыдыс-аяқ жиналуға айналған кезде:

– Әсия, сәл кідіре тұр, апамыз ас қайырсын алдымен, – дедім үлкен кісі отырған жердегі дастарқан салты есіме түсіп. Аяқ-астынан шыққан тосын ұсыныс әркімге әрқалай әсер етті. Құптаушы бір-екеу табылғанымен, негізгі көпшілік: «Мынау не деп отыр өзі» дегендей, маған үдірейе қарап қалыпты.

– Азат, сені де естияр жігіт деп жүрсем, бүйректен сирақ шығарып не айтып кеттің тағы? – деді Жолдас та.



– Қазақтың үлкен асы – ет. Асты аяқасты етпейік. Апа, қарамаңыз жұрттың сөзіне. Жолдас балаңыз болса, біз де жат емеспіз, – дедім... Бүкіл отырыстың бойында суырылып жұртты аузыма қаратқаным осы шығар. Пікір қақтығысына төрелік айтқан тағы да Жолдас:

– Жағдай мынадай, жолдастар. Біздің бабушка бата қайыру дегенді білмейді. Намаз оқымайтын современный кісіден бата сұраған сендер де қызықсыңдар.

Дастарқан басында ұшқын тиген қу шеңгелдей ду ете қалған қалың күлкі шалқып кетті.

– Обшым, апа, қонақтардың көңілін қайтармаңыз. Құран сөзін білмесеңіз де, батаңызды айтып, ниетіңізді Құдайға «направит» ете салсаңыз болды, – деп Жолдас алақанын жайып, орнынан тұра берді.

## 6

Қайтар жолда көлікті ұзақ тостық. Әншейінде сартылдап жүріп тұратын трамвай сенбінің кешіне қарай сирексіп қалыпты. Райхан мен шешесі тым көңілді, қонақтан алған әсерлерін жарыса бөлісіп, сөзден дес берер емес. Біреуден ұрыс естіген адамдай болып, тымырайып үнсіз тұрған Ая екеуіміз. Бір-екі рет өзара жасқана қарағанымыз болмаса, бір-бірімізбен жарытып сөйлескеніміз де жоқ. Екеуімізді мазалаған ойдың ортақтығын содан-ақ сездім. Жанымды қинаған жайсыз сезімді ашып айта алмай, қуыстанатын секілдімін. «Сәбидің алдында өтірікші болдым-ау» деген өкініш те бір сәт өзегімді жалап өтеді. Қызымның тұнжырау себебін сезіп тұрсам да, ой түкпірін анық тани алмай, дағдардым. Төмен салған ұзын кірпіктері жанарын жасырып, көлегейлей береді. Сәл шытынаған қабағы мен салбыраңқы ұрты ғана қазіргі көңіл күйінің хабаршысы.

– Папа, Аликтің әйбат кітабы көп екен. Бірақ бізге көрсеткен жоқ. «Жыртып тастайсыңдар, сосын мұғалім ұрсады» деп бермей қойды.

Мамасы сөзін жүре тыңдап, өзінше сөйлеп кеткен соң, Райхан енді маған бұрылған. Сол-ақ екен, Балқыз да баласының сөзін өз ойымен ұштастырып ала қойды.

– Оқушы баланың кітабын қайтесің? Онан да іздеп келген әжеңді көргеніңді айтсаңшы. Жақсы әже емес пе, ә? Өне, жақсы кісіні бала да біледі. Неғып үндемей тұрсың, Азат? Мода мен





эстрада туралы айтқанын естідің бе... Соның кейбірін қалада тұрған мен білмеймін. Өзі сендерге қандай ертегі айтты, ә, Аятай?

Әпкесі үшін жауап берген тағы да Райхан:

– Жоқ, айтпады. Ол кісі ертегі білмейді екен.

– «Білмейді» дейді? Қой, білмегені қалай? – деп Балқыз сұраулы көзін маған қадай берген еді, қарап тұрмай Райхан тағы киіп кетті:

– Папа, айтшы. Ол өзі әже емес қой деймін, ә?

– «Әже емесің» не, қызым-ау. Енді кім екен, ә? Қой, олай деп айтпа, ұят болады.

– Жоқ, папа. Ол – әже емес. Ол – жай ғана бабушка. Өйткені бәрі «бабушка» деді ғой. Мен білем, әже деген ондай болмайды. Өзің айтқансың.

Трамвайдан түсіп, үйге келе жатқанда кенеттен Аяның:

– Папа, шынында да, ол әже емес шығар? – дегені, әлденеден көңілі қалған адамдай, басыңқы жуас дауыспен. – Айтшы, папа. Ол шын әже емес қой, ә?

Мен «әже» деген жанның жасы келген үлкен кісі екенін айтып, бірдемені әлсіздеу түсіндірген болып едім, онша нанымды шыққан жоқ. Жауабыма Аяның қанағаттанбай қалғаны анық еді.

– Папа, сен бізге бәрібір нағыз әжені көрсетесің ғой. Айтшы, көрсетесің бе? – деді сосын ол жаңағыдан гөрі жадыраңқырап. Аялы жанарларында тұтанған үміт ұшқынын жасырмай, сәбилік сеніммен бетіме тура қарайды.

Мен уәде еттім. Бірақ оны қалай орындайтыным туралы сол сәтте ойланған жоқ едім.



**Шылауыш** – кимешек үстінен байланатын, үлкен ақ шаршы орамал, жаулық.

Көркемдік әдіске байланысты образдың екі түрі болады. Олар: реалистік образ, романтикалық образ. **Романтикалық образ** – өмірдегі болған немесе бар деректен гөрі өмірде әзірше жоқ, бірақ болатын дерекке негізделеді. Қазақ әдебиетіндегі романтикалық образдың ежелгі түрі ертегілер мен аңыздарда, батырлық жырларда кездеседі. **Реалистік образ** – атынан белгілі, шындыққа негізделген кейіпкерлер. Олар арқылы шығармадан өмірдің ащы-тұщысын, шындығын көре аламыз.



**Ғалым пікірі**

**Зейнолла Қабдолов:**

*«Реалистік образ – нанымды образ: оның мінез-құлқы, іс-әрекеті, оны қоршаған орта, оның ба-сынан өтетін оқиға... бәрі өлшеулі, бәрі мөлшерлі. Өйткені суреткер шыншыл образ жасау үстінде өзін шындық шеңберінен шығармайды, өзін-өзі меңгеріп, қажетті жерде ылғи іркіп отырады».*



**: 1-тапсырма.** Өңгімеде автор бейнесі нешінші жақтан сөйлейді? Автор баяндаушы ма, әлде өңгімелеуші ме? Автор бейнесін қандай белгілеріне қарап анықтадыңдар?



**: 2-тапсырма.** Өңгіме мазмұнына байланысты кестені дәптерлеріңе толтырыңдар. Өңгіменің бөлімдеріне өздерің қалаған атауды қойыңдар.

Композициялық элементтер	Мазмұндық жоспары	Мәтіннен үзінді
Басталуы		
Дамуы		
Шиеленісуі		
Шарықтау шегі		
Шешімі		



**: 3-тапсырма.** Өңгіменің тақырыбы мен жазушы идеясын анықтаңдар. Не себепті жазушы өңгімені «Нағыз әже қайда?» деп атаған?

Өңгіменің тақырыбы	Идеясы	Өңгіме неге «Нағыз әже қайда?» деп аталған?





**4-тапсырма.** Көп нүктенің орнындағы сөздерді тауып, оқыңдар. (Әжем, ұршық, құрметтеу, аппақ кимешегі, мақаммен, кейуананы, ардақты, ірімшік, қаспелті).

Мақсатым – қыздарыма өз ... сияқты нағыз қазақи кейіп-тегі ... көрсету еді. Ондағы ойым – әже деген жарықтықтың анау-мынау қарапайым адам емес, былайғы жұрттан өзгеше, ... да ... жан екенін сәбилер шын көңілмен сезінсін, оларды не үшін ... керегін түсіне білсін деген ниет.

Сол түні өз ... түсіме кіріпті. Осыдан отыз жыл бұрынғы қалпы, басында ... бар екен деймін. Ескі ... ыңылдап ән айтып, ... иіріп отыр. Мен болсам әжемнің бүйіріне басымды тығып, еш алаңсыз ... жеп жатыр екенмін.



**5-тапсырма.** Ая мен Райханның түсінігі бойынша нағыз әже қандай болуы керек? Не себепті олар әжені көруді армандады? Берілген үш эпизодты салыстырып, өз ойларыңдағы әженің портретін құрастырыңдар.

«Өзі мейірімді де ақылды адам. Ешкімге ешқашан ұрыспайды, ұрса қалса, орнымен, теріс қылығыңа өзің ұялатындай етіп ұрсады. Үні де, қолы да, көзқарасы да жұмсақ, жұрттың бәрімен: «Қарағым, айналайын», – деп жылы сөйлесетін иманжүзді қария. Өзі ылғи шаруа істеп, күйбеңдейді де жүреді. Тіпті ештеңе істемеген күннің өзінде ұршық иіріп отырады...» «Ұршық деген немене?» – дейді Ая сөзімді бөліп. Менің әңгімемде сәбилер түсіне бермейтін жайлар көп. Мен сонда да сөзімді әрі қарай жалғастыра түсіп, әжейдің үстіне қамзол, басына кимешек, шылауыш киетінін айттым.

Есіктен кірісімен, кідірмей іздегенім – елден келген шешей. «Жаңылыспай, дәл танитын шығармын», – деп ойласам да, көзімді тиянақтата алмай, сәл-пәл іркіліп қалғаным. Дастарқан басына келіп жайғасқаннан кейін ғана байқадым ол кісіні. Өзінің сырт нұсқасы мен білетін





ауыл әжелеріне онша келіп тұрған жоқ. Иығына көгілдір жемпір іліп, басына жаздық гүлді орамал салған егде кісіні ала шұбар топтың ішінен бірден ажырата алмауым онша әбестік бола қоймаса керек. Ауылдан келген шешей зиялы қауымның ортасына сіңісіп еркін отырсын деп, келін-баласы әдейі осылай киіндірген болар.

Өпкесі үшін жауап берген тағы да Райхан:

– Жоқ, айтпады. Ол кісі ертегі білмейді екен.

– «Білмейді» дейді? Қой, білмегені қалай? – деп Балқыз сұраулы көзін маған қадай берген еді, қарап тұрмай Райхан тағы киіп кетті:

– Папа, айтшы. Ол өзі әже емес қой деймін, ә?

– «Әже емесің» не, қызым-ау. Енді кім екен, ә? Қой, олай деп айтпа, ұят болады.

– Жоқ, папа. Ол – әже емес. Ол – жай ғана бабушка. Өйткені бәрі «бабушка» деді ғой. Мен білем, әже деген ондай болмайды. Өзің айтқансың.



: **6-тапсырма.** Шығармадағы өздеріңе ұнаған екі кейіпкер туралы айтып беріңдер.



: **7-тапсырма.** Берілген кестені дәптерлеріңе сызып, толтырып жазыңдар.

Кейіпкер	Портреті	Жазушы мінездемесі	Менің ойым





: Мәтінді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 10 минут.

1) Мәтіннен естіген ертегілердің аттарын теріп, дәптерлеріңе жазыңдар.

2) Кейіпкерлер арасындағы диалогке назар аударып, Аяның ойын өз сөздеріңмен айтып беріңдер.



: 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 12 минут.

Мәтінді тыңдай отырып, баланың әжесінен күтетін іс-әрекеттері мен мінез-құлқына сипаттама беріңдер.

«Әже қандай болуы керек?»



: 3-мәтін. Уақыт мөлшері: 9 минут.

Шығармадағы әже және нағыз әже тақырыбында өз ойларыңды жазыңдар.



: 4-мәтін. Уақыт мөлшері: 3 минут.

Берілген өлең жолдарын тыңдай отырып, оның тақырыбы мен идеясын табыңдар.



: 5-мәтін. Уақыт мөлшері: 3 минут.

Тыңдаған өлең жолдарынан естеріңде қалған көріктеу құралдарын айтып беріңдер.



: 6-мәтін. Уақыт мөлшері: 3 минут.

«Сол кезде сықпа құрттарда, Қолтаңбаң барын білмеппін» деген жолдар арқылы өлеңдегі ақынның ойы мен негізгі идеясын тарқатып айтыңдар.





**8-тапсырма.** Әжеден интервью алу үшін сұрақтар дайындаңдар. Сұрақтардың мазмұнына байланысты «Асыл әже» деген тақырыпта эссе жазыңдар. Эсседе өздерің білетін әже мен өңгімедегі әжелердің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарға назар аударуды ұмытпаңдар.



**9-тапсырма.** Әже туралы өздеріңе ұнаған өлең жаттап келіңдер.

## ДЖЕК ЛОНДОН

(1876–1916)



Джек Лондон (Джон Гриффит) 1876 жылы Америка Құрама Штаттарының Сан-Франциско қаласында дүниеге келген. Жастайынан өгей әкесінің қолында тәрбиеленіп, зауыт, фабрика және электр станциялары сияқты жерлерде әртүрлі жұмыстар істеген.

17 жасынан бастап Джектің әдеби шығармалар жазуға қызығушылығы оянып, өзін шығармашылық әлемге бұрады. «Жапон жағалауындағы Тайфун» атты тұңғыш очеркі 1893 жылы «Сан-Франциско дауысы» атты газетте жарияланды. Осыдан кейін оның өңгімелері мен повестері, романдары жазылып, жарыққа шыға бастады. Джек Лондонның «Қасқырдың баласы» (1900), «Оның әкесінің Құдайы» (1902), «Аяздың балалары» (1902), «Қар қызы» (1903) романы, «Ақ азу» повесі (1906), «Темір өкше» (1912), «Айлы алқап» (1913), «Үлкен үйдің қожасы» (1913), т.б. шығармалары бар.

1926 жылы қазақтың аса көрнекті психолог жазушысы Жүсіпбек Аймауытов Джек Лондонның «Телегей теңіз, аттаным» шығармасын алғашқылардың бірі болып аударып, «Жаңа мектеп» журналының 4–5-сандарына жариялаған. Оның көптеген туындылары қазақ тіліне аударылған. Солардың бірі – «Мексика ұлы» атты өңгімесі.

Америкалық белгілі жазушы 1916 жылы Сан-Франциско қаласы маңындағы Глен-Эллен мекенінде дүниеден өтті.





## Мексика ұлы

(Үзінді)

Ривера рингке елеусіз көтерілді. Әр тұстан шашыраңқы сараң ғана соғылған алақандар көрермен қауымның оған деген сенімсіздігін айқын сездіргендей. Шындығында бұл қауым үшін Ривера бөрі аузына тасталған жетім лақпен пара-пар еді. Өйткені оның қазіргі қарсыласы атышулы азулы боксер Дэнни болатын.

Жас мексикандық өз бұрышына жайғасып, қарсыласын күтті. Әр минут жылдай созылып, баяу жылжиды. Дэнни өзін ұзақ күтуге мәжбүр етті. Тісқаққан жырындының бұл қағидасы темірқанат боксшының талайының-ақ сабырын сарқып, көңіліне қорқыныш ұялататын, жүйкесіне тиетін.

Ривера өзінің бұл айқаста қалай да жеңуі керек екенін бір сәт естен шығарған жоқ. Оны осы айқасқа итермелеген ұлы күштің сыры зал толы көрермендердің бірінің ойына да кіріп шықпайды. Дэнни Уорд ақша үшін, сол ақшаға негізделген жеңіл өмір үшін айқасып келеді. Ал Ривера өзінің не үшін, кімдер үшін екенін терең түсінеді. Оның көз алдына бір сәт туған елінің аянышты тұрмысы, жанары ыза-кекке толы бейнесі ап-айқын елестеп өтті.

...Дауыл толқытқан теңіз шуындай ду соғылған шапалақтар үнінен селт етіп, басын көтерген Ривера айналасында құрдай жорғалаған жаттықтырушылар мен секунданттарын ертіп, орталық алаңмен келе жатқан Дэнни Уордты көрді. Оны қолпаштап соғылған алақандар дауылы бес минут бойы дүрілдеп тұрды...

– Әй, Мексика жігіті, – деді ол езуіне мысқыл күлкі үйірген қалпы, ысылдай сыбырлап, – қазір сенің кеудеңнен жаныңды суырып аламын!

...Гонг қағылды да, айқас басталып кетті. Көрермендер бір серпіліп, алға ентелей қалысты. Шыдамсыздана шиыршық атып тұрған Дэнни екі аралықты бір-ақ аттап, Мексика баласын екі шайнап, бір жұту мақсатымен дүрсе қоя берді. Ол «ә» дегеннен-ақ Ривераға жұдырықты жаңбырдай жаудырып кеп жіберді.

Тәжірибелі де шебер боксшының түс-тұсынан төпелеген соққылары Ривераны жел айдаған қаңбақтай дөңгелетіп әкеп, керме арқанға жапсырды. Төреші боксшыларды ажыратып жіберді.



...Осыдан кейін ешкім күтпеген керемет оқиға болды. Жұдырықтар дауылы күрт тынды да, Ривера рингте жалғыз қалды. Дэнни, қаһарлы да даңқты Дэнни шалқасынан түсіпті. Ол теңселіп барып немесе тізерлей барып, жайлап жантая құламады, мұрттай ұшты. Оны Ривераның серпе ұрған сол қолы баудай түсірген екен.

Дэнни сәл есі кірген кезде барып қимылдады. Бокс жанкүйерлерінің мұндай нокаут кезінде құлатушыны қолпаштап дуылдасатыны бар ғой. Бұл жолы бәрі тілдерін жұтып қойғандай тым-тырыс. Олар істің бұлайша насырға шабатынын күтпеген еді. Зал секунд санаған төрешінің үнін іштен тына тыңдап отыр. Осы кезде масаттана сөйлеген Роберттің дауысы естілді.

– Ол екі қолымен бірдей ұра алады дегенім осы ғой сендерге...

– Мексикалықтың соққысы неткен күшті еді? – деп сыбырлады жаттықтырушыға Дэнни. Секунданты қара борша болып жанталаса терін сүртіп, желпіп жатты.

Екінші, үшінші раундтарда көзге ұратын сәттер болмады.

...Жетінші раундта Дэнни де қатты соқты. Ривера теңселіп барып, сәл құламай қалды. Есін жиғызбай Дэнни қайта ұрды. Ривера кермеден асып барып, репортерлердің ортасына түсті. Олар рингке қайта итермеледі. Ривера бір тізерлей отырып ауыр дем алуда... Керменің ар жағында бәсекелесі күтіп тұр. Төреші ара түсуді де немесе Дэнниді тежеуді де ойлаған жоқ. Елеуреген жұртта ес қалмады.

Біреу өңешін жырға айғайлады.

– Саудасын бітір, Дэнни!

Жүздеген дауыс ұлардай шулап, қостап кетті. Дэнни қолынан келгенін істеуге дайын тұр, бірақ төреші тоғыз емес, сегіз санағанда Ривера кенет кермеден аса секіріп барып, бәсекелесін құшақтай алды.

Ривера буынын бекем ұстады, басының буалдырланғаны да сейілгендей. Солай болуға тиіс қой! Мыналардың бәрі арамзалар емес пе? Тағы да көз алдына манағы суреттер елес беріп өтті. Шөлге тартылған теміржол, жандармдар мен америкалық кәсіпкерлер, түрмелер мен полиция қапастары, құдық жанындағы қаңғыбастар... мұның өзі винтовка емес пе?

Өзі – революция! Ол өзінің Мексикасы үшін соғысады!





...Раундтар арасындағы үзілістерде Ривераның секунданттарының қамқорлығы да шамалы болды. Оның ендіккен кеудесін желпуге де селқос, самарқау қимылдады. Он төртінші раундта ол Дэнниді тағы да ұрып құлатып, төреші секундтарды санап жатқанда ауыр қолдарын салбырата төмен түсіріп, сәл болса да тыныстап алуға тырысты. Қарсы бұрыштан күдікті сыбыр да құлағына шалынды. Оның дыбыс түйсігі аса сезімтал еді. Өңгіме үздік-создық естілді. Сыбыр шыққан бұрышқа жақындады.

– Солай болары сөзсіз. – Ол Майкл Келлидің дауысын естіді. Роберт мақұлдай бас изеді. – Дэннидің жеңуі тиіс... Мен көп ақша ұтқызамын... бала сені тыңдайды. Бір амалын жасау керек...

Осы сәттен кейін Ривераны еш нәрсе алаңдатпады. Дэнниді тағы ұрып құлатты. Буындарын босатып ендіге дем алып тұр. Роберт орнынан тұрды.

– Бітті, – деді ол. – Өзіңнің бұрышыңа тарт. – Ол жаттығу кезіндегідей бұйыра сөйледі. Ривера оған ызаға толы жанарымен жалт қарады да, еш нәрсе естімеген адамдай Дэннидің көтерілуін күтіп тұра берді. Келесі үзілісте Келли Ривераның бұрышына келді.





– Шайтан алғыр, мына қалжыңды доғар! Жеңіл, Ривера, болашағың үшін мені тыңда! Сені байлыққа кенелтемін... келесі жолы Дэнниді жеңуіңе мүмкіншілік жасаймын. Бүгін сен жеңілуге тиістісің!

Ривера көзқарасымен оны естігенін танытты, бірақ келісімге де, қарсылыққа да белгі бермеді.

– Неге үндемейсің? – деп ызғарлана сұрады Келли.

– Бәрібір ұтыласың, – деп отқа май құйды Спайдер Хонерти. – Төреші жеңісті саған бермейді. Одан да Келлидің ақылын ал, құла да тұрма!

Шың еткен гонг дауысы Ривераның ашуын онан сайын қоздырып жіберді. Жұрт еш нәрсені байыптар емес. Өзі де бір қауіпті сезгендей, бірақ оның қайдан келгенін білмеді. Дэнниге баяғы кеудемсоқтығы қайта оралғандай.

Ол дауыстап балағаттап алды да, Ривераға ұмтылды. Ривера шегіншектей берді. Рұқсат етілмеген әдіспен ұрдың деп жала жабылмас үшін кеудеден төмен көздемеуге бел буды. Бұл жеңіске жетер жарты мүмкіншілікті жоғалту болса да, оның алыстан соғып қана таза жеңіске жететініне көзі жетті.

Ривера соққы үстіне соққы алды. Жұдырық жаңбырша жауды, мейлі, тек кеуде түйістіріп жақын жібермесе болғаны. Дэннидің осы тегеуріні кезінде жұрт түгел аяғынан тік тұрды. Бәрінің көздері қарауытып, естері ауған. Ешкім ештеңе түсінбейді. Тек өздерінің сүйіктісінің мерейін көріп, бар дүниені ұмытқан.

– Айқастан қашпа! – деп аласұра айғайлайды олар Ривераға.

– Ашыл, күшік! Ашыл! Өлтір оны! Дэнни, сенің ісің ақ!

Бүкіл залда салқынқанды жалғыз Ривера ғана. Темпераментке келгенде Риверадан қызуқанды ешкім жоқ, бірақ ол тасқа ұрған теңіз толқынындай шапшыған мына тобырдың жалыны оған кешкі самалдың желпундей ғана әсер ететін алапат дауылдарда шынықты емес пе!

Он жетінші раундта Дэннидің ойлағаны іске асқандай болды. Оның ауыр соққысы Ривераны екі бүктеді. Қолдары сылқ түсіп, тәлтіректеп шегіне берді. Дэнни бақытты сәт туды деп есептеді. Бала қазір оның еркінде. Бірақ Ривера бұл айламен оны ашық қалдырып, жойқын күшпен иектің астынан ұрды. Дэнни мұрттай ұшты. Үш рет көтерілмек болды. Ривера да соққысын үш



рет қайталады. Төреші оның мұнысын ешқашан бұрыс деп айта алмайтын еді.

– Билл! Билл! – деп шыжбалақтады Келли төрешіге.

– Мен не істей аламын? – деп кейи жауап берді төреші. – Мен сылтаурататын еш нәрсе жоқ.

Төреші оның қолғапты қолын алып, ықылассыз жоғары көтерді. Ривераны құттықтаған ешкім болмады. Секунданттар орындық та қоймаған, өз бұрышына да жалғыз барды. Ол кермеге арқасын тіреп, кекті көзімен секунданттарға қарады, бара-бара жанары он мың жанкүйер отырған бүкіл залды шарасына сыйғызып алды. Тізелері дірілдеп, әбден қалжырағандықтан, талмаусырап кетті.



**Мінездеу** – жазушы шығарма кейіпкерінің сыртқы портретімен қатар ішкі мінез-құлқын, көңіл күйін, ой-сырын, дүниеге көзқарасын суреттейді.



: **1-тапсырма.** Берілген шығармадағы сюжеттің композициялық құрылымын жазыңдар.



: **2-тапсырма.** Ривераға көрермендер неге менсінбей қарады, себебі неде? Мәтіннен тауып оқып, оқиғаны әңгімелеп беріңдер.



: **3-тапсырма.** Мәтіннен Ривера мен Дэннидің ерекшеліктерін көрсететін жерлерді тауып, олардың портретін беріңдер.

Ривера	Дэнни





**4-тапсырма.** Джек Лондон шығармаларын жарыққа шыққан жылдарына сәйкес ретімен орналастырыңдар.

Жарық көрген жылы	Шығарма атауы
1900	«Айлы алқап»
1902	«Темір өкше»
1902	«Аяздың балалары»
1903	«Ақ азу»
1906	«Оның әкесінің Құдайы»
1912	«Қар қызы» романы
1913	«Қасқырдың баласы»



**5-тапсырма.** Берілген шығарма мәтінінен түсіндірме сөздер қатарын құраңдар. Мағынасын біліп, анықтама беріңдер.

- Ринг –
- Бокс –
- Нокаут –
- Репортер –
- Гонг –
- Секундант –
- Төреші –
- Раунд –



**: 6-тапсырма.** Шығарманың негізгі идеясы неде? Ривераның жеңіске құлшынуының басты мақсатына көзқарастарың қандай?



**: 7-тапсырма.** Шығармадан Роберттің, Келлидің іс-әрекеттерін тауып оқыңдар. Өмірдің мәні ақшада ма? Ривераның орнында сендер болсаңдар, қалай істер едіңдер?







: 8-тапсырма. Шығармашылық жұмыс.

А) «Бокстың шаршы алаңы – жеңіс пен әділдіктің айнасы» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

Ә) Бокс алаңында бірнеше дүркін жеңіске жеткен Г. Головкин және Қ. Ислам ағаларың туралы не білесіңдер? Білген ақпараттарың жайлы сыныпта пікір алмасыңдар.



: 9-тапсырма. Интернеттен қарап, ата-аналарыңның көмегімен төмендегі ақпаратқа сараптама жасаңдар. Себебін анықтап, сыныптас достарыңмен білгендеріңді бөлісіңдер.

2016 жылы 5 наурызда Қытайдың Шанхай қаласы маңында ережесіз жекпе-жек өтті. Қазақстандық спортшы, «Өлем файтерс» спорт клубының мүшесі Айбек Нұрсейіт пен Қытайдағы қазақ Ғабит Тұрғанбек финалға дейін барлық қарсыластарын жеңіп келген еді. Төреші екеуін жекпе-жекке шақырды. Олар бір-біріне жұдырық жұмсап, қол көтермеді. Бұлар тіпті таныс та емес еді. Осы оқиғаның себебін қалай түсіндіресіңдер?



: Мәтінді тыңдап, берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 9 минут.

1) Зал Ривераны қалай қарсы алды? Естігендеріңді есте сақтаңдар.

2) Дэнни Уорд Ривераға не деп тіл қатты?

3) Өзінің секунданттарымен, қошеметшілерімен келе жатқан боксшы Дэнни Уордтың суретін салыңдар.

4) Мәтінді баяндаңдар.



: 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 7 минут.

«Дэнниді соққыға жыққан Ривера». Ривераның іс-әрекетін өз түсінгендерің бойынша жазыңдар.





: 3-мәтін. Уақыт мөлшері: 7 минут.

Мәтін бойынша естіген оқиғаны суретпен немесе қарасөзбен қағаз бетіне түсіріңдер. Ривераның ішкі ойын монолог ретінде жазып шығыңдар.



: 4-мәтін. Уақыт мөлшері: 10 минут.

Мәтіндегі оқиға желісі бойынша қиындыққа мойымау туралы үш мақал-мәтел жазыңдар.





## СӨЗ СОҢЫ



: – Біз бір жыл бойы «Қазақ әдебиеті» оқулығын оқыдық.



: – Әдебиет әлемінің асыл сөз маржандарын білдік.



: – Ауыз әдебиеті жанрында ертегілер әлеміне бірге саяхаттап, батырлардың қаһарман ерліктерімен таныстық.



: – Жыраулар жырымен сусындап, ағартушы жазушылардың әңгімелерін оқыдық.



: – Әдеби жанрдың түрлерін меңгеріп, көркем шығармаға теориялық талдау жасауды үйрендік.



: – Асыл сөздің мәніне бойлап, сөз құдіретін тереңінен түсіну – адамзат баласын өзге тіршілік атаулыдан жоғары қоятын биік болмыс. Сөз қадірін білейік.

Халқымыздың асыл мұрасы – әдебиет әлемінде келесі жылы жолыққанша, достар!



: – «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы», – дегендей, алдағы жазғы демалыста кітап оқып, білім бұлағынан сусындауды ұмытпаңдар!



: – Жаңа оқу жылында кездескенше, Нұрасыл!



: – Рақмет, Ләйлә! Жазғы демалыс уақытың қызықты әрі білімге толы болсын!





## МАЗМҰНЫ

Сөз басы .....	4
----------------	---

### ТАЗА, МІНСІЗ АСЫЛ СӨЗ

Керқұла атты Кендебай .....	9
Қобыланды батыр .....	25
<b>Асанқайғы (Хасан) Сәбитұлы</b> .....	55
Асанқайғының жерге айтқан сыны .....	56

### ТӨРБИЕНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

Дулат Бабатайұлы .....	63
О, Ақтан жас, Ақтан жас... ..	64
<b>Ыбырай Алтынсарин</b> .....	69
Қыпшақ Сейітқұл .....	70
Атымтай жомарт .....	75
Дүние қалай етсең табылады? .....	76

### АДАМГЕРШЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ

<b>Ахмет Байтұрсынұлы</b> .....	84
Адамдық диқаншысы .....	85
Егіннің бастары .....	88
<b>Бердібек Соқпақбаев</b> .....	92
Менің атым Қожа ( <i>Хикаяттан үзінді</i> ) .....	92
<b>Марат Қабанбай</b> .....	109
Бауыр ( <i>Өңгімеден үзінді</i> ) .....	109

### ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

<b>Тынымбай Нұрмағамбетов</b> .....	123
Анасын сағынған бала ( <i>Өңгімеден үзінді</i> ) .....	124
<b>Нүрдәулет Ақыш</b> .....	137
Нағыз әже қайда? ( <i>Өңгімеден үзінді</i> ) .....	137
<b>Джек Лондон</b> .....	148
Мексика ұлы ( <i>Үзінді</i> ) .....	149
Сөз соңы .....	157



**О қ у б а с ы л ы м ы**

**Ақтанова Айман Советқызы  
Жундибаева Арай Қанапияқызы**

**ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ**

**Жалпы білім беретін мектептің  
5-сыныбына арналған оқулық**

**Редакторы *А. Хасенова***

**Суретшісі *Б. Ералиева***

**Көркемдеуші редакторы *М. Нұрбеков***

**Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева***

**Корректоры *Ү. Бахова***

**Компьютерде беттеген *Н. Развинавичене***

**ИБ № 025**

Теруге 15.01.2017 берілді. Басуға 07.06.2017 қол қойылды. Пішімі 70 × 100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Офсеттік қағаз. Мектептік әріп. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 13,0.  
Есептік баспа табағы 9,54. Таралымы 80 000 дана. Тапсырыс № 2505.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.